# ЖАҢА БЕЛЕСТІ БАҒЫНДЫРУ ЖОЛЫНДА

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП | 2023

KMF



# КОМПАНИЯ ПРОФИЛІ

«KMF (ҚМФ)» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС (KMF, Компания) – Қазақстанның микрокредит беру нарығында ұзақ жылдар бойы тұғырын бермей келе жатқан көшбасшы компания. Компания ауылдық жерлердегі кіші және шағын кәсіпкерлерді қаржыландыруға ерекше басымдық береді. Іргесі қаланған сәттен бастап негізінен ауылдық жерлерде 3,4 млн-нан астам қарыз бере отырып, KMF Қазақстан экономикасына 1,8 трлн теңгеден астам инвестиция салды.

KMF-тің Қазақстан Республикасының аумағында 17 филиал мен 109 бөлімшені қамтитын дамыған филиалдық желісі бар. Филиалдар Алматы, Астана, Ақтөбе, Жезқазған (Ұлытау), Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Семей, Талдықорған, Тараз, Түркістан, Өскемен, Орал және Шымкент қалаларында орналасқан.

KMF 1997 жылы USAID қолдауымен құрылды және бастапқыда «Қазақстанның қауымдарды кредиттеу қоры» деп аталды. 2015 жылдың 5 қазанында «KazMicroFinance» МҚҰ» ЖШС әділет органдарында қайта тіркеуден өтіп, «KMF (ҚМФ)» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС болып өзгерді. 2023 жылғы 6 қазанда Компанияға Қатысушылардың жалпы жиналысы компанияның ұйымдық-құқықтық құрылымын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен акционерлік қоғамға өзгерту туралы шешім қабылдады. Компанияны акционерлік қоғамға айналдыру бойынша қайта тіркеу рәсімі 2024 жылғы 30 мамырда аяқталды.

Компания әлеуметтік бағдарланған және клиентті қорғау қағидаттарына сәйкес әрекет ететін компания ретінде халықаралық деңгейде танылды, бұл оған халықаралық даму институттарымен жемісті ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік берді. Компания серіктестері – IFC, EBRD, OeEB, SIFEM, Proparco, ADB, EIB. Компания микроқаржыландыру саласында responsAbility, Triodos, Triple Jump, Incofin, DWM, BlueOrchard, Symbiotics, Frankfurt School сынды ірі халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатты.

Сонымен қатар Компанияның дамуына Қазақстанның қаржы ұйымдары – Altyn Bank, Халық Банк, ForteBank, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры да елеулі үлес қосты.



# НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР ДИНАМИКАСЫ

## Кредиттік портфель және нарықтағы үлесі, млрд теңге, кезең аяғындарегі




## Төлем мерзімі 90 күннен астам кешіктірілген қарыздар, млрд теңге, кезең аяғында




## Кредиттеу бағыттары бойынша кредиттік портфельдің құрылымы, кезең аяғында




## Тұрғылықты жері/ қызметті жүзеге асыруы бойынша бөліністегі клиенттік базаның құрылымы, кезең аяғында




## Белсенді клиент пен берілген кредит саны, мың, кезең аяғында




## Рентабельділік көрсеткіштерінің динамикасы



# ЕСЕПТІ ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

## ҚАҢТАР

- Қызылордада «Орда» бөлімшесі ашылды

## АҚПАН

- Бизнес-процестерді автоматтандыру және банкке трансформациялау жоспары шеңберінде Colvir Software Solutions IT-шешімдеріне көшуді бастады
- IFC кәсіпкерлерді қолдау үшін KMF-ке $20 млн кредит берді

## НАУРЫЗ

- «KMF-Qurmet» ниеттестік бағдарламасы іске қосылды
- Таразда «Ауыл береке» қосалқы кеңсесі ашылды
- KMF Еуропа Қайта құру және даму банкінен «Микробизнесті және ШОБ-ты қаржыландыру бойынша үздік қаржылық серіктес» номинациясы бойынша марапатқа ие болды
- KMF мен Proparco арасында $30 млн сомасына кредит келісімі жасалды

## СӘУІР

- Түркістан облысында «Терiскей» қосалқы кеңсесі ашылды
- Тараз қаласында «KMF-Демеу» қорымен бірлесіп агрофорум өткізілді

## МАМЫР

- EBRR KMF-ке әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландыруға және «жасыл» бастамаларды қолдауға $35 миллион доллар кредит берді
- KMF қазақстандық өндірушілердің «Ulttyq Onim 2023» ауқымды көрмесінің демеушісі болды
- Сарыағаш қаласы мен Шиелі ауылында агрофорумдар өткізілді

## ТАМЫЗ

- Fitch Ratings KMF эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін «B+» деңгейінде растады, болжам «Тұрақты»

## ҚАЗАН

- KMF және OLX бірлескен жобасы іске қосылды, оның шеңберінде маркетплейс клиенттері онлайн режимде микрокредит алу мүмкіндігіне ие болды
- Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау шеңберінде «KMF Isker hanymy 2023» жүлдесімен марапаттау рәсімі өтті

## ҚАРАША

- Американдық Accion қоры экожүйе өнімдерін дамыту үшін KMF-тің Өнімдер лабораториясына 100 мың доллар грант бөлді



**Шалқар Жүсіпов**

«KMF (ҚМФ)» Микроқаржылық ұйымы» АҚ Басқарма Төрағасы

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

**Құрметті клиенттер, серіктестер, инвесторлар және әріптестер!**

Назарларыңызға «KMF» Микроқаржылық ұйымының 2023 жылға арналған Жылдық есебін ұсынамын. Бизнестің ашықтығы мен айқындығы қағидаттарына сүйене отырып, жылдық есеп біздің қызметіміздің есепті жылдағы нәтижелерін барынша дәл көрсетеді.

Бұл есеп біздің микроқаржы ұйым ретіндегі қызметіміздің қорытындысын шығаратынын атап өткім келеді. Екінші деңгейлі банкке трансформация – компанияны одан әрі дамыту мақсатында қабылданған маңызды шешімдердің бірі. Бұл өзгеріс бізге жаңа мүмкіндіктердің кең ауқымын ашады деп санаймын. Біз өнімдер желісін кеңейтіп, клиенттерімізге қаржы қызметтерінің толық пакетін ұсына аламыз.

Осы өзгерістер қызметіміздің басында қабылдаған KMF стратегиясын жүзеге асыруға ықпал етеді. Атап айтқанда: ҚР-да кіші, шағын және орта бизнесті қолдау, агроөнеркәсіптік секторды дамыту және әйелдер кәсіпкерлігін қолдау. 27 жыл бойы біз стратегиямызға адал болдық және банкке айналу бізге осы бағыттағы қызметімізді одан әрі дамытуға көмектеседі деп есептейміз.

KMF 2023 жылдың қорытындысы бойынша сауда, қызмет көрсету, өндіріс және ауыл шаруашылығы мақсаттарына кредиттің 91%-н берді. Жалпы, біздің көрсеткіштерге тоқталсақ, KMF даму қарқынын бәсеңдетпегенін мақтанышпен атап өтемін. Біздің кредиттік портфель 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 21%-ға өсті, біз 367 мыңнан астам қарыз бердік, бұл ретте тәуекел портфелін 4,11% деңгейінде сақтап қалдық.

Fitch Ratings халықаралық компаниясы KMF-тің дефолт рейтингін «Тұрақты» болжамымен «B+» деңгейінде бағалауы әртараптандырылған және қысқа мерзімді кредиттік портфельді құру бойынша бүкіл компанияның жұмысына берілген баға болды. Сондай-ақ KMF ұлттық рейтингі «Тұрақты» болжамымен «BBB (kaz)» деңгейінде расталды.

Ішкі және халықаралық қаржыландыруға қол жеткізе алу біздің артықшылықтарымыздың бірі. 2023 жылы ірі қаржы институттарымен ынтымақтастықтың арқасында біз өз мүмкіндіктерімізді кеңейтуді жалғастырдық. Дүниежүзілік банк тобына кіретін IFC компаниясы және Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) жиынтығында бізге $55 млн астам қаражат берді, ол қаражат ауылдық жердегі кәсіпкерлерді, әйелдерге тиесілі кәсіпорындарды қолдауға және «жасыл» экономика саласындағы жобаларды жүзеге асыруға бағытталды. Стратегиямызды қатаң ұстану нәтижесінде KMF ЕҚДБ-дан «Микробизнесті және ШОБ қаржыландыру бойынша ең үздік қаржылық серіктес» номинациясы бойынша марапатқа ие болды.

Клиенттердің, қызметкерлердің және серіктестердің өсуі мен дамуы KMF-тің 26 жылдан астам уақыт жүріп келе жатқан жолы. Микроқаржыландырудың классикалық тәсіліне қарамастан, біз цифрлық технологияларды енгізуге көп көңіл бөлеміз. KMF-тегі цифрландыру – бұл командаларды басқарудың заманауи әдістерін қолдану, бірегей цифрлық өнімдерді құру, сондықтан әрбір, тіпті ең шалғай аймақтағы клиент те қажеттіліктеріне толық жауап беретін лайықты қызмет ала алатын болады.

Өткен жылы біз Компанияның ТОП және middle-менеджменті арасында Agile тәсілін енгізу процесін бастадық. IT департаментінің мысалында біз Agile қызметкерлердің клиентке жақын болуына, өз өнімі үшін көбірек еркіндік пен жауапкершілікке ие болуына мүмкіндік беретінін көрдік.

Осындай қатынастың арқасында компанияда икемді ойлау салты қолданылады – өйткені қазіргі таңда «ескіше» басқару мүмкін емес. Өнімдер нарыққа шығып үлгерместен ескіріп жатыр, үнемі болжамдар жасап, тексеріп отыру керек, қате жасаудан қорықпай, идеяларды тез іске асыру керек. KMF әрқашан белсенді көшбасшы болды, сондықтан Agile тәсілі біздің мәдениетімізге өте жақсы үйлесе кетті.

Өткен жылды қорытындылай келе, біздің компанияның барлық ұжымына алғыс айтқым келеді. Осы жетістіктердің барлығы KMF командасы жұмысының нәтижесі. Клиенттердің мүдделерін басты орынға қоятын, үнемі сервисті және олар үшін жағдайды жетілдіру үшін жұмыс істейтін қызметкерлер – біздің компанияның басты активі. KMF-те жұмыс істейтін мамандардың арқасында біз жыл сайын өршіл мақсаттар қоя аламыз және оларды жүзеге асыра алатынымызға сенімді бола аламыз.

Құрметпен,
«KMF (ҚМФ)» Микроқаржылық ұйымы» АҚ
Басқарма Төрағасы
**Шалқар Жүсіпов**



# МАЗМҰНЫ


| | |
|---|---|
| КОМПАНИЯ ПРОФИЛІ | 2 |
| НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР ДИНАМИКАСЫ | 3 |
| ЕСЕПТІ ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР | 4 |
| БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ | 5 |
| **КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ** | **8** |
| Компания туралы | 8 |
| Жалпы ақпарат | 9 |
| Компания тарихы | 9 |
| Қызмет географиясы | 15 |
| **ККОРПОРАТИВТІК СТРАТЕГИЯ** | **16** |
| Компанияның миссиясы мен пайымы | 17 |
| KMF корпоративтік құндылықтары | 18 |
| Бизнестің цифрлық трансформациясы | 19 |
| Корпоративтік стратегия шеңберінде мақсатты көрсеткіштер | 20 |
| **ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ** | **21** |
| Макроэкономикалық жағдайлар | 22 |
| Микрокредиттеу нарығының жай-күйі | 24 |
| Операциялық көрсеткіштер | 25 |
| Қаржы нәтижелері | 26 |
| Пруденциалдық нормативтерді орындау | 28 |
| **КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ** | **29** |
| Корпоративтік басқару жүйесі | 30 |
| Капитал құрылымы | 30 |
| Ақпаратты жариялау | 31 |
| Компания қатысушыларының құқықтары | 31 |
| Таза табысты бөлу | 31 |
| Қатысушылардың жалпы жиналысы | 32 |
| Бақылаушы кеңес | 32 |
| Басқарма | 39 |
| Басқарушы қызметкерлердің сыйақысы | 42 |
| Ірі мәмілелер туралы ақпарат | 42 |
| Комплаенс-бақылау | 42 |
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | 43 |
| Ішкі аудит | 43 |
| Сыртқы аудит | 43 |
| **ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ** | **44** |
| Тәуекелдерді басқару жүйесі | 45 |
| Кредиттік тәуекелді басқару | 47 |
| Операциялық тәуекелдерді басқару | 48 |
| Өтімділік тәуекелін басқару | 49 |
| Пайыздық тәуекелді басқару | 49 |
| Валюталық тәуекелді басқару | 49 |
| Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету | 50 |
| **ОРНЫҚТЫ ДАМУ** | **51** |
| Орнықты дамуды басқару | 52 |
| Қызметкерлерді басқару | 55 |
| Қоршаған ортаны қорғау | 59 |
| Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік | 61 |
| Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл | 64 |
| **ҚОСЫМША** | **65** |
| Тәуелсіз аудитордың қорытындысымен 2023 жылғы қаржылық есептілік | 66 |
| Глоссарий | 94 |
| Байланыс ақпараты | 95 |


ЖАҢА БЕЛЕСТІ БАҒЫНДЫРУ ЖОЛЫНДА

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП | 2023

Барлық жылдық есептер туралы ақпарат алу үшін QR-кодты сканерлеңіз

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

- Компания туралы 8
- Жалпы ақпарат 9
- Компания тарихы 9
- Қызмет географиясы 15



# ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«KMF (ҚМФ)» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС (2024 жылғы 30 мамырдан бастап – «KMF (ҚМФ)» Микроқаржылық ұйымы» АҚ) Қазақстанның бұрыннан келе жатқан және көп жылдан бері Қазақстанның микрокредит беру нарығындағы флагман. Компания қызметі негізінен ауылдық жерлерде кіші және шағын бизнесті, сонымен қатар әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландыруға бағытталған. Іргесі қаланған сәттен бастап негізінен ауылдық жерлерде 3,4 млн-нан астам қарыз бере отырып, KMF Қазақстан экономикасына 1,8 трлн теңгеден астам инвестиция салды.

KMF 1997 жылы USAID қолдауымен құрылды және бастапқыда «Қазақстанның қауымдарды кредиттеу қоры» деп аталды. 2015 жылдың 5 қазанында «KazMicroFinance» МҚҰ» ЖШС әділет органдарында қайта тіркеуден өтіп, «KMF (ҚМФ)» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС болып өзгерді. 2023 жылғы 6 қазанда Компанияға Қатысушылардың жалпы жиналысы компанияның ұйымдық-құқықтық құрылымын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен акционерлік қоғамға өзгерту туралы шешім қабылдады. Компанияны акционерлік қоғамға айналдыру бойынша қайта тіркеу рәсімі 2024 жылғы 30 мамырда аяқталды.

KMF-тің Қазақстан Республикасының аумағында 17 филиал мен 109 бөлімшені қамтитын дамыған филиалдық желісі бар. Филиалдар Алматы, Астана, Ақтөбе, Жезқазған (Ұлытау), Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Семей, Талдықорған, Тараз, Түркістан, Өскемен, Орал және Шымкент қалаларында орналасқан.

Компания әлеуметтік бағдарланған және клиентті қорғау қағидаттарына сәйкес әрекет ететін компания ретінде халықаралық деңгейде танылды, бұл оған халықаралық даму институттарымен жемісті ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік берді. Компания серіктестері – IFC, EBRD, OeEB, SIFEM, Proparco, ADB, EIB.

Компания микроқаржыландыру саласында responsAbility, Triodos, Triple Jump, Incofin, DWM, BlueOrchard, Symbiotics, Frankfurt School сынды ірі халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатты. Сонымен қатар Компанияның дамуына Қазақстанның қаржы ұйымдары – Altyn Bank, Халық Банк, ForteBank, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры да елеулі үлес қосты.

# КОМПАНИЯ ТАРИХЫ

1996 жылы АҚШ-тың Халықаралық даму жөніндегі агенттігі (USAID) Қазақстанда микрокредит беруді дамыту саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін қаражат бөлуге конкурс жариялады. Конкурс жеңімпазы ACDI/VOCA халықаралық үкіметтік емес ұйымы болды, оның штаб-пәтері Вашингтонда (АҚШ) орналасты, ол өз жобасын жүзеге асыру үшін USAID-тен 14 млн доллар көлемінде қаржы алды.

ACDI/VOCA өз қызметін 1997 жылғы 20 қарашада бастаған «Қазақстанның қауымдарды кредиттеу қоры» (ҚҚКҚ) коммерциялық емес корпоративтік қорының құрылтайшысы болды. Бастапқыда ҚҚКҚ топтық ортақ жауапкершілік негізінде кепілсіз 7500 теңге (1997 жылдың аяғындағы бағам бойынша шамамен 100 долл.) сомасында қысқа мерзімді микрокредит берді.

2003 жылғы наурызда Қазақстанда микроқаржыландыруды реттейтін базалық құқықтық акті болған «Микрокредиттік ұйымдар туралы»[1] заң қабылданды. Қордың құқықтық мәртебесін жаңа заң талаптарына сәйкестендіру үшін 2004 жылы ҚҚКҚ «Қазақстанның кредиттеу қоры» (ҚКҚ) микрокредиттік ұйымы болып қайта құрылды, оның қызметі бастапқыдай коммерциялық емес сипатта болды.

ҚКҚ кейінгі дамуы, оның ішінде қосымша борыштық қаржыландыруды тарту үшін мүмкіндіктерді кеңейту оның коммерциялық қызмет форматына көшуін талап етті. 2006 жылы ҚКҚ «KazMicroFinance» МКҰ» ЖШС еншілес коммерциялық ұйымын құрды, ал 2007 жылы ҚКҚ микрокредит беру бойынша негізгі қызметін, кредиттік портфельді, негізгі қаражаты мен міндеттемелерін «KazMicroFinance» МҚҰ» ЖШС өткізді. 2008 жылы қор ACDI/VOCA шешімі бойынша атауын «КМФ-Демеу» деп өзгертті.

2012 жылы қарашада «Микроқаржылық ұйымдар туралы»[2] заңның қабылдануына байланысты 2015 жылғы 5 қаңтарда «KazMicroFinance» МКҰ» ЖШС әділет органдарында қайта тіркеуден өтіп, атауын «KMF (ҚМФ)» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС деп өзгертті.

2024 жылғы 30 мамырда Компания акционерлік қоғам болып қайта құрылды және атауын ««KMF (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы» АҚ өзгертті.

[1] 2003 жылғы 06 наурыздағы Қазақстан Республикасының № 392 заңы. «Микроқаржылық қызмет туралы» 2012 жылы 26 қарашадағы № 56-V заң оның күшін жойды.
[2] «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы № 56-V заңы

# КМФ тарихындағы негізгі оқиғалар

| | |
|---|---|
| 1997 | • ҚҚКҚ 1997 жылғы 20 қарашада тіркелді және Талдықорған қаласында бөлімшесі ашылды.<br>• 21 қала тұрғынына қарыз берілді |
| 1998 | • ҚҚКҚ клиенттерінің саны 1 000 адамға дейін өсті<br>• Клиенттерге арналған «Іскер» басылымның алғашқы шығарылымы жарық көрді |
| 1999 | • Компанияның алғашқы үш жылдық стратегиясы қабылданды. Онда компанияның миссиясы және негізгі стратегиялық мақсаттары анықталды, сонымен қатар Қазақстан аумағында қор қызметін масштабтау туралы шешім бекітілді |
| 2000 | • Шымкент қаласында филиал ашылды |
| 2001 | • Алматы қаласында филиал ашылды<br>• Жеке микрокредит беру әдістемесі қабылданды |
| 2002 | • Компания бес жылдығын атап өтті. Клиенттер саны 4 487 адамға жетті, ал несие портфелі 217,5 млн теңгеге дейін ұлғайды<br>• Тұтынушылық мақсаттарға микрокредит беру әдістемесі қабылданды |
| 2003 | • Түркістан мен Таразда филиалдар ашылып, аудан орталығында бірінші кеңсе ашылды<br>• Компания M-Crill (Үндістан) халықаралық рейтингтік агенттігінен ең жоғары бағамен өзінің бірінші қаржылық рейтингін алды |
| 2004 | • ҚҚКҚ «Қазақстандық кредиттеу қоры» коммерциялық емес микрокредиттік ұйымы болып қайта құрылды<br>• M-Crill рейтингтік агенттігі Компания рейтингін растады |
| 2005 | • Астана қаласында филиал ашылды<br>• Ауыл шаруашылығы өндірушілеріне микрокредит беру әдістемесі енгізілді |
| 2006 | • Қор «KazMicroFinance» МКҰ» ЖШС коммерциялық еншілес ұйымын құрды. Қазақстандық Кредиттеу Қорының барлық клиенттері мен қызметкерлері жаңа ұйымға ауыстырылды<br>• Қостанай мен Қызылордада филиалдар ашылды<br>• Дүниежүзілік Банктің Mix Market ақпараттық платформасы «KazMicroFinance» МКО» ЖШС-ға «Бес Гауhар» деген жоғары баға берді. Mixmarket рэнкингіне сәйкес, компания әлемнің жүз үздік микроқаржы ұйымдарының арасында кредиттік портфель сапасы бойынша үшінші орынға ие болды |
| 2007 | • Американың Forbes қаржы-экономикалық журналы «KazMicroFinance» МКҰ-ны әлемнің 50 үздік микроқаржы ұйымдарының тізіміне қосты, онда компания 37-ші орынды иеленді |
| 2008 | • Құрылтайшы – ACDI/VOCA коммерциялық емес корпорациясының шешімі бойынша Қазақстандық кредиттеу қоры «КМF-Демеу» корпоративтік қоры болып қайта құрылды |
| 2009 | • USAID «KazMicroFinance» МКҰ-ны Қазақстанның экономика саласындағы үздік ұйымы деп таныды және «Тиімді басқару және микрокәсіпкерлер үшін қаржылық қызметтерге қолжетімділікті кеңейтудегі көшбасшылық үшін» марапатымен марапаттады<br>• «KazMicroFinance» МКҰ» ЖШС өзінің корпоративтік стилін өзгертті: «КМF» қысқа лого компанияның сыртқы және ішкі рәсімдеуінде қолданылатын болды |
| 2010 | • Өскемен, Көкшетау, Павлодар, Семей қалаларында филиалдар ашылды<br>• Center for Financial Inclusion халықаралық коммерциялық емес ұйымы Smart Campaign («Ақылға қонымды кампания») бастамасы аясында компанияны үздік МҚҰ деп таныды және оны «Клиенттің құқықтарын қорғаудағы жетістіктері үшін» сыйлығымен марапаттады |
| 2011 | • Ақтөбе қаласында филиал ашылды<br>• Компания құрылтайшыларының жалпы жиналысының шешімімен 2011 жылы «KazMicroFinance» МКҰ» ЖШС-да Бақылаушы кеңес құрылды және оның құрамына білікті және тәжірибелі мамандар кірді |
| 2012 | • Компания он бес жылдығын атап өтті. 2012 жылғы қарашаға қарай КМF кредиттік портфелі 12 миллиард теңгеге жетті |
| 2013 | • Орал қаласында филиал ашылды<br>• Компания КМF-Демеу Корпоративтік қорымен бірлесіп, Қазақстан халқының қаржылық сауаттылығын арттыру жобасын іске асыруды бастады. Жоба қаржылық сауаттылық бойынша сабақтар қамтылған тегін кітапшаларды таратуды және компанияның қарыз алушылары үшін компанияның кеңселерінде презентация өткізуді көздейді. Сабақтар қазақ және орыс тілдерінде КМF-Демеу қорының сайтында да қолжетімді |
| 2014 | • Петропавл қаласында филиал ашылды<br>• Компания капиталға $13,6 млн. көлемінде халықаралық инвестиция тартты. Компанияға қатысушы ірі халықаралық қорлар болды: responsAbility Management Company S. A., responsAbility SICAV (Lux), Triodos Custody B. V., TRIODOS SICAV II |

**2015**

- Компания Smart Campaign сертификатын алған Қазақстандағы бірінші және әлемдегі 31-ші компания болды. Бұл компанияның процестері және саясаты клиенттерді әлеуметтік қорғау қағидаттарына сәйкес келетінін растайды

**2016**

- Компания заңнамадағы өзгерістерге сәйкес өзінің мәртебесін микрокредиттік ұйымнан (МКҰ) микроқаржы ұйымына (МҚҰ) өзгертіп, «KMF (ҚМФ)» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС болып қайта тіркелді
- Компания кәсіпкер әйелдерге микрокредит беруді қарастыратын «Бизнестегі әйелдер» жобасы бойынша Еуропа қайта құру және даму банкімен ынтымақтастық орнатты
- Компания «Даму» КДҚ-мен шағын кәсіпкерлерге кредит берудің үш бағыты бойынша ынтымақтастық орнатты: тікелей қаржыландыру, кепілдікке қаражат беру және мемлекеттік бағдарламалардың операторы ретінде қаражат беру

**2017**

- KMF 20 жылдығын атап өтті. Компанияның кредиттік портфелі 80 млрд. теңгеден асты, ал қарыз алушылардың саны 200 мың адамға жетті. Компания 20 жыл ішінде жалпы сомасы 560 млрд теңгеден астам сомаға 1,7 млн микрокредит берді
- KMF тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша Қазақстандағы алғашқы халықаралық конференцияның ұйымдастырушысы болды

**2018**

- Дүниежүзілік банк тобының мүшесі – Халықаралық қаржы корпорациясынан (IFC) МҚҰ нарығы тарихындағы $44 млн көлемінде синдикатталған кредит алды

**2019**

- KMF Қазақстанда кіші, шағын және орта кәсіпорындарды қаржыландыру үшін 50 миллион АҚШ доллары мөлшерінде ЕҚДБ-ның алғашқы синдикатталған кредитін алды
- KMF «Мобильді сарапшы» жобасымен әлемдегі үздік МҚҰ үштігіне кіріп, European Microfinance Award 2019 беделді сыйлығының финалисі болды

**2020**

- Компания COVID-19 пандемиясы жағдайында қазақстандық кәсіпкерлерді қолдау үшін ЕҚДБ-дан теңге баламасында $40 млн. доллар мөлшерінде кредит алды
- Клиенттерге арналған мобильді қосымша іске қосылды. 2020 жылдың соңында оны 150 мыңнан астам пайдаланушы қолданды
- Он мыңға жуық клиентті қамтыған қарыз алушыларды қолдау бағдарламасы әзірленді және табысты жүзеге асырылды
- KMF гендерлік және экономикалық интеграция саласындағы тұрақты даму жобаларын енгізу және іске асыру бойынша жетістіктері үшін ЕҚДБ-дан марапатқа ие болды
- ЕҚДБ-мен бірлесіп «Жасыл микроқаржыландыру» жобасы іске қосылды. KMF теңге баламасында 5 млн доллар сомасына кредит желісін алып, Қазақстанның қаржы ұйымдары арасында ЕҚДБ-ның бірінші жергілікті серіктесі болды

**2021**

- Компания облигациялардың екі шығарылымы нәтижесінде KASE-те 13% купон мөлшерлемесімен және екі жыл айналым мерзімімен 10 млрд теңге тартты
- Компания автоорталықтардың серіктестік желісі арқылы автокредит беруді іске қосты
- Кредит сарапшыларынан келіп түсетін барлық өтінімдер автоматтандырылған скорингтен өтетін болды
- Fitch Ratings халықаралық агенттігі ұзақ мерзімді эмитент дефолтының рейтингін «B+» деңгейінде берді, болжам «Тұрақты»

**2022**

- «МФО KMF» мобильді қосымшасы жаңартылды
- KMF және «KMF-Демеу» корпоративтік қоры «MOST Venture» қорының капиталына 2 млн долл. инвестициялады
- Арал (Қызылорда облысы) және Үржар (БҚО) қалаларында, сонымен қатар Түркістан облысының Жетісай ауданында бөлімшелер ашылды
- Fitch Ratings KMF эмитентінің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін «B+» деңгейінде растады/болжам «Тұрақты»
- Қазақстанның кіші, шағын және орта кәсіпорындарын кредитпен қаржыландыруға мүмкіндікті кеңейту мақсатында Азия даму банкімен 15 млн долларға баламалы сомаға қарыз алу туралы шартқа қол қойылды
- Әйелдер басқаратын ШОБ субъектілеріне кредит беру үшін ЕҚДБ-мен 25 млн. долл. көлемінде қарыз беру туралы шарт жасалды
- KMF-тің 25 жылдығына орай Қызылорда облысы Жаңақорған ауылында KMF-Демеу корпоративтік қорының қолдауымен агрофорум өтті;
- Алматы қаласында смарт-офис ашылды
- Компанияның 25 жылдығына орай «25 клиенттің тарихы» кітабы жарық көрді

**2023**

- Қызылордада «Орда» бөлімшесі ашылды
- Бизнес-процестерді автоматтандыру және банкке трансформациялау жоспары шеңберінде Colvir Software Solutions IT-шешімдеріне көшуді бастады
- «KMF-Qurmet» ниеттестік бағдарламасы іске қосылды
- KMF Еуропа Қайта құру және даму банкінен «Микробизнесті және ШОБ-ты қаржыландыру бойынша үздік қаржылық серіктес» номинациясы бойынша марапатқа ие болды
- KMF қазақстандық өндірушілердің «Ulttyq Onim 2023» ауқымды көрмесінің демеушісі болды
- Сарыағаш қаласы мен Шиелі ауылында агрофорумдар өткізілді
- Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау шеңберінде «KMF Isker hanymy 2023» жүлдесімен марапаттау рәсімі өтті. KMF және OLX бірлескен жобасы іске қосылды, оның шеңберінде маркетплейс клиенттері онлайн режимде микрокредит алу мүмкіндігіне ие болды

# КОМПАНИЯ ӨНІМДЕРІ

## «KMF-Іскер» желісі – кәсіпкерлік қызметке кредит беру

### МОТОР

**Кредит сомасы:** 5 млн теңгеден 69 млн теңгеге дейін
**Өтеу мерзімі:** 12 айдан 84 айға дейін
**Бастапқы жарна:** сатып алатын техниканың кемінде 20%

- Арнайы техника сатып алуға арналған микрокредит

### БИЗНЕС

**Кредит сомасы:** 50 мыңнан 69 млн теңгеге дейін
**Өтеу мерзімі:** 3 айдан 84 айға дейін

- Бизнес субъектілеріне арналған микрокредит: негізгі құралдарды сатып алу, айналым қаражатын толықтыру және ағымдағы берешекті қайта қаржыландыру

### ФАКТОРИНГ

**Факторинг сомасы:** 10 млн теңгеден 300 млн теңгеге дейін
**Факторинг мерзімі:** 7 күннен 120 күнге дейін

- Компания клиенттеріне факторингтік қызмет

### АГРО

**Кредит сомасы:** 50 мың теңгеден 69 млн теңгеге дейін
**Өтеу мерзімі:** 21 күннен 84 айға дейін

- Ауыл шаруашылығымен айналысатын клиенттерге арналған микрокредит: негізгі құралдарды сатып алу, айналым қаражатын толықтыру және ағымдағы берешекті қайта қаржыландыру

### KMF-ДОСТАР

**Кредит сомасы:** 7 млн теңгеге дейін
**Өтеу мерзімі: 3 айдан 60 айға дейін**

- 2-10 адамнан құралған топқа бағытталған өнім. Олар алған микрокредиттері бойынша бір-бірінің алдында ортақ жауапкершілік көтереді

# КОМПАНИЯ ӨНІМДЕРІ

## «KMF-Ниет» желісі – тұтынушылық кредит

### KMF-НИЕТ

**Кредит сомасы:** 50 мың теңгеден 3 млн теңгеге дейін

**Өтеу мерзімі:** 3 айдан 60 айға дейін

- Кез келген мақсатқа және кез келген міндеттерді шешуге, оның ішінде жөндеуге, саяхаттауға, автокөлік сатып алуға, білім алуға ақы төлеуге, ірі сатып алуға тұтынушылық микрокредит

### KMF-ONLINE

**Кредит сомасы:** 50 мың теңгеден 3 млн теңгеге дейін

**Кредит мерзімі:** 3 айдан 36 айға дейін

- KMF қосымшасында 15 минут ішінде рәсімделіп, банк картасына аударылатын микрокредит

### KMF-АВТО

**Кредит сомасы:** 300 мыңнан 20 млн теңгеге дейін

**Өтеу мерзімі:** 3 айдан 84 айға дейін

- Серіктестер желісінде автомобиль сатып алуға микрокредит

## «KMF-сақтандыру» желісі

Компания клиенттері KMF мобильді қосымшасы арқылы бірқатар сақтандыру қызметтерін ала алады. Сақтандырушы – «Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ.

### КӨЛІК ҚҰРАЛЫ ИЕСІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ (ККИ АҚЖМС)

**Полис мерзімі:** 12 ай

- KMF мобильді қосымшасында қызметті сатып алу сақтандыру полисін онлайн режимде қадағалауға, оны қайта рәсімдеуге, сақтандыру компаниясының кеңсесіне бармай-ақ төлем құжаттарын тапсыруға мүмкіндік береді

### МИНИ-КАСКО

**Полис мерзімі:** 12 ай

- Жол-көлік және өзге де оқиғалар салдарынан автокөлік құралы зақымданған жағдайда, автомобиль көлігін ерікті сақтандыру

### ШЕТЕЛГЕ ШЫҒАТЫН АДАМДАРДЫ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ

**Полистің қолданылу мерзімі:** 1 күннен 1 жылға дейін

**Сақтандыру төлемінің мөлшері:** 10 доллардан 100 мың долларға дейін

- Шетелдік сапарлар кезінде кездейсоқ сырқаттанудан, жазатайым оқиғадан немесе жүкті жоғалтудан ерікті сақтандыру

# КОМПАНИЯ ӨНІМДЕРІ

## Қосымша қаржылық емес қызметтер

Компания клиенттері мобильді қосымша арқылы қосымша қызметтерге, оның ішінде медициналық кеңестер мен электрондық сауда платформасына қол жеткізе алады.

### МЕДИЦИНА ONLINE

**Қызмет 12 айға сатып алынады**
**«Жеке» пакеті –** терапевт пен белгілі бір сала мамандарынан шектеусіз кеңес алу
**«Отбасы» пакеті –** қызметті отбасының 5 мүшесі ала алады

- «Dariger Online» телемедицина қызметтерін жеткізушімен бірлесіп практик дәрігерлердің қашықтан консультация беруі

### KMF-БАЗАР

Мал, ет, сүт өнімдері мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін көтерме сату

- Ауыл шаруашылығы өнімдері мен қызметтерін сатуға арналған онлайн-платформа

# ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ КОМАНДА

**KMF қызметтері Қазақстанның барлық өңірінде қолжетімді. Компанияның Қазақстан бойынша 17 филиалды және 109 кеңсені қамтитын филиалдық желісі бар.**




**17** филиал

**120** сату нүктесі

**4 000** шалғай елді мекен

**700** жеке менеджер

**2 000** астам қызметкер

KMF

ЖАҢА БЕЛЕСТІ БАҒЫНДЫРУ ЖОЛЫНДА

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП | 2023

# КОРПОРАТИВТІК СТРАТЕГИЯ


- Компанияның миссиясы мен пайымы ........ 17
- KMF корпоративтік құндылықтары ........ 18
- Бизнестің цифрлық трансформациясы ........ 19
- Корпоративтік стратегия шеңберінде мақсатты көрсеткіштер ........ 20




# КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ МЕН ПАЙЫМЫ

## БІЗДІҢ МИССИЯ:

**Сіздің өркендеуіңіз үшін үздік микроқаржыландыру**

## БІЗДІҢ ПАЙЫМ:

**Микроқаржыландырудағы жаһандық көшбасшы**

## Миссиямызды жүзеге асыру үшін біз:

- кіші, шағын және агробизнес өкілдерін қосқанда, клиенттердің барлық мақсатты тобын қамтуға;
- қызметімізде микроқаржыландырудың үздік тәжірибесін қолдануға;
- микроқаржы қызметтерін көрсету мәдениетін дамытуға;
- ауылдық жерлерде микроқаржы қызметтеріне қолжетімділікті кеңейтуге;
- клиенттердің өркендеуіне ықпал етуге ұмтыламыз.

# KMF КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

**K**

Knowledge
Білім

- Бірегейлік
- Жауапкершілік
- Сапа

Жиырма жылдық **жауапты** және **сапалы** жұмыстың арқасында біз **бірегей** тәжірибе мен білім жинақтадық. Бұл бізге микроқаржы нарығында көшбасшы болуға көмектесті. Бірақ біз жеткен жетістіктермен шектелмейміз. Жаңа білімге деген құштарлық – KMF-тің маңызды қозғаушы күші.

## БІРЕГЕЙЛІК

Ісімізді жетік **білу**, командадағы әрбір қызметкерді қабылдап, бағалап, дамытуымыз – бізге нарықта тың және сұранысқа ие ұсыныстарды тудыруға мүмкіндік береді.

## ЖАУАПКЕРШІЛІК

Біз көп нәрсе бізге байланысты екенін **түсінеміз** және жауапкершілік ұзақ мерзімді табыстың негізі екенін **сезінеміз**. Біз

- клиенттеріміз бен серіктестеріміздің;
- командамыздың;
- қала, облыс, еліміздің алдында жауапты екенімізді түсінеміз.

## САПА

Біз **ең үздік халықаралық микроқаржыландыру** тәжірибесін қолданамыз. Біз жоғары сапаның критерийлерін түсінеміз және әр істе мүмкіндігінше оларға сай болуға тырысамыз.

**M**

Motivation
Ынталандыру

- Жаңашылдық
- Даму
- Икемділік

Біз өз клиенттерімізді ынталандырамыз, өйткені біздің қызмет олардың **дамуына** бағытталған. Біздің **инновациялық** өнімдер қызмет көрсетуді икемді, ыңғайлы және тиімді етеді. Ал клиенттеріміздің жетістігі бүкіл командамызды ынталандырады.

## ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Бізді жаңа нәрсе шабыттандырады. Біз үнемі жаңа, батыл, өнімді шешімдерді, құралдарды, технологияларды іздейміз.

## ДАМУ

Біз бизнесті, өнімдерімізді, клиенттерімізді тұрақты дамытуды **мақсат тұтамыз**. Біз бір орында тұрмаймыз. Үздіксіз даму – жетістіктеріміздің кепілі екеніне шын жүректен сенеміз.
Біз – жігерліміз және табыстымыз, өйткені біздің дамуымыз клиенттеріміз бен қызметкерлеріміздің әл-ауқатына ықпал етеді.

## ИКЕМДІЛІК

Біздің өзгеріске құшағымыз ашық. Тосын жағдайда **қол қусырып отырмаймыз**. Біз әрқашан икемділік көрсетуге, қайта-қайта әрекет жасауға, міндетті басқа қырынан қарастыруға, жаңа мүмкіндіктерді көруге, өзгеруге және жетістікке жетуге дайынбыз.

**F**

Freedom
Еркіндік

- Айқындық
- Қамқорлық
- Сенім

Біз клиенттеріміз бен қызметкерлерімізге мақсатқа жету еркіндігін иеленуге көмектесеміз. Қаржылық еркіндік **айқындық** пен **өзара сенім** қағидаларынан құрылады. Ал шын мәнінде берік сенім құрғақ іскерлік уағдаластықтарға ғана емес, сондай-ақ қамқорлыққа да негізделеді.

## АЙҚЫНДЫҚ

Біздің барлық ісіміз – адал, ашық және айқын. Біздің жасыратын ештеңеміз жоқ. Бұл бізге **сенімділік** береді, жағымсыз ойлардан арылтады.

## ҚАМҚОРЛЫҚ

Біз клиенттеріміз бен қызметкерлерімізге қамқорлық жасай отырып, оларға өздерін жайлы және **еркін** сезінуіне көмектесеміз. Клиенттерге деген қамқорлық – әр клиентпен жеке жұмыс жасауды, олардың жетістігіне сенуді қамтиды.

## СЕНІМ

Біз адамдарға **сенеміз**. Біз басқа қаржы ұйымдары сенбейтіндерге сенеміз. Себебі біз стереотиптен аулақпыз. Біз әркімнің жақсы болуға мүмкіндігі бар екеніне сенеміз.

# БИЗНЕСТІҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

KMF озық цифрлық технологияларды енгізбестен нарықта көшбасшылық позицияны сақтау және бизнесті одан әрі толыққанды дамыту мүмкін еместігін түсінеді. Компания барлық бизнес-процесті автоматтандыру, оның ішінде клиенттердің өтінімдерін қарастыру және микрокредит беру туралы шешім қабылдау және клиенттермен байланыстың цифрлық арналарын дамыту бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді.

| ЦИФРЛАНДЫРУ САЛАСЫ | КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ |
|---|---|
| **Автоматтандырылған шешім қабылдау орталығын құру (АЦПР)** | • Клиенттердің өтінімдерін караудың орташа мерзімін айтарлықтай қысқарту;<br>• Кредит беру шарттарының өзгеруіне байланысты автоматтандырылған жүйеге өзгерістер енгізуді қысқарту;<br>• Бір өнім аясында кредиттік өтінімдер ағынын басқару;<br>• Қарыз алушы туралы ақпаратты кредиттік верификациялауға дейінгі процесті автоматтандыру. |
| **Business Studio бағдарламалық өнімі негізінде бизнес-процестерді басқару жүйесін енгізу** | • Барлық бизнес-процесс пен рәсімді сипаттай отырып, бизнес-процестердің электрондық репозиторийін құру;<br>• Бизнес-процестерді әзірлеу үшін визуалды утилитаны қолдану;<br>• Бизнес-процестерді оңтайландыру;<br>• Бизнес-процестер шеңберінде компанияның ақпараттық жүйелерін интеграциялау;<br>• Кредит беру рәсімдерін икемді басқару;<br>• Бизнес-процестерді бақылау және оларды оңтайландыру. |
| **Адами капиталды басқарудың автоматтандырылған жүйесін дамыту** | • Қызметкерлердің құзыреттілік деңгейін бағалауды автоматтандыру;<br>• Қызметкерлердің жұмыс тиімділігін бағалауды автоматтандыру. |

# КОРПОРАТИВТІК СТРАТЕГИЯ ШЕҢБЕРІНДЕ МАҚСАТТЫ КӨРСЕТКІШТЕР

| Көрсеткіш | 2024 | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 |
|---|---|---|---|---|---|
| Қарыз алушылар, белсенді клиент саны | 300,8 | 345,4 | 397,2 | 460,9 | 538,2 |
| Кредиттік портфель, млрд теңге | 297,1 | 344,5 | 403,2 | 437,7 | 561,0 |
| Кредиттік портфельдің жылдық өсу қарқыны | 15% | 16% | 17% | 17% | 18% |
| Белсенді клиенттер санының өсу қарқыны | 15% | 15% | 15% | 16% | 17% |

KMF корпоративтік стратегиясының маңызды басымдығы кредиттеуді цифрландыру болып табылады, оған мыналар кіреді:

- Кредиттік өтінімді қарау және кредит беру туралы шешім қабылдау процесін автоматтандыру;
- Мобильді қосымшаның функционалдығын дамыту және кеңейту;
- Қарыз берудің және оларды өтеудің қолма-қол ақшасыз арналарын дамыту;
- KMF қарыз алушысы болып табылатын серіктес дүкенде тауарды сатып алу сәтінде бөліп төлеуді рәсімдей отырып, BNPL («Buy now – pay later!») цифрлық өнімдерін енгізу.





# ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Макроэкономикалық жағдайлар ........ 22
- Микрокредиттеу нарығының жай-күйі ........ 24
- Операциялық көрсеткіштер ........ 25
- Қаржы нәтижелері ........ 26
- Пруденциалдық нормативтерді орындау ........ 28



# МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

## ЖІӨ динамикасы, кезең үшін трлн теңге




*Дереккөз: ҚР СЖжәнеРА ҰСБ*

Қазақстанның ЖІӨ номиналды мәнде 2023 жылы 120,5 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың деңгейінен 18,7%-ға жоғары. Нақты мәнде ЖІӨ өсімі 5,1% құрады.

Ең жоғары өсім саудада (+11,3%) және құрылыста (+13,3%) байқалды. Өнеркәсіптің нақты өсімі 4,2% құрады, ал ауылшаруашылық өндірісі 7,9% төмендеді.

## Өнеркәсіптік өндіріс көлемі, кезең үшін трлн теңге




*Дереккөз: ҚР СЖжәнеРА ҰСБ*

2023 жылы өнеркәсіптік өндіріс 46,4 трлн теңгені құрады, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібі – 21,8 трлн теңге, өңдеу өнеркәсібі – 21,6 трлн теңге. Өнеркәсіп өндірісінің өсуі нақты мәнде 4,3%, тау-кен өндіру салаларының өндірісінің өсуі – 4,6%, өңдеуші саланың өсуі – 4,1% құрады.

## Тауарларды экспорттау және импорттау, кезең үшін млрд долл




*Дереккөз: ҚР ҰБ*

Қазақстандық экспорт негізінен әлемдік шикізат нарығындағы жағдайдың нашарлауына байланысты 86,1-ден 79,9 млрд долларға төмендеді. Импорт 49,8-ден 59,7 миллиард долларға дейін өсті. Экспорттың төмендеуімен импорттың өсуі сауда балансының оң сальдосының 36,4-тен 20,2 миллиард долларға дейін төмендеуіне әкелді.

## ШОБ кәсіпорындарының өнім шығаруы, кезең үшін трлн теңге




*Дереккөз: ҚР СЖжәнеРА ҰСБ*

ШОБ субъектілерінің өнім шығаруы 16,0%-ға өсіп, 68,7 трлн теңгені құрады, оның 47,2 трлн-ы заңды тұлға нысанындағы шағын кәсіпорындарға тиесілі. Орта кәсіпорындардың шығарылым көлемі 24,7%-ға, шағын кәсіпорындар – 12,2%-ға, жеке кәсіпкерлер – 49,9%-ға өсті. Сонымен бірге шаруа-фермер қожалықтарының өнім көлемі 9,5%-ға төмендеді.

## Ішкі сауда, кезең үшін трлн теңге




Ішкі сауда көлемі

Ішкі сауда НКИ, жылдан жылға

*Дереккөз: ҚР СЖжәнеРА ҰСБ*

Ішкі сауданың (көтерме және бөлшек сауданың) жиынтық көлемі 2022 жылы 50,6 трлн теңгеден 61,0 трлн теңгеге өсті. Бұл ретте ішкі сауданың ФКИ 2022 жылы 105,0%-дан 2023 жылы 111,3%-ға дейін өсті.

## Орташа айлық номиналды жалақы, мың теңге




Орташа айлық номиналды жалақы

Нақты жалақы индексі, өткен жылға %

*Дереккөз: ҚР СЖжәнеРА ҰСБ*

Орташа айлық жалақы 2022 жылғы 309,7 мың теңгеден 2023 жылы 360,8 мың теңгеге дейін өсті. Сонымен қатар, инфляциялық процестердің әсерінен орташа жалақының нақты өсуі 7,6%-дан 2,3%-ға дейін төмендеді.

## ШОБ кәсіпорындарының өнім шығаруы, кезең үшін трлн теңге




*Дереккөз: ҚР СЖжәнеРА ҰСБ*

2023 жылы тұтынушылық инфляция қарқыны жоғары болып қалды, қаңтар-желтоқсанда ТБИ 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 115,2% құрады, бұл 15 жылдық кезеңдегі рекордтық көрсеткіш болды. Азық-түлік тауарларының бағасы 15,2%-ға, азық-түлік емес тауарлар 14,8%-ға, ақылы қызметтер 13,2%-ға өсті.

# МИКРОКРЕДИТТЕУ НАРЫҒЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ

Бизнес субъектілері мен халық тарапынан кредиттік ресурстарға сұраныс әлі де микрокредиттеу саласының өсуінің негізгі драйвері болып қала береді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша МҚҰ жиынтық кредиттік портфелі (нетто) 2021 жылмен салыстырғанда 35,6%-ға өсіп, 1 243,1 млрд теңгені құрады. МҚҰ жиынтық активтері 26,0%-ға ұлғайып, 1,39 трлн теңгені құрады.

ҚР ҰБ деректері бойынша 2023 жылдың аяғында Қазақстанда 229 жұмыс істеп тұрған МҚҰ болған. Егер 2022 жылы әлсіз ойыншылардың кетуіне байланысты МҚҰ санының азаюы байқалса, 2023 жылы бұл процесс аяқталды – МҚҰ саны бір жылда бір бірлікке ғана азайды.

Төлемі кешіктірілген микрокредиттердің жиынтық көлемі 2023 жылы 154,3-тен 220,0 млрд теңгеге дейін, ал олардың МҚҰ-ның жиынтық кредиттік портфеліндегі үлесі 15,4%-дан 17,7%-ға дейін өсті. Жұмыс істемейтін қарыздардың көлемі (NPL 90+), яғни төлем мерзімі 90 күннен асатын қарыздар абсолюттік мәнде 61,9-дан 77,1 млрд теңгеге дейін өсті, бұл ретте олардың кредиттік портфельдегі үлесі өзгеріссіз қалды және 6,2% құрады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша МҚҰ нарығының шоғырлану дәрежесі біршама төмендеді. Сектордың жиынтық активтеріндегі үш ірі МҚҰ активтерінің үлесі 49,7%-дан 46,4%-ға, ал бес ірі компанияның үлесі 61,1%-дан 59,0%-ға дейін төмендеді. KMF көшбасшылық позициясын сақтап қалды; «Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан» МҚҰ» ЖШС екінші орынға оралып, «MyCar Finance» МҚҰ» ЖШС үшінші орынға ығыстырды; «ОнлайнКазФинанс» МҚҰ» ЖШС (Solva сауда маркасы) және «Шинхан Финанс» МҚҰ» ЖШС бір жыл бұрынғыдай төртінші және бесінші орынды иеленді.

## МҚҰ несиелік портфелінің сапасы, кезең аяғында, млрд теңге




*Дереккөз: ҚР ҰБ*

## МҚҰ активтері мен несиелік портфелі, кезең аяғында, млрд теңге




*Дереккөз: ҚР ҰБ*

## Жұмыс істеп тұрған МҚҰ саны, кезең аяғында, бірлік




*Дереккөз: ҚР ҰБ*

## 2023 жылдың соңындағы жағдай бойынша Қазақстанның бес ірі МҚҰ

| | АКТИВТЕР, МЛРД ТЕҢГЕ | ЖИЫНТЫҚ АКТИВТЕРДЕГІ ҮЛЕСІ |
|---|---|---|
| «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС | 288,1 | 20,76% |
| «Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан» МҚҰ» ЖШС | 186,2 | 13,42% |
| «MyCar Finance» МҚҰ» ЖШС | 169,9 | 12,25% |
| «ОнлайнКазФинанс» МҚҰ» ЖШС | 115,4 | 8,32% |
| «Шинхан Финанс» МҚҰ» ЖШС | 59,1 | 4,26% |
| **Бес ірі МҚҰ** | **818,9** | **59,0%** |
| **Барлық ірі МҚҰ** | **1 388,0** | **100,0%** |

Дереккөз: ҚР ҰБ

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

2023 жылдың қорытындысы бойынша KMF микрокредиттерінің портфелі 20,7%-ға өсіп, 245,5 млрд теңгені құрады. Компания кредиттік портфель мөлшері бойынша МҚҰ арасында әлі де көш бастап тұр, алайда оның осы саланың жиынтық кредиттік портфеліндегі үлес салмағы есепті жылы 22,2%-дан 19,7%-ға дейін төмендеді. KMF нарықтық үлесінің төмендеуі басқа МҚҰ-мен салыстырғанда неғұрлым консервативті саясатқа байланысты: Компания теңгерімді тәуекел профилин қолдайды және агрессивті кредиттік экспансия жүргізбейді.

KMF белсенді клиенттерінің саны есепті жылы 257,3-тен 265,1 мыңға дейін өсті, 2023 жылы барлығы 367,0 мың микрокредит берілді, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 10,2%-ға артық.

Есепті жылдың қорытындысы бойынша бөлшек сауда, қызмет көрсету және өндіріс салаларында жұмыс істейтін кәсіпорындарға берілген микрокредиттердің үлес салмағы 54,3%-дан 56,1%-ға дейін өсті. Тұтынушылық кредиттердің үлесі 10,0%-дан 8,7%-ға дейін төмендеді; ауыл шаруашылығы өндірушілеріне берілген кредиттердің үлесі 35,7%-дан 35,2%-ға дейін төмендеді.

Ауылдық жерлерде тұратын KMF қарыз алушыларының үлесі соңғы жылдары тұрақты және Компания клиенттерінің жиынтық санының шамамен үштен бір бөлігін құрайды.

## Кредиттік портфель және нарықтағы үлесі, млрд теңге, кезең аяғындарері




## Белсенді клиент пен берілген кредит саны, мың, кезең аяғында




## Кредиттеу бағыттары бойынша кредиттік портфельдің құрылымы, кезең аяғында




## Тұрғылықты жері/ қызметті жүзеге асыруы бойынша бөліністегі клиенттік базаның құрылымы, кезең аяғында



Экономикалық белгісіздік және онымен байланысты бірқатар қарыз алушылардың кредит қабілеттілігінің төмендеуі есепті жылы 7,2-ден 10,1 млрд теңгеге дейін ұлғайған NPL 90+ жиынтық көлемінің өсуіне себеп болды. Бұл ретте несие портфеліндегі NPL 90 + үлесі 3,5%-дан 4,1%-ға дейін өсті. Дегенмен, NPL 90+ үлесі микрокредиттеу нарығы бойынша 6,2% орташа деңгейден төмен болып қалады.

Активтердің құнсызданууына байланысты қалыптастырылған резервтердің (провизиялардың) көлемі жыл басында 12,2 млрд теңгеден жыл аяғында 17,1 млрд теңгеге дейін өсті, бұл өтеу мерзімі өткен қарыздар көлемінің өсуіне байланысты, оның ішінде NPL 90+. Бұл ретте NPL 90 + провизияларымен қамту деңгейі жеткілікті болып табылады және есепті жылдың соңында 169,5% құрады.

## Төлем мерзімі 90 күннен астам кешіктірілген қарыздар,

млрд теңге, кезең аяғында




NPL 90+
Кредит портфеліндегі NPL 90+ үлесі

## Провизиялау деңгейі,

кезең аяғында, млрд теңге




Қалыптастырылған провизиялар
NPL 90+ провизиялармен өтеу

# ҚАРЖЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

Компания активтерінің баланстық құны 2023 жылдың қорытындысы бойынша 23,4%-ға өсіп, 288,3 млрд теңгені құрады. Активтер құнының өсуінің негізгі факторы кредиттік портфельдің 203,5 млрд теңгеден 237,9 млрд теңгеге дейін ұлғаюы болды. Бұдан басқа, ақша қаражаты және олардың баламалары (7,0 млрд теңгеден 9,7 млрд теңгеге дейін), негізгі құралдар (9,1 млрд теңгеден 10,9 млрд теңгеге дейін) және материалдық емес активтер (413,2 млн теңгеден 2,2 млрд теңгеге дейін) сияқты баптар (баланс жолдары) айтарлықтай өсті. Туынды қаржы активтерінің баланстық құны 1,2 млрд теңгеден 39,8 млн теңгеге дейін, инвестициялық бағалы қағаздар – 10,2 млрд теңгеден 8,4 млрд теңгеге дейін төмендеді. Бұл ретте 2023 жылдың аяғында Компанияның инвестициялық бағалы қағаздарының жиынтық портфеліне ҚР Қаржы министрлігінің 24,6 млрд теңге сомасына облигациялары, оның ішінде «РЕПО» шарттары бойынша кепіл ретінде әрекет ететін 16,1 млрд теңге сомасына бағалы қағаздар кірді.

Компанияның міндеттемелері 30,3%-ға өсіп, 236,1 млрд теңгені құрады. Жиынтық міндеттемелердің өсуі негізінен басқа кредиттік ұйымдарда тартылған қаражаттың (163,7 млрд теңгеден 190,0 млрд теңгеге дейін) ұлғаюына байланысты болды.

Компанияның меншікті капиталы 52,3-тен 52,2 млрд теңгеге дейін төмендеді, ал жарғылық капиталы бөлінбеген таза пайданы қатысушылардың жарналарына айырбастау есебінен 14,4-тен 50,0 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.

## Баланс құрылымы кезең аяғында, млрд теңге

| КӨРСЕТКІШ | 2021 | 2022 | 2023 | Өзг. 2022/2021 |
|---|---|---|---|---|
| **Активтер** | **182,9** | **233,6** | **288,3** | **23,4%** |
| с.і. клиенттерге берілген кредиттер | 161,8 | 203,5 | **237,9** | 17,0% |
| **Міндеттемелер** | **140,5** | **181,3** | **236,1** | **30,3%** |
| с.і. кредит ұйымдарының қаражаты | 123,9 | 163,7 | **190,0** | 16,0% |
| **Меншікті капитал** | **42,5** | **52,3** | **52,2** | **–0,2%** |
| с.і. бөлінбеген пайда | 26,7 | 36,7 | **2,5** | –93,3% |

## Тартылған елдер бөлінісінде KMF міндеттемелерінің құрылымы




## Рентабельділік көрсеткіштерінің динамикасы




KMF міндеттемелерінің ел құрылымында 2023 жылдың аяғындағы жағдай бойынша қазақстандық қорландырудың үлесі 35,37% құрады. Ең маңызды қорландыру көлемі Люксембургте (барлық ел бойынша жиынтық көлемнің 33,51%), Ұлыбританияда (9,33%) және Францияда (6,62%) тартылды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша таза пайыздық кіріс өткен жылмен салыстырғанда 10,8%-ға ұлғайып, 56,8 млрд теңгені құрады. Бұл ретте пайыздық кірістер 18,9%-ға (71,4-тен 84,9 млрд теңгеге дейін), ал пайыздық шығыстар 39,7%-ға (20,0-ден 28,0 млрд теңгеге дейін) өсті. Операциялық шығыстар 20,7%-ға (23,2-ден 28,0 млрд теңгеге дейін) ұлғайды; провизияларды қалыптастыруға арналған шығыстар 35,9%-ға өсті; пайыздық емес шығыстар негізінен валюталық баптарды қайта бағалаудан түскен пайда есебінен 17,8%-ға төмендеді.

Активтердің айтарлықтай өсуімен таза кірістің шамалы өсуі (+1,1%) активтердің кірістілік коэффициентінің 2022 жылы 6,1%-дан 2023 жылы 5,1%-ға дейін төмендеуіне әкелді. Меншікті капиталдың кірістілігі де 27,0%-дан 23,4%-ға дейін төмендеді.

Компанияның операциялық пайдасы өткен жылмен салыстырғанда 5,3%-ға (22,7-ден 21,5 млрд теңгеге дейін) негізінен персоналға арналған шығыстардың өсуі, тартылған қарыздарға қызмет көрсету және кредиттік залалдар бойынша резервтерді қалыптастыру салдарынан төмендеді. Сонымен қатар, есепті жылдың қорытындысы бойынша таза пайда 2022 жылмен салыстырғанда 1,1%-ға өсіп, КТС төлемдерін төмендету есебінен 13,2 млрд теңгені құрады.

## Кірістер мен шығыстар кезең үшін млрд теңге

| КӨРСЕТКІШ | 2021 | 2022 | 2023 | Өзг. 2023/2022 |
|---|---|---|---|---|
| **Пайыздық кірістер** | **54,5** | **71,4** | **84,9** | **+18,9%** |
| с.і. микрокредит бойынша сыйақы | 53,7 | 70,1 | **83,0** | +18,4% |
| **Пайыздық шығыстар:** | **(16,5)** | **(20,0)** | **(28,0)** | **+39,7%** |
| с.і. қарыз бойынша шығыстар | (16,1) | (18,6) | **(23,5)** | +26,8% |
| **Таза пайыздық кіріс** | **38,0** | **51,3** | **56,8** | **+10,8%** |
| **Операциялық шығыстар,** соның ішінде: | **(18,4)** | **(23,2)** | **(28,0)** | **+20,7%** |
| қызметкерлерге шығыстар | (12,9) | (15,9) | **(19,1)** | +20,0% |
| амортизация | (1,1) | (1,3) | **(1,6)** | +22,7% |
| салықтар (КТС басқа) | (0,2) | (0,3) | **(0,6)** | +60,2% |
| Провизия қалыптастыруға шығыстар | (1,2) | (5,4) | **(7,3)** | +35,9% |
| **Операциялық пайда (залал)** | **18,5** | **22,7** | **21,5** | **–5,3%** |
| Пайыздық емес шығыстар | **(1,0)** | **(6,1)** | **(5,0)** | **–17,8%** |
| Қаржы активтерімен байланысты операциялар бойынша таза пайда/залал | (0,6) | (4,8) | **(6,7)** | +40,4% |
| **Салық салғанға дейінгі пайда (залал)** | **17,5** | **16,6** | **16,5** | **–0,7%** |
| Корпоративтік табыс салығы | (3,5) | (3,6) | **(3,3)** | –7,3% |
| **Таза пайда** | **14,0** | **13,1** | **13,2** | **+1,1%** |

# ПРУДЕНЦИАЛДЫҚ НОРМАТИВТЕРДІ ОРЫНДАУ

Есепті жыл ішінде Компания капиталға қатысты заңнамада белгіленген барлық талапты сақтады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша капитал жеткіліктілігінің көрсеткіші 20,9% құрады, бұл ҚР Ұлттық Банкі белгілеген ең төменгі деңгейден едәуір асып түседі. Компания өз қызметіне тән тәуекелдерден қорғау мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады.

Бір қарыз алушыға шаққандағы тәуекел нормативтері (k2) және жиынтық міндеттемелердің максималды лимиті (k3) да артығымен орындалды, бұл Компанияның қаржылық жағдайының тұрақтылығы мен орнықтылығын көрсетеді.

## 2023 жылы Компанияның пруденциалдық нормативтерді орындауы

| НОРМАТИВ АТАУЫ | НОРМАТИВТІК МӘН | 2023 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАР | 2023 ЖЫЛҒЫ 1 СӘУІР | 2023 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕ | 2023 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАЗАН | 2024 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАР |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Төленген жарғылық капитал | ≥ 100 млн теңге* | **14,4 млрд теңге** | **14,4 млрд теңге** | **14,4 млрд теңге** | 14,4 млрд теңге | 50,0 млрд теңге |
| Есептік меншікті капитал | ≥ 100 млн теңге* | **52,6 млрд теңге** | **55,5 млрд теңге** | **58,3 млрд теңге** | 62,0 млрд теңге | 52,0 млрд теңге |
| Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1) | ≥ 0,1 | **0,214** | **0,218** | **0,215** | 0,263 | 0,209 |
| Мерзімі 90 күннен астам өткен берешек үлесіне лимит ** | ≤ 20% | **–** | **5,369%** | **6,004%** | 6,088% | 5,793% |
| Бір қарыз алушыға шаққандағы тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті (k2) | ≤ 0,25 | **0,010** | **0,009** | **0,009** | 0,007 | 0,008 |
| Жиынтық міндеттемелердің ең жоғары лимитінің коэффициенті (k3) | ≤ 10 | **3,434** | **3,381** | **3,474** | 3,489 | 4,543 |

* 2023 жылғы 1 шілдеден бастап – 150 млн теңгеден астам, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 200 млн теңгеден астам.
** 2023 жылы енгізілген.

KMF

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ


- Корпоративтік басқару жүйесі ... 30
- Капитал құрылымы ... 30
- Ақпаратты жариялау ... 31
- Компания қатысушыларының құқықтары ... 31
- Таза табысты бөлу ... 31
- Қатысушылардың жалпы жиналысы ... 32
- Бақылаушы кеңес ... 32
- Басқарма ... 39
- Басқарушы қызметкерлердің сыйақысы ... 42
- Ірі мәмілелер туралы ақпарат ... 42
- Комплаенс-бақылау ... 42
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ... 43
- Ішкі аудит ... 43
- Сыртқы аудит ... 43




# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

KMF корпоративтік басқаруды қызметтің тиімділігін арттыру, беделін нығайту және капиталды тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады. Бұдан басқа, Компания корпоративтік басқарудың тиісті жүйесі оның Қазақстан Республикасындағы заңнаманың үстемдігін қамтамасыз етуге қосқан үлесіне қолдау көрсетеді деп санайды.

Компанияның корпоративтік басқаруы әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылады. Компанияның корпоративтік басқару жүйесі Компанияның органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты ажыратуды көздейді.

Компанияның корпоративтік басқаруының негізгі қағидаттары:

- Компанияны тиімді басқару қағидаты;
- Компанияның қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы, уақытылығы және объективтілігі қағидаты;
- Заңдылық және этика қағидаттары;
- Тиімді кадр саясатының қағидаттары;
- Қоршаған ортаны қорғау қағидаттары;
- Корпоративтік жанжалды реттеу қағидаты.

Компанияның басқару органдары:

- Жоғарғы орган – Қатысушылардың жалпы жиналысы;
- Алқалы атқарушы орган – Басқарма;
- Бақылау органы – Бақылаушы кеңес.

# КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

Компанияның жарғылық капиталы 2023 жылғы 1 қаңтарда 14 430 993 204 теңгені, 2024 жылғы 1 қаңтарда 50 008 939 084 теңгені құрады. Компания қатысушыларының қосымша салымдар салуы есебінен жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешімді Директорлар кеңесі 2023 жылғы 10 қарашада қабылдады. Қосымша капиталдандыруды жүргізу нәтижелері бойынша негізгі меншік иесі – «KMF-Демеу» корпоративтік қорының жарғылық капиталдағы үлесі 45,435%-дан 60,425%-ға дейін өсті.

## 2022 жылдың басы мен аяғындағы жағдай бойынша Компания қатысушыларының құрамы

| ҚАТЫСУШЫ | **2023 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДА ИЕЛІК ЕТУ ҮЛЕСІ** | 2024 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДА ИЕЛІК ЕТУ ҮЛЕСІ |
|---|---|---|
| «KMF-Демеу» корпоративтік қоры | **45,435%** | 60,425% |
| MultiConcept Fund Management S.A | **18,127%** | 16,627% |
| Triodos Funds B.V. | **12,085%** | 9,585% |
| Triodos SICAV II | **12,085%** | 7,085% |
| Компания басшылығы және қызметкерлері | **6,226%** | 6,226% |
| responsAbility SICAV (Lux) | **6,042%** | 0,042% |
| **Жиыны** | **100%** | **100%** |

# АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ

KMF ақпаратты Қазақстан Республикасы заңнамасының және KASE талаптарына сәйкес жариялайды.

Компания барлық қазіргі және әлеуетті инвесторлардың өз қызметі туралы Жария ақпаратқа қол жеткізуінің және қандай да бір белгілер бойынша кемсітушілікке жол бермеудің тең құқықтарын қамтамасыз ету қағидаттарын ұстанады. Қазіргі және әлеуетті инвесторлар тиісті шешімдер қабылдау үшін қажетті Компания туралы ақпаратқа еркін және қиындықсыз қол жеткізе алады. Компания инвесторлардың мүліктік және өзге де құқықтарына елеулі әсер етуі мүмкін өз қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары мен перспективалары туралы ақпаратты уақытылы ашады.

# КОМПАНИЯ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-1 Заңы және KMF Жарғысы KMF қатысушыларына мынадай құқықтарды бекітеді:

- заңнамада және осы Жарғыда көзделген тәртіппен KMF істерін басқаруға қатысу;
- KMF басқару органдарына кандидатуралар ұсыну;
- KMF Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен KMF қызметі туралы ақпарат алу және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысу;
- заңнамаға, KMF жарғысына және оның жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес KMF қызметінен кіріс алу;
- KMF таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысудан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын не месе KMF барлық қатысушыларының келісімі бойынша осы мүліктің бір бөлігін заттай нысанда алу;
- заңнамада көзделген тәртіппен өз үлесін иеліктен шығару жолымен KMF-ке қатысуды тоқтату;
- заңнамада және/немесе KMF жарғысында көзделген қатысушы құқықтарын бұзатын KMF органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айту.

# ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ

2023 жылғы 10 қарашада өткен Қатысушылар жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Компания 2022 жылға 49 005 434 мың теңге сомасында дивидендтер жариялады. 2023 жылғы 10 қарашада Компания Қатысушылары жарияланған дивидендтерді 35 577 946 мың теңге сомасында жарғылық капиталды ұлғайтуға жіберу және 13 427 488 мың теңге сомасында ақшалай нысанда дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады.

# ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Қатысушылардың жалпы жиналысы «KMF» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС-тің жоғары басқарушы органы болып табылады. 2023 жыл ішінде Қатысушылар жалпы жиналысының алты отырысы өтті, оның ішінде екі кезекті және төрт кезектен тыс жиналыс. 2023 жылы өткізілген қатысушылар жалпы жиналысының отырыстарында мынадай мәселелер қаралды:

- жауапкершілігі шектеулі серіктестікті акционерлік қоғамға айналдыру арқылы серіктестікті қайта ұйымдастыру туралы;
- Серіктестіктің Бақылаушы кеңес мүшелерінің сыйақысын қайта қарау туралы;
- «Эрнст энд Янг» ЖШС (Ernst & Young LLP) сыртқы аудиторы куәландырған 2022 жылға арналған KMF жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы;
- «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС 2023-2025 жылдарға арналған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін «Эрнст энд Янг» ЖШС сыртқы аудиторын бекіту туралы;
- микрокредит беру қағидаларын жаңа редакцияда бекіту туралы;
- резервтік капиталды тарату және Серіктестіктің 2022 және 2023 жылдардағы қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза пайданы бөлу туралы;
- «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС қатысушыларына дивидендтер төлеу туралы;
- Серіктестікті акционерлік қоғамға айналдыру жоспарын бекіту туралы;
- АҚ Жарғысын қабылдау және бекіту туралы;
- Серіктестіктің тапсыру актісін бекіту туралы;
- Акционерлік қоғамның Құрылтай шартын бекіту туралы;
- Серіктестіктің барлық қатысушысы енгізетін қосымша пропорционалды салымдар арқылы АҚ жарғылық капиталын қалыптастыру туралы;
- Құрылтайшылардың акцияларды алдын ала төлеу мөлшерін белгілеу туралы;
- АҚ жарияланған акцияларын шығару, АҚ жарияланған акцияларының жалпы саны мен түрлерін, сондай-ақ Серіктестік қатысушыларының пайдасына орналастырылатын акциялардың саны мен түрлерін айқындау туралы;
- Қоғамның акцияларына ауыстыруға жататын АҚ бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін белгілеу туралы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғам құрылтайшылары жарғылық капиталды төлеуге енгізетін мүлікке бағалау жүргізетін жауапты тұлғаларды айқындау туралы;
- құрылған АҚ-ның қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға және АҚ органдары құрылғанға дейін оның мүдделерін үшінші тұлғалар алдында танытуға уәкілетті адамдарды сайлау туралы;
- АҚ-ны мемлекеттік тіркеу жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыру міндетерін жүктеу, сондай-ақ АҚ атынан оны мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттарға қол қою туралы;
- Қатысушылар жалпы жиналысының құзыретіне кіретін өзге де мәселелер.

# БАҚЫЛАУШЫ КЕҢЕС

Бақылаушы кеңес Басқарманың қызметіне бақылау жүргізеді, KMF және оның қатысушыларының мүддесі үшін әрекет етеді және Компания қатысушыларының жалпы жиналысына есеп береді. Бақылаушы кеңес өз қызметінде «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-1 Заңын, KMF жарғысын, Бақылаушы кеңестің регламентін және Қатысушылардың жалпы жиналысы мен Бақылаушы кеңес бекітетін өзге де KMF ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

KMF Жалпы жиналысы Бақылаушы кеңес мүшелерін жеті адамнан аспайтын құрамда қайта (бұдан әрі) қайта сайлау құқығымен екі жыл мерзімге сайлайды. Бақылаушы кеңес мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-1 және «Микроқаржылық қызмет туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы №56-V заңдарында, сондай-ақ Компанияның Жарғысында белгіленген.

KMF Бақылаушы кеңесінің құзыретіне мына мәселелер жатады:

- жыл сайынғы бизнес-жоспарды және/немесе бюджетті бекітуді және оларға өзгерістер енгізуді қоса алғанда, жылдық және ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарларды және Компанияны дамытудың басым бағыттарын және олармен байланысты KMF қызметінің негізгі мәселелерін айқындау және бекіту;
- Жылдық бизнес-жоспарға енгізілгеніне қарамастан, байланысты мәмілелердің біреуінде немесе сериясында KMF МҚҰ активтерінің таза құнының 10%-нан асатын сомаға кез келген

қаржылық міндеттемелерді немесе шығындарды бекіту; бұл ретте жылдық бизнес-жоспарда жеке жолмен бекітілген қаржылық міндеттемелер немесе шығындар үшін қосымша мақұлдау талап етілмейді;

- Басқарма төрағасының кандидатурасын тағайындау немесе лауазымнан босату және Басқарманың құрылымын немесе сандық құрамын жалпы жиналыс бекіткенге дейін өзгерту туралы ұсыныс;
- KMF таза табысын бөлу мәселелерін алдын ала бекіту, оның ішінде қатысушыларға төленетін төлемдердің мөлшері мен мерзімдерін айқындау, сондай-ақ KMF қатысушылардың қатысу үлестерін жалпы жиналыс бекіткенге дейін толық немесе ішінара сатып алу мәселелері;
- KMF жарғылық капиталын ұлғайту және қатысушылардың қатысу үлестерінің мөлшерін жалпы жиналыс бекіткенге дейін қайта есептеу туралы шешімді алдын ала бекіту;
- KMF Жарғысына өзгерістер енгізу немесе KMF-ті қайта ұйымдастыру (яғни біріктіру, шоғырландыру немесе өзге қайта ұйымдастыру арқылы) туралы шешімдерді жалпы жиналыс бекіткенге дейін алдын ала бекіту;
- Бақылаушы кеңестің кез келген өкілеттіктерін беру туралы шешім қабылдау;
- KMF таза активтерінің 25%-ынан (жиырма бес пайызынан) асатын мөлшерде KMF мүлкін немесе активтерін сатып алу, жалға беру, сату, беру немесе өзге де иеліктен шығару туралы шешім қабылдау;
- қарыз беруді мақұлдау, төлемді жүзеге асыру немесе KMF кез келген қатысушыларын, қызметкерлерін немесе директорларын қоса алғанда, егер мұндай мәмілелер әдеттегі қызмет жүргізу барысында жүзеге асырылмаса немесе мұндай мәмілелер қолданылатын саясаттарда көзделсе немесе Бақылаушы кеңес мақұлдаған KMF қызметкерлерінің жарғылық капиталға қатысу жоспарының талаптарына сәйкес мақұлданса, мүдделі тұлғалармен кез келген өзге де мәміле туралы шешім қабылдау;
- Жалпы жиналысқа ұсыну үшін басқа компаниядағы, кәсіпорындағы және/немесе кез келген басқа заңды тұлғадағы немесе басқа заңды құрылымдағы акцияларды немесе қатысу үлестерін сатып алу туралы алдын ала шешім қабылдау;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Жарғыда, KMF ішкі құжаттарында немесе Жалпы жиналысының шешімінде көзделген өзге де мәселелер.

## Бақылаушы кеңестің құрамы

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Бақылаушы кеңестің құрамына Бақылаушы кеңестің Төрағасы мен мүшелерін қоса алғанда, бес адам кіреді, олардың біреуі – тәуелсіз мүше.

Қатысушылар Жалпы жиналысының 2022 жылғы 13 қазандағы шешіміне сәйкес Бақылаушы кеңестің қазіргі құрамының өкілеттігі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін жалғасады.

### KMF Бақылаушы кеңесінің құрамы 2023 жылғы 1 қаңтардан 2024 жылғы 1 қаңтар аралығындағы кезең

| | |
|---|---|
| Шамшиева Гульнара Жаманкуловна | Бақылаушы кеңестің Төрағасы |
| Чалмерс Моррис Джеффри | Бақылаушы кеңестің мүшесі |
| Болд Йоахим | Бақылаушы кеңестің мүшесі |
| Филипп Георг Потт | Бақылаушы кеңестің мүшесі |
| Поспиловски Эндрю | Бақылаушы кеңестің мүшесі |



## Шамшиева Гульнара Жаманкуловна

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2014 жылғы 18 желтоқсаннан 2024 жылғы 30 мамырға дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Бақылаушы кеңестің төрағасы және аудит жөніндегі комитеттің және сыйақы төлеу және кадр мәселелері жөніндегі комитеттің мүшесі.
- 2018 жылғы 21 мамырдан 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін – «Қырғыз инвестициялық-кредиттік банкі» ЖАҚ, Қырғызстан, Басқарма мүшесі.
- 2001 жылғы 11 сәуірден 2017 жылғы 18 қазанға дейін – «Бай-Тушум» банкі» ААҚ, Қырғызстан, Басқарма төрағасы.
- 01.02.2001 жылғы 01 ақпаннан 2001 жылғы 11 сәуірге дейін – «Бай-Тушум» микроқаржы қоры, Қырғызстан, Ішкі аудитор.
- 1996 жылғы 1 тамыздан 2002 жылғы 30 қазанға дейін – Монетизация және кредиттік қауымдастықтар құру бағдарламасы бойынша Ош облысындағы USAID жобасы (Қырғызстанда), бухгалтер.
- 1995 жылғы 01 мамырдан 1996 жылғы 31 шілдеге дейін – Ош облысының Салық полициясы, Қырғызстан, Жалпы бөлім бастығы.
- 1992 жылғы 01 карашадан 1995 жылғы 30 сәуірге дейін – Ош облысының прокуратурасы, Қырғызстан, техникалық хатшы.
- 1983 жылғы 01 маусымнан 1992 жылғы 31 қазанға дейін – Қырғыз Республикасы Ош облысының тұтыну кооперациясы, инженер-технолог.

**Білімі:**

- 1978-1983 – Фрунзе политехникалық институты, Қырғызстан.
- 1993-1995 – Қырғыз Ұлттық Мемлекеттік Университеті, Қырғызстан.



## Чалмерс Моррис Джеффри

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2014 жылғы 18 желтоқсаннан 2024 жылғы 30 мамырға дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Бақылаушы кеңестің мүшесі, сыйақы төлеу және кадр мәселелері жөніндегі комитеттің төрағасы.
- 2009 жылғы 01 қыркүйектен қазіргі уақытқа дейін – ACDI/VOCA корпорациясы (АҚШ), Вице-президент.
- 2005 жылғы 01 қыркүйектен 2009 жылғы 31 тамызға дейін – USAID, Қаржылық даму жөніндегі кеңесші.
- 2001 жылғы 11 ақпаннан 2005 жылғы 31 тамызға дейін – USAID, Микрокәсіпорындарды дамыту жөніндегі кеңесші.
- 1999 жылғы 1 қазаннан 2001 жылғы 10 ақпанға дейін – Америкааралық даму банкі, Микрокәсіпорындарды дамыту жөніндегі маман.
- 1997 жылғы 01 қыркүйектен 1998 жылғы 31 тамызға дейін – BASICS, бағдарлама ассистенті.
- 1996 жылғы 01 қаңтардан 1997 жылғы 31 тамызға дейін – Solar Tours, тур менеджері.

**Білімі:**

- 1990–1994 – Туфенсис университеті, АҚШ.



## Болд Йоахим

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2018 жылғы 16 шілдеден қазіргі уақытқа дейін – EFA Group, Сингапур, FIDEF қаржы институттарын дамыту қорының директоры.
- 2014 жылғы 18 желтоқсаннан 2024 жылғы 30 мамырға дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Қазақстан, Бақылаушы кеңестің мүшесі, тәуекелдер жөніндегі комитеттің мүшесі (төраға), аудит жөніндегі комитеттің және сыйақы төлеу және кадр мәселелері жөніндегі комитеттің мүшесі.
- 2003 жылғы 20 желтоқсаннан қазіргі уақытқа дейін – «Бай-Тушум» банкі» ААҚ, Бішкек, Қырғызстан, Директорлар кеңесінің мүшесі.
- 2004 жылғы 1 тамыздан қазіргі уақытқа дейін – Франкфурт қаржы және басқару мектебі, Германия, кеңесші, жаттықтырушы, оқытушы.
- 2004 жылғы 1 тамыздан қазіргі уақытқа дейін – АҚШ-тың Орегон қаласындағы үй кеңсесі, өзін-өзі жұмыспен қамтыған кеңесші және дамуды қаржыландыру жөніндегі жаттықтырушы.
- 2001 жылғы 01 сәуірден 2004 жылғы 31 шілдеге дейін – Deutsche Boerse Systems Inc./Дойче Борс Системс Инк., Чикаго, Иллинойс, АҚШ, Вице-президент және Бас директор.
- 1999 жылғы 21 қазаннан 2001 жылғы 31 наурызға дейін – Дойче Борс Системс АГ/Deutsche Börse Systems AG, Франкфурт, Германия, IT-жобалардың жетекшісі.
- 1995 жылғы 01 желтоқсаннан 1999 жылғы 20 қазанға дейін – Орегон штатының университеті, Корваллис/Oregon State University, Corvallis, Орегон, АҚШ, халықаралық тағылымдама бағдарламаларының директоры, қаржы оқытушысы.

**Білімі:**

- 1983-1989 – Дортмунд университеті, Германия, дипломды экономист.
- 1991-1994 – Бохум қаласындағы Рур университеті, Германия, экономика ғылымдарының докторы.



## Филипп Георг Потт

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2015 жылғы 07 тамыздан 2024 жылғы 30 мамырға дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Қазақстан, Бақылаушы кеңестің мүшесі, тәуекелдер жөніндегі комитеттің мүшесі.
- 2014 жылғы 30 қарашадан қазіргі уақытқа дейін – I. D. Inspiring Development GmbH, Франкфурт, Германия, Басқарушы серіктес.
- 2013 жылғы 01 шілдеден 2014 жылғы 01 желтоқсанға дейін – «МСП Банк» АҚ, штаттан тыс кеңесші.
- 2011 жылғы 01 желтоқсаннан 2012 жылғы 31 шілдеге дейін – ProCredit Банк, Киев, Украина, Атқарушы директор.
- 2011 жылғы 01 ақпаннан 2013 жылғы 30 маусымға дейін – ProCredit Academy/Procredit Academy, Фюрт, Германия, Басқарушы.
- 2010 жылғы 01 наурыздан 2013 жылғы 30 маусымға дейін – ProCredit Holding/ПроКредитХолдинг, Франкфурт, Германия, Бизнесті дамыту тобының жетекшісі.
- 2006 жылғы 01 мамырдан 2010 жылғы 30 маусымға дейін – ProCredit Bank / ПроКредит Банк, Тбилиси, Грузия, Атқарушы директор.
- 2005 жылғы 01 ақпаннан 2006 жылғы 30 сәуірге дейін – ProCredit Bank / ПроКредит Банк, Киев, Украина, Бөлшек сауда жөніндегі атқарушы менеджер.
- 2003 жылғы 01 ақпаннан 2005 жылғы 31 қаңтарға дейін – ProCredit Bank /ПроКредит Банк, Кишинев, Молдова, Атқарушы директор.
- 2001 жылғы 1 қазаннан 2003 жылғы 31 қаңтарға дейін – Micro Enterprise Credit (MEC), Кишинев, Молдова, Филиал кеңесшісі және Өңірлік даму үйлестірушісі.
- 2001 жылғы 1 қазаннан 2001 жылғы 30 қыркүйекке дейін – Internationale Projekt Consult (IPC)/ Халықаралық консалтинг жобасы (IPC), Франкфурт, Германия, Кеңесші.

**Білімі:**

- 1995 – 2000 – Базель қаласының университеті, Швейцария, Ғылыми дәрежесі: Шығыс Европа тарихының магистрі (философия ғылымдарының лиценциаты).
- 2000 – 2005 – Базель қаласының университеті, Швейцария, Философия ғылымдарының докторы.



## Поспиловски Эндрю

**Опыт работы:**

- 2021 жылғы 1 қаңтардан 2024 жылғы 30 мамырға дейін – Yelo Bank, Әзірбайжан, Бақылаушы кеңестің мүшесі, тәуекелдер жөніндегі комитеттің мүшесі (төраға).
- 2021 жылғы 1 наурыздан қазіргі уақытқа дейін – Opportunity Banka, Сербия, Бақылаушы кеңестің төрағасы, аудит жөніндегі комитеттің мүшесі.
- 2018 жылғы 1 қарашадан қазіргі уақытқа дейін – Львов Банкі, Украина, Бақылаушы кеңестің төрағасы, аудит жөніндегі комитеттің мүшесі.
- 2019 жылғы 01 қаңтардан қазіргі уақытқа дейін – Кредо Банк, Грузия, Бақылаушы кеңестің мүшесі, тәуекелдер жөніндегі комитеттің (төраға) және аудит жөніндегі комитеттің мүшесі.
- 2015 жылғы 1 ақпаннан қазіргі уақытқа дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Қазақстан, Бақылаушы кеңестің мүшесі, аудит жөніндегі комитеттің төрағасы және тәуекелдер жөніндегі комитеттің мүшесі.
- 2012 жылғы 1 желтоқсаннан 2019 жылғы 30 маусымға дейін – Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC-Дүниежүзілік банк тобы), микроқаржыландыру бойынша аға маман (қысқа мерзімді кеңесші).
- 2010 жылғы 1 сәуірден 2019 жылғы 12 желтоқсанға дейін – «AccessBank Tajikistan» ЖАҚ, Бақылаушы кеңестің және аудит жөніндегі комитеттің мүшесі.
- 2006 жылғы 1 маусымнан 2012 жылғы 31 тамызға дейін – «AccessBank Azerbaijan» ЖАҚ, Басқарма төрағасы.
- 2000 жылғы 1 сәуірден 2006 жылғы 31 мамырға дейін – DAI Europe, Лондон, банк кеңесшісі, топ жетекшісі.
- 1999 жылғы 15 қарашадан 2000 жылғы 31 наурызға дейін – Ресей Федерациясындағы Еуропалық одақтың өкілдігі, Мәскеу, Еуропалық Одақтың сайлау мониторингі саласындағы әлеуетті дамыту жобасының жетекшісі.
- 1998 жылғы 1 қыркүйектен 1999 жылғы 14 қарашаға дейін – Хайлайф Лтд, Лондон, Дамушы нарықтардың талдаушысы.

**Білімі:**

- 1982-1986 – Батыс Онтарио Университеті, Канада.
- 1987-1990 – Лондон университеті, Ұлыбритания.
- 1991-1999 – Лондон университеті, Ұлыбритания, философия докторы.



# Бақылаушы кеңес жанындағы комитеттер

KMF Бақылаушы кеңесінің жанындағы комитеттер Бақылаушы кеңес мүшелерінің арасынан Компания қызметінің аса маңызды аспектілерін зерттеу үшін құрылады. Комитеттердің қорытындысы Бақылаушы кеңес, KMF өзге басқару және бақылау органдары үшін ұсынымдық сипатқа ие. Комитет отырыстарында қаралған мәселелер Бақылаушы кеңес отырысының күн тәртібіне енгізіледі.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша KMF Бақылаушы кеңесі мына комитеттерді қамтиды:

- Аудит жөніндегі комитет;
- Тәуекелдерді басқару комитеті;
- Сыйақы төлеу және кадр мәселелері жөніндегі комитет.

2023 жылы Аудит жөніндегі комитеттің, Тәуекелдерді басқару комитетінің және Сыйақы төлеу және кадр мәселелері жөніндегі комитеттің отырыстары тоқсан сайын Бақылаушы кеңестің барлық мүшесінің қатысуымен өтті.

2024 жылғы 28 қыркүйекте Бақылаушы кеңестің шешімі бойынша Трансформация комитеті құрылды, оның функцияларына «KMF» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС-ні банкке трансформациялау процесін сүйемелдеу және Компания қызметінің неғұрлым маңызды аспектілері бойынша істердің ағымдағы жай-күйін зерделеу кіреді.

## 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Бақылаушы кеңес комитеттерінің құрамы

| АТЫ-ЖӨНІ | ЛАУАЗЫМЫ | АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ | ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ | СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ КАДР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ | ТРАНСФОРМАЦИЯ КОМИТЕТІ |
|---|---|---|---|---|---|
| Шамшиева Гульнара Жаманкуловна | Бақылаушы кеңестің төрағасы – қатысушы мүдделерін танытушы | + | | + | + |
| Чалмерс Моррис Джеффри | Бақылаушы кеңестің мүшесі – қатысушы мүдделерін танытушы | | | + | |
| Болд Йоахим | Бақылаушы кеңестің мүшесі – тәуелсіз мүше | + | + | + | |
| Потт Филипп | Бақылаушы кеңестің мүшесі – қатысушы мүдделерін танытушы | | + | + | + |
| Поспиловски Эндрю | Бақылаушы кеңестің мүшесі – қатысушы мүдделерін танытушы | + | + | | + |

## Бақылаушы кеңестің қызметі

2023 жылы Бақылаушы кеңестің 19 күндізгі және сырттай отырысы өтті. Барлық тоқсандық отырыс бекітілген кестеге сәйкес өткізілді; оларға Бақылаушы кеңестің барлық мүшесі қатысты. Күндізгі және сырттай отырыстардың күн тәртібіне енгізілген барлық мәселе уақытылы және толық қаралды.

Бақылаушы кеңес 2023 жылға арналған бюджетті және 10 млрд теңге сомасына КМF МҚҰ облигациялық бағдарламасын бекітті, әйел кәсіпкерлерге кредит беру үшін ЕҚДБ-дан 35 млн теңге сомасына қарыз тарту мақұлданды және КМF басшыларына сыйақылар мен бонустар төлеуге байланысты бірқатар мәселе қаралды.

Бақылаушы кеңестің отырыстарында бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың мынадай есептері қаралып бекітілді:

- Басқарма Төрағасының қаржы және басқару қызметі жөніндегі тоқсандық есептері;
- тәуекелдерді басқару бойынша тоқсандық есептер және Ішкі аудит департаментінің есептері;
- HR департаментінің жартыжылдық есептері;

Бақылаушы кеңес КМF ұйымдық-құқықтық нысанын АҚ-ға ауыстыруға байланысты мәселелердің кең тізбесін қарады, оның ішінде:

- резервтік капиталды тарату және 2022 және 2023 жылдары алынған таза пайданы бөлу туралы;
- КМF қатысушыларына дивидендтер төлеу туралы;
- «КМF микроқаржылық ұйымы» ЖШС-ні АҚ-ға айналдыру жоспарын бекіту туралы;
- АҚ Жарғысын қабылдау және бекіту туралы;
- «КМF микроқаржылық ұйымы» ЖШС табыстау актісін бекіту туралы;
- АҚ Құрылтай шартын бекіту туралы;
- Серіктестіктің барлық қатысушысы енгізетін қосымша пропорционалды салымдар арқылы АҚ жарғылық капиталын қалыптастыру туралы;
- Құрылтайшылардың акцияларды алдын ала төлеу мөлшерін белгілеу туралы;
- АҚ жарияланған акцияларын шығару, АҚ жарияланған акцияларының жалпы саны мен түрлерін, сондай-ақ КМF қатысушыларының пайдасына орналастырылатын акциялардың саны мен түрлерін айқындау туралы;
- Қоғамның акцияларына ауыстыруға жататын АҚ бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін белгілеу туралы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғам құрылтайшылары жарғылық капиталды төлеуге енгізетін мүлікке бағалау жүргізетін жауапты тұлғаларды айқындау туралы;
- құрылған АҚ-ның қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға және АҚ органдары құрылғанға дейін оның мүдделерін үшінші тұлғалар алдында танытуға уәкілетті адамдарды сайлау туралы;
- АҚ-ны мемлекеттік тіркеу жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыру міндеттерін жүктеу, сондай-ақ АҚ атынан оны мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттарға қол қою туралы.

Бұдан басқа, 2023 жылы Бақылаушы кеңес құрылатын ҚМФ Банкінің бизнес-стратегиясы мен қаржылық моделін қарады және бекітті.



# БАСҚАРМА

Басқарма KMF-тің алқалы атқарушы органы болып табылады және Басқарма Төрағасының басшылығымен Компания қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады. Жалпы жиналыс Басқарма мүшелерін саны жеті адамнан аспайтын құрамда бес жылға дейінгі мерзімге сайлайды. Бір адам Басқарма құрамына шексіз рет сайлана алады. Бақылаушы кеңестің мүшелеріне қойылатын талаптар «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І заңында, «Микроқаржылық қызмет туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы №56-V заңда, сонымен қатар KMF жарғысында белгіленген.

## Басқарма құрамы

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Басқармаға алты адам, оның ішінде бес әйел және бір ер адам кірді. Қатысушылар жалпы жиналысының 2023 жылғы 10 қарашадағы шешімімен төрт әйел мен бір ер адамды қоса алғанда, бес адамнан тұратын Басқарманың жаңа құрамы бекітілді. Басқарманың жаңа құрамына Г.Б.Акимжанованы қоспағанда, ескі құрамның барлық мүшесі кірді.

### KMF Басқармасының құрамы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

| | |
|---|---|
| Жүсіпов Шалқар Аманқосұлы | Басқарма Төрағасы |
| Әбенова Альмира Құрманәліқызы | Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары |
| Райханова Қарлығаш Тілекқызы | Басқарма Төрағасының орынбасары |
| Сапарбекова Күлсара Мұтәліқызы | Басқарма Төрағасының орынбасары |
| Югай Ольга Владиславовна | Басқарма Төрағасының орынбасары |





## Жүсіпов Шалқар Аманқосұлы

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2024 жылғы 30 мамырдан қазіргі уақытқа дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» АҚ, Басқарма Төрағасы;
- 2015 жылғы 5 қаңтардан 2024 жылғы 30 мамырға дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Басқарма Төрағасы.
- 2007 жылғы 3 қаңтардан 2015 жылғы 4 қаңтарға дейін – «KazMicroFinance» МҚҰ» ЖШС, Басқарма Төрағасы.
- 2008 жылғы 26 маусымнан 2011 жылғы 19 сәуірге дейін – «KMF–Демеу» корпоративтік қоры, Бас директор.
- 2006 жылғы 21 маусымнан 2008 жылғы 25 маусымға дейін – «КФК МКҰ» корпоративтік қоры, Бас директор.
- 2001 жылғы 9 қарашадан 2006 жылғы 20 маусымға дейін – «Қазақстанның кредиттеу қоры» корпоративтік қоры, Бас директор.
- 1997 жылғы 13 қазаннан 2001 жылғы 8 қарашаға дейін – Қазақстанның қауымдарды кредиттеу қоры, Бас бухгалтер, Бағдарлама директоры.

**Білімі:**

- 1987–1994 – Қазақ Мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясы, Қазақстан, инженер-құрылысшы.
- 1995–1997 – Қазақ Мемлекеттік басқару академиясы жанындағы Нарық институты, экономист.



## Әбенова Альмира Құрбанәліқызы

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2024 жылғы 30 мамырдан қазіргі уақытқа дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» АҚ, Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2015 жылғы 1 қазаннан 2024 жылғы 30 мамырға дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Басқарма төрағасының орынбасары.
- 2008 жылғы 3 қаңтардан 2015 жылғы 30 қыркүйекке дейін – «KazMicroFinance» МҚҰ» ЖШС, Басқарма төрағасының орынбасары.
- 2007 жылғы 3 қаңтардан 2008 жылғы 2 қаңтарға дейін – «KazMicroFinance» МҚҰ» ЖШС, Қаржы басқармасының директоры.
- 2004 жылғы 9 наурыздан 2007 жылғы 2 қаңтарға дейін «Қазақстанның кредиттеу қоры» корпоративтік қоры, Қаржы директоры.
- 2004 жылғы 19 ақпаннан 2004 жылғы 8 наурызға дейін – «Қазақстанның кредиттеу қоры» корпоративтік қоры, Бас бухгалтер.
- 2001 жылғы 6 желтоқсаннан 2004 жылғы 18 ақпанға дейін – «Қазақстанның қауымдарды кредиттеу қоры» Корпоративтік Қорының Шымкент филиалы, Бас бухгалтер.

**Білімі:**

- 1981–1985 – Ташкент Халықтар Достығы ордені Халық шаруашылығы институты, Ташкент, экономист.



## Райханова Қарлығаш Тілекқызы

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 204 жылғы 30 мамырдан қазіргі уақытқа дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» АҚ, Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2012 жылғы 1 қарашадан 2024 жылғы 30 мамырға дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Басқарма төрағасының орынбасары.
- 2007 жылғы 3 қаңтардан 2012 жылғы 31 қазанға дейін – «Қазақстанның қауымдарды кредиттеу қоры» корпоративтік қоры, «KazMicroFinance» МКҰ» ЖШС, Қазынашылық бөлімінің менеджері, Басқарушы директор, Қазынашылық және тәуекелдерді басқару департаментінің директоры.
- 1998 жылғы 11 мамырдан 2007 жылғы 2 қаңтарға дейін – «Қазақстанның қауымдарды кредиттеу қоры» корпоративтік қоры, Кредиттік инспектор, Бағдарлама директорының орынбасары, Талдықорған және Тараз филиалдарының менеджері, Инвестициялар жөніндегі менеджер.

**Білімі:**

- 1997–2002 – «Жетісу» институты (Жетісу экономикалық институты), экономист-қаржыгер.
- 2011–2011 – Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты, іскерлік әкімшілендіру магистрі (қаржы).



## Сапарбекова Күлсара Мұтәлиқызы

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2024 жылғы 30 мамырдан қазіргі уақытқа дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» АҚ, Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2019 жылғы 1 сәуірден 2024 жылғы 30 мамырға дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Басқарма төрағасының орынбасары.
- 2017 жылғы 4 желтоқсаннан 2019 жылғы 1 наурызға дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Басқарушы директор.
- 2016 жылғы 1 шілдеден 2017 жылғы 3 желтоқсанға дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Аймақтық желіні дамыту департаментінің директоры, Кредиттік департаменттің директоры.
- 2006 жылғы 22 тамыздан 2016 жылғы 30 маусымға дейін – «Қазақстанның кредиттеу қоры» микрокредиттік ұйымы» корпоративтік қоры, «KazMicroFinance» МКҰ» ЖШС, «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Шымкент қ. филиалының директоры.
- 1999 жылғы 3 қаңтардан 2006 жылғы 21 тамызға дейін – «Қазақстанның қауымдарды кредиттеу қоры» қоғамдық қорының Шымкент филиалы, «Қазақстанның кредиттеу қоры» микрокредиттік ұйымы» корпоративтік қоры, Бас бухгалтер, Шымкент филиалының менеджері.

**Білімі:**

- 1987–1992 – Алматы халық шаруашылығы институты, экономист.



## Югай Ольга Владиславовна

**Жұмыс тәжірибесі:**

- 2024 жылғы 30 мамырдан қазіргі уақытқа дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» АҚ, Басқарма төрағасының орынбасары;
- 2021 жылғы 1 сәуірден 2024 жылғы 30 мамырға дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Басқарма мүшесі, Қаржы директоры.
- 2012 жылғы 1 наурыздан 2021 жылғы 31 наурызға дейін – «KMF (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Бас бухгалтер, Қаржы директоры.
- 2011 жылғы 1 ақпаннан 2012 жылғы 28 ақпанға дейін – «НАК «Центраудит-Қазақстан» ЖШС Алматы қ., Бас маман.
- 2004 жылғы 1 мамырдан 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін – «Accounting and Audit» ЖШС Алматы қ., Қаржы директоры/Бас бухгалтер.
- 2003 жылғы 1 қаңтардан 01.04.2004 жылғы 1 сәуірге дейін – «Сұңқар» агроөнеркәсіп концерні» ЖШС Алматы қ., Бухгалтер, қызмет саласы: сауда.

**Білімі:**

- 1995–2000 – Алматы энергетика және байланыс институты, инженер-экономист.
- 2000–2002 – Қазақ мемлекеттік университеті, Заңгер.
- 2000–2003 – Энергетика және байланыс институты, аспирантура.

# БАСҚАРУШЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ СЫЙАҚЫСЫ

12 адамнан тұратын негізгі басқарушы қызметкерге сыйақы, салық төлемдерін және басқа аударымдарды қосқанда, 2022 жылы 585 794 мың теңгені және 2023 жылы 824 434 мың теңгені құрады.

### 2022 және 2023 жылдары негізгі басқарушы қызметкерлерге төленген сыйақы, мың теңге

| | 2022 | 2023 |
|---|---|---|
| Негізгі басқарушы қызметкерлер | 585 794 | **842 434** |
| оның ішінде: | | |
| Бақылаушы кеңес | 81 214 | **130 499** |
| Басқарма | 504 580 | **711 935** |

# ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2023 жылы KMF қосымша қорландыруды тарту бойынша бірқатар ірі мәміле жасады, оның ішінде:

- EBRD-ден 14,4 млрд теңге сомаға қарыз алу;
- Француз даму агенттігінің еншілес құрылымы болып табылатын Proparco даму қаржы мекемесінен 13,5 млрд теңге сомаға қарыз алу;
- Халықаралық қаржы корпорациясынан (IFC) 8,8 млрд теңге сомасына қосымша қаржыландыру тарту;
- Incofin халықаралық инвестициялық компаниясынан 4,4 млрд теңге көлемінде қаржыландыру тарту;
- «Даму» КДҚ» АҚ-мен 5,5 млрд теңге сомасына кредит желісін ашу туралы жаңа келісім жасау.

# КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ

2023 жылы KMF-те жеке құрылымдық бөлімше ретінде Комплаенс және ішкі бақылау қызметі (бұдан әрі – Комплаенс қызметі) құрылды, олардың негізгі міндеттері:

- KMF-тің «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы №191-IV Заңының (АЖ/ТҚҚ туралы заң) және Қаржы мониторингі жөніндегі үкіметаралық комиссияның (FATF) халықаралық стандарттары талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдарды (АЖ/ТҚҚ) жүзеге асыру туралы;
- KMF және оның қызметкерлерінің нормативтік талаптарды сақтауын бақылауды жүзеге асыру.

АЖ/ТҚҚ туралы заң талаптарын орындау шеңберінде Комплаенс қызметі мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- Клиентті, оның өкілін (оның бенефициарлық меншік иесін) тексеру, оның ішінде санкциялық тізімдерге енгізу үшін автоматтандырылған тексеру;
- АЖ/ТҚҚ туралы заңның ережелерін сақтау тұрғысынан клиенттердің операцияларын мониторингтеу;
- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша KMF қызметкерлерін даярлау және оқыту. Қызмет АЖ/ТҚҚ туралы заңның ережелерін білу үшін KMF қызметкерлеріне оқыту курстарын өткізу және тестілеу;
- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты тәуекелдерді азайту жөніндегі шараларды іске асыру. Комплаенс қызметі ай сайын KMF-тің сәйкесінше тәуекелдерге ұшырауына талдау жүргізеді және оның нәтижелері туралы Басқарма мен Бақылаушы кеңесті хабардар етеді;
- ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан KMF ішкі нормативтік базасын тұрақты талдау.

Комплаенс-бақылау жүргізу шеңберінде Комплаенс қызметі:

- ҚР заңнамасына мониторинг жүргізеді және мүдделі құрылымдық бөлімшелерді нормативтік құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістер туралы хабардар етеді;
- ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру бөлігінде ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын келісуге және бизнес-процестердің инжинирингіне қатысады;

- мәмілелерде мүдделер қақтығысының болмауын тексереді;
- құпия ақпаратқа қол жеткізе алатын КМҒ қызметкерлерінің тізімін қалыптастырады;
- Әлеуметтік-экологиялық басқару жүйесі (SEMS) әдістемесін қолдана отырып, Қарыз алушының қоршаған ортаға кері әсер ету тәуекелдерін бағалау процесін бақылайды.

Бұдан өзге, есепті кезеңде Комплаенс қызметі КМҒ-ті екінші деңгейдегі банкке жоспарланып отырған трансформациядан кейін комплаенс-бақылау жүргізуді регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын дайындады, сондай-ақ пайдалану банкке трансформациядан кейін басталатын ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимылдың автоматтандырылған жүйесіне тестілеу жүргізді.

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

КМҒ Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық талаптарын мүлтіксіз сақтау қағидаттарын қатаң ұстанады және өзінің іскер әріптестері мен клиенттеріне де осындай талаптар қояды. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу Компания жүргізетін корпоративтік саясат басымдықтарының бірі болып табылады.

Компанияның әрбір қызметкері немесе кез келген басқа тұлға Компанияның кез келген қызметкерінің іс-әрекетінің заңдылығына күмән туындаған жағдайда, Компанияны жазбаша нысанда, корпоративтік электрондық пошта не телефон арқылы хабардар етуге құқылы. Компания қызметкерлері тарапынан ықтимал құқық бұзушылық туралы ақпарат алу ішкі тергеу жүргізу үшін негіз болып табылады.

# ІШКІ АУДИТ

Компанияның бизнес ауқымының ұлғаюына байланысты 2024 жылдың қаңтарында Ішкі аудит басқармасы Ішкі аудит департаменті (ІАД) ретінде қайта құрылды. ІАД – Бақылаушы кеңеске есеп беретін тәуелсіз құрылымдық бөлімше. ІАД миссиясы тәуекелдерді азайтуға, қызмет тиімділігін арттыруға және Компанияның стратегиялық мақсаттарына сәтті қол жеткізуге бағытталған ұсыныстарды одан әрі ұсына отырып, объективті тәуелсіз ішкі аудит жүргізу және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау арқылы компания құнын сақтау және ұлғайту болып табылады.

Өз қызметінде ІАД Қазақстан Республикасының заңнамасын және Халықаралық ішкі аудиторлар институты ұсынған Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік практика негіздерін (бұдан әрі – ХКПН) басшылыққа алады. Департамент қызметкерлері үнемі біліктілікті арттыру курстарынан өтеді, олардың кейбіреулері CIA, CRMA, PMI-RMP, DipPIA халықаралық сертификаттарына ие.

ІАД қызметі тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспар негізінде жүзеге асырылады. Есепті және алдыңғы жылдары жылдық аудиторлық жоспар толық көлемде орындалды.

Аудит нәтижелері аудит жүргізілген бөлімшелермен және компания басшылығымен үнемі талқыланады. Тексеру нәтижелері бойынша қажет болған жағдайда түзету іс-шараларының жоспарлары қалыптастырылады, олардың орындалуын ІАД бақылайды және кейіннен Басқармаға, Аудит жөніндегі комитетке және Бақылаушы кеңеске ақпарат береді. Есепті жылы жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру бойынша барлығы 300-ден астам іс-шара әзірленді. Аудиторлық жоспарлардың орындалуы, тексеру нәтижелері және ішкі аудит әдіснамасын жетілдіру туралы негізгі ақпаратты қамтитын ІАД қызметі туралы есептер тоқсан сайын қалыптастырылады және Аудит жөніндегі комитетке және Бақылаушы кеңеске жіберіледі.

# СЫРТҚЫ АУДИТ

Компанияның қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін сыртқы аудиторды таңдау «КМҒ (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС Бақылаушы кеңесінің 2020 жылғы 18 маусымдағы №10 хаттамасы шешімімен бекітілген «КМҒ (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС сыртқы аудиторын таңдау және ауыстыру саясатына сәйкес жүргізілді. Ішкі саясатта анықталған сыртқы аудиторды ауыстырудың негізгі қағидаттары заңдылық, сабақтастық, ашықтық, жүйелік және тәуелсіздік болып табылады.

Компанияның 2023 жылғы қаржылық есептілігінің аудитін «Эрнст энд Янг» ЖШС аудиторлық ұйымы жүргізді. 2023 жылғы қаржылық есептілік аудитин жүргізгені үшін сыйақы сомасы ҚҚС есебімен 64 512 мың теңгені құрады.

KMF



# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

- Тәуекелдерді басқару жүйесі ... 45
- Кредиттік тәуекелді басқару ... 47
- Операциялық тәуекелдерді басқару ... 48
- Өтімділік тәуекелін басқару ... 49
- Пайыздық тәуекелді басқару ... 49
- Валюталық тәуекелді басқару ... 49
- Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету ... 50



# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

KMF Тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ) үш қорғау желісін қамтиды:

- **1-желі** – бұл іс-шараларды тікелей жүзеге асыратын және тәуекелдерді бақылайтын функционалды бөлімшелер мен менеджмент. Тәуекелдерді басқару бөлімшелер мен басшылықтың күнделікті қызметінің бөлігі болып табылады. Олар тәуекелдерді анықтау мен бағалаудың, бақылау рәсімдерін енгізу мен тиімділігін бағалаудың тұрақты процесін қамтамасыз етеді.
- **2-желі** – бұл әдістерді, ережелер мен процедураларды әзірлеуді, тәуекелдерді басқару саласында анықтау, сәйкестендіру, бағалау, мониторинг, бақылау және есеп берудің тиімді құралдарын енгізуді қосқанда, тәуекелдерді басқару процесін қамтамасыз ететін және үйлестіретін, сондай-ақ бірінші қорғау желі деңгейінде қабылданған іс-әрекеттерді бақылайтын және үйлестіретін тәуелсіз талдау бөлімшесі. KMF-те екінші қорғау желісі Тәуекелдерді басқару департаментімен (ТБД) танытылған.
- **3-желі** – бұл Ішкі аудит басқармасы және сыртқы аудит. Бұл қорғау желісінің міндеттері бірінші және екінші қорғау желісіндегі тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау және тексеру болып табылады.




01 АПБК (Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет)

02 КОБК (Кредиттік және операциялық басқару жөніндегі комитет)

Тәуекелдерді басқару процесінде тоқсан сайынғы есептілік шеңберінде КМҒ кредиттік тәуекелге ұшырағыштығы туралы тұрақты есептер алатын Бақылаушы кеңес маңызды рөл атқарады. Бақылаушы кеңестің тәуекелдер жөніндегі комитетінің мүшелері кредиттік тәуекел лимиттерінің бұзылуын (болған жағдайда), бұзушылықтардың себептері мен ұзақтығын бағалайды. Тәуекелдер жөніндегі есептерді бағалау арқылы Бақылаушы кеңестің Тәуекелдер жөніндегі комитетінің мүшелері тәуекелдер деңгейін төмендету және тәуекелді аймақтарды бақылауды күшейту үшін ұсынымдар мен алдын алу шараларын қабылдауы мүмкін.

| КМҒ ТБЖ ҚАҒИДАТТАРЫ | |
|---|---|
| **Тәуекелдерді басқару және тәуелсіз бақылау үшін жауапкершілікті бөлу** | ТБЖ бөлімшелер арасында функциялар мен жауапкершілікті нақты бөлетін үш қорғау желісін қамтиды. КМҒ-тің барлық қызметкерлері тәуекелдерді басқару процесіне қатысады, осылайша әрқайсысы тәуекелдерді сәйкестендіру, талдау және бағалау процестеріне қатысады және олардың лауазымына тән жауапкершілікке сәйкес компанияның тәуекелдерін азайту бойынша шаралар қабылдайды. |
| **Мүдделер қақтығысын болдырмау** | КМҒ тәуекелдерді басқару процесінде мүдделер қақтығысының болуына жол бермейді, бақылау функцияларын (мидл – және бэк-офис) және фронт-офис функцияларын (сату және клиенттерге қызмет көрсету) бөлуді қамтамасыз етеді. |
| **Тәуекелге бағдарланған корпоративтік мәдениет** | КМҒ қызметкерлер арасында тәуекелді түсіну, тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын мойындау, сондай-ақ олардың лауазымына тән жауапкершілікке сәйкес тәуекелдерді анықтау және басқару үшін жеке жауапкершілікті мойындау мәдениетін дамытады және қолдайды. |
| **Коммуникациялардың тиімділігі** | Тәуекелдерді басқару контексіндегі ішкі коммуникациялар КМҒ корпоративтік мәдениетінің бір бөлігі болып табылады және тәуекелдер мен лимиттерге төзімділік деңгейлері бойынша коммуникацияларды, есептілік жүйесін және ұйымның барлық деңгейлерінен тәуекелдерді басқару үдерісіндегі кері байланысты қамтиды. |
| **Тәуекелді ескере отырып сыйақы** | КМҒ қызметкерлеріне сыйақы беру жүйесі қойылған міндеттерді орындаудың табыстылығын ескереді, бұл ретте негізгі процестің тәуекеліне – кредиттік тәуекелге міндетті түрде түзету енгізіледі. Фронт-офис қызметкерлеріне ақы төлеу жүйесінде портфель тәуекелі ай сайынғы сыйақы төлемдеріне тікелей әсер етеді, осылайша портфель тәуекелі неғұрлым жоғары болса, сыйақы да соғұрлым төмен болады. |
| **Регламенттеу және бақылау** | КМҒ бақылаушы органдардың оны ұйымдастыру, қолдану саласы және тәуелсіздік тұрғысынан тәуекелдерді басқару жүйелерінің болуына қойылатын талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. |
| **Құпия ақпаратты қорғау** | КМҒ-те барлық мүдделі тараптарға ақпаратты ашу механизмін сипаттайтын ақпараттың құпиялылық саясаты қолданылады. |
| **Экономикалық мақсаттылығы** | КМҒ-те тәуекелдерді басқару экономикалық мақсаттылық негізінде жүзеге асырылады, бұл ретте тәуекелдерді бақылау шараларының құны осы тәуекелден болатын ықтимал шығындардың шамасынан аспауға тиіс. |

Тәуекелдерді басқару процесінің үздіксіздігі мен бақылануы жеті кезеңді қамтитын тәуекелдерді басқарудың бірыңғай алгоритмін қатаң сақтаумен қамтамасыз етіледі.

## KMF-те тәуекелдерді басқару алгоритмі

| № | КЕЗЕҢ | КЕЗЕҢНІҢ СИПАТТАМАСЫ |
|---|---|---|
| 1. | **Тәуекел-менеджмент жүйесін қалыптастыру** | Тәуекелдерді басқару саясатын құру, тәуекелдерді басқару мақсаттарын және міндеттемелерін анықтау, тәуекелдерді басқаруға бағытталған корпоративтік мәдениетті ынталандыру |
| 2. | **Тәуекелдерді сәйкестендіру** | Тәуекелді табу, тану және сипаттау |
| 3. | **Тәуекелдерді талдау** | Тәуекелдің табиғатын анықтау және тәуекел деңгейін өлшеу |
| 4. | **Тәуекелдерді бағалау** | Тәуекелдердің маңыздылығы мен басымдылығының критерийлерін анықтау |
| 5. | **Тәуекелдерді басқару (тәуекелдерді өңдеу)** | Мерзімдер мен жауапты тұлғаларды айқындай отырып, тәуекелдерді азайту, бақылау, хеджирлеу, сақтандыру және өзге де әсер ету тәсілдері бойынша іс-шаралар жоспарларын әзірлеу |
| 6. | **ТБЖ тиімділігін бақылау және талдау** | Тиімділікті үздіксіз тексеру, кейіннен процестер мен процедураларды жақсарту үшін түзетулер енгізу |
| 7. | **Байланыс пен консультация** | KMF құрылымдық бөлімшелері және қызметкерлері арасында, сонымен қатар басқа мүдделі тараптармен тәуекелдерді басқару жөнінде ақпарат алмасу. |

# КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ

Қазақстанның микрокредит беру нарығының көшбасшысы бола отырып, KMF елдің әлеуметтік және экономикалық дамуына ықпал тигізетінін сезінеді. Клиенттер алдындағы әлеуметтік жауапкершілік Компанияның кредиттік саясатында көрініс табады. Біздің клиентке деген жауапты көзқарасымыз кредиттік тәуекелге оң әсер етеді және клиенттің шамадан тыс кредит алуына жол бермейді.

Кредиттік тәуекелді басқару болжамды тәуекелдерді болдырмауға немесе азайтуға және тиісті резервтерді қалыптастыруға көмектесетін шаралар жиынтығы ретінде анықталады. KMF андеррайтингтің саясаттары мен ережелер жиынтығы (кредиттік өтінімді талдау және бағалау) арқылы жеке клиенттердің дефолт ықтималдығын басқарады. Әрбір қарыз алушы және әрбір кредит және оны қайта құрылымдау/жаңа транш беру кредиттік желі шеңберінде қаржылық талдау әдістемесінің талаптарына сәйкестіктің барлық критерийлері тұрғысынан тексеріледі.

PAR 30/РП30 көрсеткіші портфель тәуекелінің индикаторы болып саналады, ол есепті күнге 30 және одан да көп күн кешіктірілген барлық кредиттер бойынша негізгі борыш сомасының барлық кредиттік портфель бойынша негізгі борыш балансына қатынасы ретінде есептелген. Күтілетін кредиттік шығындарды есептеу 9 ХҚЕС сәйкес Компанияның ішкі әдістемелері негізінде жүргізіледі.

KMF қаржы институты ретінде мерзімі өткен кредиттерді өндіріп алу бойынша жұмыс жүргізеді, бірақ сонымен бірге компания клиенттерден «борыштарды қайтарудың» қатаң практикасын ұстанбайды. Барлық процесс ҚР заңнамасына сәйкес және даму институты ретінде KMF әлеуметтік бағдарлау рухында регламенттелген және жүргізіледі.

Мерзімін өткізіп алуды басқару мақсатында KMF клиент қайта қаралған төлемдер кестесіне сәйкес кредит бойынша төлемдерді төлеуге қабілетті және дайын болған кезде кредиттерді қайта құрылымдауға ұмтылады.

Компания қарыз алушыларының кредит төлеу қабілетіне кері ықпал тигізетін негізгі тәуекел факторлары:

- ШОБ кірістеріне әсер етуі мүмкін сыртқы және ішкі оқиғалар;
- ресми жұмысқа орналасқан клиенттер секторында жалақыны қысқарту немесе кешіктіру;
- Агросектордағы өнім бағасының құбылуы;
- Бизнес және агроклиенттердің операциялық шығыстарының артуы;
- Валюта бағамдарының құбылуы;
- Сауда базарларын оқшаулау және жабу, шекараны жабу;
- Елдегі немесе аймақтардағы саяси тұрақсыздық.

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

KMF операциялық тәуекелді ішкі процестердің, қызметкерлердің қателері мен қасақана әрекеттерінің, қолайсыз сыртқы оқиғалардың салдарынан болатын шығындардың ықтималдылығы ретінде анықтайды. Бұл анықтама құқықтық тәуекелдерді қамтиды, бірақ стратегиялық және жалпы бизнес тәуекелі бұған жатпайды. Құқықтық тәуекел мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: KMF-ке қатысты қадағалау іс-әрекеттері нәтижесінде, сондай-ақ жеке талап-арыздарды реттеу бойынша шығындар нәтижесінде туындаған айыппұлдарға, өсімпұлдарға және өзге де айыппұлдық залалдарға ұшырау.

KMF қабылдаған операциялық тәуекел анықтамасы операциялық тәуекелдерді іске асыру нәтижесінде туындауы мүмкін клиенттер, инвесторлар, ұлттық билік орындары және басқа да мүдделі тараптар арасында Компания беделіне ықтимал залалды да бөліп көрсетеді.

Олардың KMF-ке әсер ету сипатына байланысты операциялық тәуекелдер оқиғалары Базель комитетінің кең таралған жіктелуіне ұқсас жіктеледі.

KMF, егер оқиғаның өзі бастапқыда маңызды емес болып саналса да, реттеуші тарапынан шара қабылданатын және беделді түсіретін салдарға алып келетін операциялық тәуекелдерге қатаң жол бермейді. КМФ қызметкерлерінің кез келген нысандағы алаяқтық әрекеттері немесе ішкі регламенттерді сақтамауы қатаң жауапкершілікке тартылады.

Ішкі бақылау мыналарды қамтиды:

- барлық өнімдер мен қызметтердің шарттары мен сипаттамасын анықтайтын жүйелі түрде ұйымдастырылған, нақты және анық ішкі құжаттар;
- бөлімшелер мен қызметкерлердің өкілеттіктері мен жауапкершілігі;
- осы қызметтер мен міндеттерді қалай орындау керектігін анықтайтын саясат пен процедуралар.

Ішкі бақылау ортасы әрбір жеке қызметкердің іс-әрекетіне ықпал ететін және Бақылаушы кеңес, Бақылаушы кеңес жанындағы Тәуекелдер комитеті, Басқарма және филиалдар мен Бас кеңсенің құрылымдық бөлімшелерінің барлық басшылары қолдау көрсететін және айқындайтын тәуекелдерді басқару мәдениетін құруды қамтиды.

Операциялық тәуекелдерді басқару жүйесінде тәуекелді үйлестірушілер – өз бөлімшесі шеңберінде операциялық тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға жауапты KMF бөлімшесінің қызметкерлері (bottom-up approach) маңызды рөл атқарады.

Операциялық тәуекелдерді басқару шеңберінде негізгі бизнес-процестер үшін тәуекелдің негізгі индикаторлары пайдаланылады, оларды қалыптастыру метрикаларын компанияның барлық бөлімшелері тұрақты негізде қалыптастырады. Операциялық тәуекелдерге ұшырау тұрғысынан операциялық тәуекелдерді өзін-өзі бағалау процесі операциялық тәуекелдерді басқару процесінің бөлігі ретінде тік және көлденең байланыстарды орнатуға мүмкіндік береді. Операциялық оқиғаларды тіркеу мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Операциялық тәуекелдерді басқару процесінде коммуникацияларға және біріншi қорғау желісін оқытуға ерекше рөл бөлінеді, компанияда ішкі корпоративтік портал белсенді дамып жатыр, ол арқылы болашақта тәуекелдерді болдырмау мақсатында бұзушылықтардың алдын алу туралы ақпарат беріледі.

# ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ

Өтімділік тәуекелі KMF-тің ағымдағы төлем міндеттемелерін уақтылы орындай алмауына байланысты компанияның пайдасы мен іскерлік беделіне теріс әсер ету мүмкіндігі ретінде айқындалады.

Компания өтімділікті басқаруды операциялық (жоспарлау мерзімі 1 айға дейін) және тактикалық деңгейде (жоспарлау мерзімі 1 жылға дейін), сондай-ақ стратегиялық деңгейде (жоспарлау мерзімі 1 жылдан астам) қаржыландыру мен қарыз алу қажеттілігін жоспарлаудың үздіксіз процесі ретінде айқындайды. Өтімділікті басқарудың негізгі мақсаты KMF жұмыс істейтін активтерінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету және KMF-тің үшінші тұлғалар алдындағы барлық міндеттемелерінің уақтылы орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

KMF өз қызметін негізінен Қазақстанның ішінде де, сондай-ақ шетелде де қаржы институттарынан алынатын теңгемен және шетел валютасымен орта мерзімді қарыздармен қаржыландырады. Стандартты қарыздардан басқа, KMF капитал түріндегі тартуларды, сондай-ақ реттелген қарыздарды пайдаланады.

KMF өтімділіктің шұғыл жетіспеушілігі жағдайында іске қосылатын міндеттемелерді мерзімінен бұрын қайтарып алуға реакцияны реттеу үшін күтпеген жағдайлар болған жағдайда қаржыландыру жоспарын әзірлейді.

Бұдан басқа, компания Бақылаушы кеңестің ішкі талаптарымен белгіленген өтімді активтердің тұрақты үлесін қолдайды және оны күн сайын ұстанады.

Өтімді активтер ішкі лимиттерге сәйкес екінші деңгейдегі банктерде, сондай-ақ рұқсат етілген қаржы құралдарының бекітілген тізбесіне сәйкес бағалы қағаздар нарығында орналастырылады. Өтімді активтерді орналастыру мақсатында тек жоғары өтімді қаржы құралдары пайдаланылады, негізінен бұл мемлекеттік бағалы қағаздар мен РЕПО.

Екінші деңгейдегі банктерде шоғырлану тәуекелі мониторинг және контрагенттерге арналған лимиттерді тұрақты қайта қарау жолымен басқарылады.

# ПАЙЫЗДЫҚ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ

KMF-тегі пайыздық тәуекел нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне жауап ретінде таза пайыздық кіріске және активтер мен міндеттемелердің нарықтық құнына қолайсыз әсер ету мүмкіндігі ретінде айқындалады.

KMF бизнес-моделі негізінен кредиттік портфель бойынша және KMF өзінің кредиттік қызметін қаржыландыратын қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау мерзімдеріндегі сәйкессіздіктен пайыздық тәуекелдің туындауын болжайды.

ҚР заңнамасына сәйкес микрокредиттер бойынша кредиттеу мөлшерлемелерін арттырудың ең жоғары шегі бар, осылайша, кредиттік портфель бойынша мөлшерлемелерді арттыру пайыздық тәуекелді басқарудың тұрақты құралы бола алмайды. KMF клиенттеріне берілген кредиттер әрдайым микрокредит мерзімі ішінде белгіленген сыйақы мөлшерлемесіне ие, ал KMF міндеттемелері белгіленген және құбылмалы пайыздық мөлшерлемемен болуы мүмкін.

# ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ

KMF бизнес-моделі валюталық тәуекелдің пайда болуын болжайды, өйткені KMF кредитті тек теңгемен береді, сонымен бірге қызметін ішінара шетелдік валюталардағы қарыздар есебінен қаржыландырады. Валюталық бағамдардағы алыпсатарлық KMF-тің бизнес-мақсаты болып табылмайды, KMF-тің мақсаты – қолжетімді қаржы құралдарымен капиталдың рентабельділігі мен құнына қатысты валюталық тәуекелді азайту.

Валюталық тәуекел ашық валюталық позиция лимиттері жүйесі арқылы басқарылады, соңғы бірнеше жыл ішінде компания іс жүзінде нөлдік ашық валюталық позицияны ұстанады. 2022 жылдың соңында позиция меншікті капиталдың – 0,11% құрады.

# ҚЫЗМЕТТІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2019 жылы Компания бизнестің үздіксіздігін басқару саясатын енгізді, ол соңғы жылдардағы маңызды оқиғалардың, оның ішінде 2020-2021 жылдардағы COVID-19 пандемиясының және 2022 жылғы қаңтардағы жаппай тәртіпсіздіктердің ықпалымен жетілдірілді. Компанияда дағдарыстық жағдайлар туындағанда әрекет етуге үйрету үшін қызметкерлерді оқыту тұрақты негізде жүргізіледі, оның ішінде 2023 жылы жер сілкінісі және жұқпалы аурулардың өршуі кезіндегі іс-әрекеттерге оқыту жүргізілді

Covid-19 пандемиясы және 2022 жылғы қаңтардағы оқиғалар сияқты ауқымды оқиғалармен бетпе-бет келудің практикалық тәжірибесіне байланысты бизнестің үздіксіздігін басқарудағы тәуекел-менеджмент функциясы одан әрі нығайды, дағдарысты басқару, оқиғаларға ден қою жөніндегі нұсқаулар мен нұсқаулықтар пысықталды. Бизнестің үздіксіздігін басқару жүйесін дамыту, соның ішінде Бизнеске әсер етуді талдау (BIA), хабардарлықты арттыру жоспарларын іске асыру, оқиғаларды модельдеу және қызметкерлерді оқыту сияқты құралдарды қолдану жалғасып жатыр. Трансформация кезеңінде Банк құрылымдарына арналған нұсқаулықтар әзірленіп жатыр.





# ОРНЫҚТЫ ДАМУ


- Орнықты дамуды басқару ........ 52
- Қызметкерлерді басқару ........ 55
- Қоршаған ортаны қорғау ........ 59
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік ........ 61
- Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл ........ 64




# ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

## Орнықты даму саласындағы Компания басымдылықтары

KMF оның қызметі филиалдары ашылған өңірлердің экономикасына және әлеуметтік дамуына айтарлықтай ықпал ететінін сезінеді. Компанияның Даму стратегиясы оның клиенттері тұратын елді мекендердің әл-ауқаты үшін жауапкершілікті бөлісетіндігін ескере отырып қалыптасады. Сол себепті Компания өз қызметінде орнықты дамудың үш компонентін ескеруге тырысады: экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару компоненті.

| | |
|---|---|
| **Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік** | Компанияның қызметі елдің және оның аймақтарының экономикалық және әлеуметтік дамуына бағытталған. Біздің микрокредиттеріміз ШОБ-ты дамытуға және клиенттеріміз тұратын елді мекендерде жұмыс орындарын құруға себепші болады. KMF ауыл тұрғындары, әйелдерді және халықтың басқа осал топтарын заемдық қаражатпен қамтамасыз етуді кеңейтетін көптеген әлеуметтік бағдарланған бағдарламаларға қатысады. Компания халықтың осал топтарын қолдау, балалар спортын дамыту, мәдениетті қолдау және т.б. салаларда өзінің қайырымдылық бастамаларын жүзеге асырады. |
| **Қоршаған ортаны қорғау** | Компанияның қызметі қоршаған ортаның жай-күйіне тікелей әсер етпейді, алайда біз экологиялық қолайлылық мәселелерінде белсенді позиция ұстанамыз. Біз мемлекеттік және жеке экологиялық бастамаларға белсенді қатысамыз, біздің қызметкерлер табиғат пен экологияға қамқорлық жасауға дайын екендіктерін жеке мысалмен көрсетуге дайын. |
| **Инвесторлардың мүдделері** | Біз инвесторларымыздың қаржылық және өзге де мүдделерін іске асыруға тырысамыз және өзімізге алған барлық міндеттемелерді мүлтіксіз орындаймыз. Компания инвесторлар үшін ашық болуға және өзінің қаржылық және операциялық көрсеткіштері туралы барлық қажетті ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге ұмтылады. |
| **Клиенттердің мүдделері** | Біз клиенттеріміздің өркендегенін қалаймыз және осы мақсатта біздің қызметтерімізге ыңғайлы қолжетімділік пен микрокредиттерімізді берудің барынша тиімді ашық шарттарын құруға тырысамыз. Өздеріне тәуелді емес жағдайларға байланысты қиын жағдайға тап болған клиенттер әрқашан компанияның қолдауына сенім арта алады. |
| **Қызметкерлерге деген қамқорлық** | Біз қызметкерлерді жалдау және мансаптық өсудің ашық саясатын ұстанамыз, қызметкерлерімізді лайықты жалақы мен әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз етуге тырысамыз. Әрбір KMF қызметкерінің сыйақы деңгейі мен мансаптық өсуі оның өнімділігіне және басшылық қойған мақсаттарға қол жеткізуге қосқан үлесіне байланысты. Сонымен қатар Компания оңтайлы еңбек жағдайларын жасауға және ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды сақтауға көп көңіл бөледі. |

# KMF-тің БҰҰ-ның Орнықты даму саласындағы мақсаттарын іске асыруға қосқан үлесі

KMF БҰҰ Бас Ассамблеясының 2015 жылғы 15 қыркүйектегі «Біздің әлемді қайта құру: 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Орнықты даму саласындағы күн тәртібі» 70/1 қарарында бекітілген БҰҰ-ның Орнықты даму саласындағы жаһандық күн тәртібінің мақсаттары мен міндеттерін толығымен қолдайды. Бұл ретте Компания өзінің тікелей қызметі шеңберінде халықтың белгілі бір санаттарына және ШОБ-қа микрокредиттер беру, қайырымдылық және әлеуметтік акциялар өткізу және кадр саясатын іске асыру арқылы 17 мақсаттың 6-ын іске асыруға тікелей үлес қосады.

## KMF-тің БҰҰ ОДМ жетуге қосқан үлесі

| БҰҰ ОДМ | | БІЗДІҢ ҮЛЕС |
|---|---|---|
| 1 КЕДЕЙЛІКТІ ЖОЮ | 1-мақсат. Кедейліктің барлық нысандарын жаппай жою | • Аз қамтылған, табысы төмен және жұмыссыз адамдар үшін олардың әлеуетін ашу мақсатында микрокредит беру бағдарламасын жүзеге асыру<br>• Миссия мен құндылықтарды ұстану, Клиентті қорғау қағидаттарын сақтау<br>• Ең шалғай ауылдық жерлерде филиалдар мен бөлімшелердің кең желісін дамыту<br>• Арнайы субсидиялау бағдарламалары арқылы клиенттерді қолдау<br>• Қайырымдылық және демеушілік көмек<br>• «Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру» бағдарламасын жүзеге асыру<br>• Ауыл кәсіпкерлігін, жастар стартаптарын қолдау<br>• Клиенттердің табыс деңгейін арттыру үшін әлеуметтік ықпалды басқару |

| БҰҰ ОДМ | | БІЗДІҢ ҮЛЕС |
|---|---|---|
| 2 АШТЫҚТЫ ЖОЮ | 2-мақсат. Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына жәрдемдесу | • Ауыл кәсіпкерлігін қолдау<br>• Арнайы субсидиялау бағдарламалары арқылы клиенттерді қолдау<br>• Клиенттердің табыс деңгейін арттыру үшін әлеуметтік ықпалды басқару<br>• Қайырымдылық және демеушілік көмек, ең алдымен, аз қамтылған отбасылардың балалары мен олардың аналарына, зейнеткерлер мен ардагерлерге, жетім балаларға көмек |
| 3 ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ | 3-мақсат. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және барлық жастағы адамдардың әл-ауқатына ықпал ету | • Әлеуметтік пакет, «Қызметкерлерге арналған жеңілдіктер кафетерийін» ұсыну, корпоративтік спорттық іс-шаралар арқылы салауатты өмір салтын қолдау<br>• Әртүрлі бағыттағы және әртүрлі жастағы спорт ұйымдарына демеушілік көмек<br>• Пандемия кезінде медициналық мекемелерді қолдау<br>• Әлеуметтік ықпалды басқару<br>• «Іскер» корпоративтік журналында дұрыс тамақтану, бизнестің экологиялық түрлерін дамыту туралы жарияланымдар |
| 4 САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ | 4 – мақсат. Жан-жақты және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлығына өмір бойы білім алу мүмкіндігін ынталандыру | • Отбасы бюджетін басқаруда және бизнесті басқаруда қаржылық сауаттылықты арттыру бағдарламасын жүзеге асыру<br>• Балаларға, жасөспірімдерге және жастарға арналған қаржылық сауаттылық жобасын дамыту<br>• Стартап конкурстарын, хакатондарды, шығармашылық конкурстарды және т.б. өткізу.<br>• Тәлімгерлік бағдарламаның жобасын жүзеге асыру<br>• Студенттік және жастар ұйымдарымен ынтымақтастық |

| БҰҰ ОДМ | | БІЗДІҢ ҮЛЕС |
|---|---|---|
| 5 ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК | 5-мақсат: Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйел мен қыздың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту | • Жұмысқа алу кезінде әділ жағдай жасау, тең мансаптық мүмкіндіктер ұсыну мен тең еңбекақы төлеу, декреттік қолдау және т. б.<br>• Клиенттердің табыс деңгейін арттыру үшін әлеуметтік ықпалды басқару<br>• Қаржылық сауаттылықты арттыру бағдарламасын жүзеге асыру<br>• «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасын жүзеге асыру<br>• Әйелдер кәсіпкерлігін ынталандыру үшін «KMF Isker hanymy» жүлдесін өткізу<br>• «Әйелдер кафесі» шеңберінде іскерлік таңғы ас ұйымдастыру<br>• Спорттағы әйелдер командаларын, «Мама PRO» және «Ерекше аналар» қорларын қолдау |
| 6 ТАЗА СУ ЖӘНЕ САНИТАРИЯ | 6-мақсат: Барлығы үшін су ресурстары мен санитарияның болуын және ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету | • Офистерде суды үнемді пайдалану, сумен және жылумен жабдықтау жүйелерін автоматтандыру<br>• ECO Network компаниясымен ынтымақтастық, қызметкерлер үшін тренингтер өткізу<br>• Экологияға, адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін жобаларды қаржыландырудан бас тарту |
| 7 ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ | 7-мақсат: Барлығына арзан, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету | • KMF офистерінің және оның филиалдарының ғимараттарында сумен, электрмен және жылумен жабдықтаудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалану<br>• ЕҚҚДБ-мен серіктестікте GEFF (Green Economy Financing Facility) жасыл экономиканы қаржыландыру бағдарламасын жүзеге асыру, энергия тиімді жабдықтар мен техниканы сатып алуға көмек көрсету |

| БҰҰ ОДМ | | БІЗДІҢ ҮЛЕС |
|---|---|---|
| 8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ | 8-мақсат: Үдемелі, толық қамтылған және орнықты экономикалық өсуге, толық және нәтижелі жұмыспен қамтуға және барлығына лайықты жұмысқа жәрдемдесу | • Қолжетімді және сапалы микрокредиттік қызметтерді қамтамасыз ету<br>• Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бағдарламасы<br>• Әйелдер, ауыл, жастар және әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау<br>• Жұмыс орындарын құруға жәрдемдесу<br>• Әлеуметтік ықпалды басқару |
| 9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ | 9-мақсат: Тұрақты инфрақұрылым құру, жан-жақты және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу | • Стартап-қоғамдастықпен, MOST бизнес-инкубаторымен ынтымақтастық<br>• Жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық<br>• Инновациялық жобаларды, конкурстарды, іс-шараларды ұйымдастыру және қатысу<br>• Жасыл қаржыландыру бағдарламаларын жүзеге асыру |
| 10 ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ | 10-мақсат: Елдердегі және олардың арасындағы теңсіздік деңгейін төмендету | • Бүкіл ел бойынша сапалы қаржылық қызметтерге кең қолжетімділікті қамтамасыз ету<br>• Миссияны, құндылықтарды және клиенттерді қорғау қағидаттарын сақтау<br>• Әлеуметтік ықпалды басқару<br>• Әлеуметтік және қайырымдылық жобаларды жүзеге асыру<br>• Әр түрлі аудиториялар арасында қаржылық сауаттылық бағдарламаларын ілгерілету<br>• Кез келген жастағы және мүмкіндіктегі кәсіпкерлікті қолдау |
| 11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР | 11-мақсат: Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және орнықтылығын қамтамасыз ету | • Мәдени, экологиялық, әлеуметтік жобалар мен іс-шараларға қатысу<br>• Жұртшылықпен, мемлекеттік органдармен, бизнеспен және ҚЕҰ-мен өзара іс-қимыл |

# ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

## HR саласындағы KMF стратегиялық басымдылықтары

**1. Компанияның миссиясына, пайымы мен құндылықтарына, меритократия және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына негізделген корпоративтік мәдениетті дамыту.**

- **Жұмыс берушінің брендін басқару.** Компанияның басты басымдықтарының бірі еңбек нарығындағы әлеуетті кандидаттар мен жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің мақсатты аудиториясы үшін тартымды бәсекеге қабілетті құндылық ұсынысын құру және дамыту болып табылады. Біз жұмыс берушінің сыртқы нарықтағы брендінің компанияның нақты корпоративтік мәдениетін көрсетуін, бизнестің нақты құндылықтарын көрсетуін қамтамасыз етеміз. Біз осы Құндылықтарды бағалаймыз және нарықтың барлық қатысушыларының тұрақты өсуін қамтамасыз ете отырып, клиенттермен өзара тиімді ынтымақтастықтың ұзақ мерзімді қарым-қатынастарын құруға мүмкіндік берген микрокәсіпкерлікті дамыту мен қолдауға компанияның қосқан үлесін маңызды деп санаймыз.
- **Дамуға жайлы жұмыс ортасын құру.** Онда әрбір қызметкер кәсіби дами алатын және өз әлеуетін аша алатын, бизнесті дамытуға өз үлесін қоса алатын және әділ мойындалып, сыйақы алатын болуы қажет. Біз Компанияның кеңселерінде де, қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерін немесе аралас режимдерді дамыта отырып, жұмыс орындары мен өндірістік ортаны жобалауда икемділік пен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тырысамыз.

**2. Компания стратегиясын іске асыруды және ұйымдастырушылық дамуды HR-қолдау**

- **Бизнесті трансформациялау.** 2023-2025 жылдары бизнесті трансформациялау жоғары басшылықтың басты назарында (оны қайта ұйымдастыруға, реттеуші талаптардың өзгеруіне байланысты) және HR саласындағы негізгі міндеттер осы өзгерістерді қолдауға бағытталған іс-шаралар болып табылады.
- **Қатыстыру және Біріктіру.** Осы кезеңде басқару командасын да, жалпы персоналды да біріктіру қызметі ерекше маңызға ие. Жоғары басшылықтың маңызды басымдығы өршіл мақсаттарға қол жеткізу және компанияның әлеуетін арттыру, сонымен бірге мәдени сабақтастықты қамтамасыз ету, құндылықтарға негізделген компанияның бәсекелестік артықшылықтарын сақтау болады. Компания әрбір қызметкердің компания мақсаттарына қатысуын, сондай-ақ әлеуметтік орта мен өндірістік қатынастардың саулығын қамтамасыз ете отырып, қатыстыру мен біріктіруді басқару саласындағы әдістеме мен құралдарды жетілдіру маңызды деп санайды.

**3. Таланттарды басқару**

- **Таланттарды тарту.** Компания өзінің таланттарды басқару саясатын меритократия, әртүрлілікті, теңдікті және инклюзияны қамтамасыз ету қағидаттары негізінде құрады.
- **Таланттарды дамыту.** Компания қызметкерлердің біліктілігін дамытуды адами капиталға инвестиция ретінде қарастырады, өткізілетін іс-шаралар мен қаржылық нәтиже арасындағы тікелей байланысты қамтамасыз етуге тырысады. Фронт-офис қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін дамыту, компания менеджментінің көшбасшылығы мен басқару құзыреттерін дамыту, компанияның әрбір қызметкерінің мамандануы шеңберінде кәсіби даму маңызды бағыттар болып табылады.
- **Жеке және командалық өнімділікті басқару.** Компания әрбір қызметкер үшін дамудың оңтайлы қарқынына сәйкес мансаптық дамуға қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында жеке және командалық нәтижелілікті басқару, сондай-ақ әлеуетті бағалау және дамыту жүйелерін жетілдіреді.
- **Сабақтастықты қамтамасыз ету және жоспарлау.** Компанияның әрбір қызметкерінің ашық бос жұмыс орындарына конкурстарға қатысуға, лауазымға кірісу және бейімделу кезінде сүйемелдеу мен қолдау алуға мүмкіндігі бар.

**4. Сыйақыны басқару**

- **Өтемақы саясаты.** Компания материалдық және материалдық емес сыйақылардың ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етуді басты басымдықтардың бірі ретінде қарастырады.
- **Лауазымдық разрядтар жүйесін басқару.** Компания базалық төлемнің бәсекеге қабілетті әділ жүйесін қамтамасыз ету мақсатында еңбек нарығын зерттеу (шолу жасау, мониторинг нәтижелері) негізінде базалық сыйақымен операциялар жүргізеді.
- **Нәтиже үшін сыйақы.** Сыйақының өзгермелі бөлігін төлеуде Компания нәтижелерге қол жеткізуді, жауапкершілікті және ең жақсы орындауды ынталандыратын өнімділік пен нәтижелілік көрсеткіштеріне сүйенеді.

**5. Әлеуметтік жауапкершілік, әл-ауқат және денсаулық**

- **Әлеуметтік қолдау.** Компания өз қызметкерлеріне қиын өмірлік жағдай туындаған жағдайда төлемдер мен жеңілдіктердің кең пакетін ұсыну арқылы қолдау көрсетеді.
- **Әл-ауқат және денсаулық.** Компанияның сыйақы саласындағы саясаты қызметкерлердің денсаулығын мақсатты төлемдер (емдік жәрдемақылар) және жеңілдіктер (медициналық сақтандыру) деңгейінде де, өндірістік ортаға инвестициялар деңгейінде де қолдауды көздейді. Біз әр жұмыс орнында жұмыс істеуге ыңғайлы жағдай жасауға тырысамыз.

**6. Жүйенің персоналды қамту қажеттіліктеріне технологиялық сәйкестігін қамтамасыз ету**

- **Адами ресурстарды басқару жүйесін автоматтандыру.** Компания HR-процестерді автоматтандыру міндеттерін тәуекелдерді азайту және сонымен бірге адами ресурстардан түсетін кірісті барынша арттыру қызметі ретінде қарастырады.
- **Фактілер мен деректерді талдау негізінде шешім қабылдау.** Компания қабылданатын шаралардың негізділігі мен ашықтығын қамтамасыз ете отырып, фактілер мен деректерді талдауға сүйене отырып, кадрлық шешімдер қабылдайды.

## Еңбек қатынастары практикасы

KMF кадр саясатының мақсаты Компанияның стратегиялық мақсаттарына жету үшін құрамы мен құзыреттілік деңгейі жеткілікті ұжымды қалыптастыру болып табылады. Жаңа қызметкерлерді жалдау процедурасы бірнеше іріктеу кезеңдерін қамтиды. Бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеу барысында олардың кәсіби құзыреттілігінің деңгейі ғана емес, сонымен қатар біздің корпоративтік құндылықтарымызды бөлуге дайындығы да бағаланады.

Барлық жаңадан жалданған қызметкерлер жұмысқа орналасқаннан кейін функционалдық және әлеуметтік-психологиялық бейімделуден өтеді. Әрбір жаңа қызметкер өзінің алғашқы жұмыс күнінде «KMF-ке қош келдіңіз!» тренингінен өтеді, сол жерде оның компания ұжымындағы кәсіби және әлеуметтік бейімделуі басталады.

Компания адами ресурстарды басқарудың бизнес-процестерін цифрландыру бойынша жұмыс жүргізуде. HR бөлімшесі өз жұмысында WebSoft HCM және E-Staff бағдарламалық өнімдерін пайдаланады, қызметкерлердің құзыреттілік деңгейі мен тиімділігін бағалауды, қызметкерлерді іріктеу және жалдау процедураларын автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Компания қызметкерлермен қарым-қатынастарын Қазақстанның еңбек заңнамасының нормаларына қатаң сәйкестікте қалыптастырады және қызметкерлердің барлық заңнамалық бекітілген құқықтарының іске асырылуына кепілдік береді. Еңбек дауларын шешу үшін компанияда Келісу комиссиясы құрылды, оған еңбек ұжымы мен жұмыс беруші өкілдерінің тең саны кіреді. Есепті кезеңде компанияда еңбек заңнамасын бұзу және қызметкерлерді кемсіту жағдайлары тіркелген жоқ.

Компанияда қызметкерлерді жынысы, жасы, әлеуметтік мәртебесі және өзге де белгілері бойынша кемсітуге жол берілмейді. Қызметкерлерге төленетін сыйақы оның жынысына, жасына және басқа да айырмашылықтарына қарамастан, тек әрбір нақты қызметкердің еңбегімен және компания қызметінің нәтижелеріне қосқан үлесімен анықталады. Компания балалар мен мәжбүрлі еңбекті пайдалануға жол бермейді.

# Қызметкерлер құрамы

Компания қызметкерлерінің нақты саны 2022 жылдың басында 2 142 қызметкер болса, жылдың аяғында 2 227 қызметкерге дейін өсті, бұл ретте кадрлардың тұрақтамауы коэффициенті 27%-дан 30%-ға дейін өсті. Қызметкерлердің жалпы санынан 601 адам бас офисте және 1 626 адам Компанияның филиалдарында жұмыс істейді. Компанияның 5 қызметкері – жоғары буын басшысы, орта буын – 455 қызметкер, қалғандары мамандар немесе техникалық қызметкерлер болып табылады.

Персоналдың гендерлік құрылымы тұтастай алғанда теңдестірілген және есепті жыл ішінде елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Әйелдер жалпы қызметкерлер санының 53,4% құрайды (2 227 қызметкердің 1 191-і).

Ең көп жас тобы – 25 пен 40 жас аралығындағы қызметкерлер, бұл жалпы персоналдың 61,9% құрайды (1 378 қызметкер). Бұл ретте 2022 жылы персоналдың жас құрылымы біршама әртараптандырылды: 25 жасқа дейінгі қызметкерлердің үлесі 9,0%-дан 10,1%-ға дейін, 40-тан 55 жасқа дейін – 18,6%-дан 19,2%-ға дейін, 55 жастан асқандар – 2,9%-дан 3,1%-ға дейін өсті.

2022 жылы 132 қызметкер ана/әке демалысын алды, 61 қызметкер ана/әке демалысынан оралды.

## Қызметкерлердің нақты саны

қызметкерлер, кезең аяғында




## Кадрлардың тұрақтамауы

кезең үшін %




## Жынысы бойынша бөліністегі персонал құрылымы

%, кезең аяғында




## Жасы бойынша бөліністегі персонал құрылымы, %, кезең аяғында



## Қызметкерлерді ынталандыру және оқыту

KMF-те Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге және білікті қызметкерлерді сақтап қалуға бағытталған ашық, әділ ынталандыру жүйесі жұмыс істейді. Ынталандыру жүйесі сыйлықақының үш түрін қамтиды:

- Фронт-офис қызметкерлеріне ай сайынғы сыйлықақы беру, оның мөлшері айдың қорытындысы бойынша айқындалады;
- Жыл ішіндегі жұмыс тиімділігін ескере отырып есептелген рейтинг негізінде жыл қорытындысы бойынша жыл сайынғы сыйлықақы;
- Жобаларды аяқтау нәтижелері бойынша ақшалай сыйақы алатын жобаларға қатысушыларға жобалық сыйлықақы беру.

2023 жылдың қорытындысы бойынша барлық қызметкерлердің жалақысын 15%-ға индекстеу жүргізілді.

Компанияда «кафетерий» қағидаты бойынша қалыптастырылатын әлеуметтік пакет жұмыс істейді: әрбір қызметкер өзі үшін Компания белгіленген лимиттер мөлшерінде төлейтін жеңілдіктер жиынтығын қалыптастыра алады. Компанияның әлеуметтік пакеті қызметкерлерді әлеуметтік қолдауға, қызметкер мен отбасы мүшелерінің денсаулығын қолдауға, «жұмыс және жеке өмір» тепе-теңдігін сақтауға, қызметкерлер мен олардың балаларын дамытуға бағытталған.

KMF персоналын оқыту және дамыту корпоративтік мәдениеттің бір бөлігі болып табылады және жүйелі негізде жүргізіледі. Компанияда барлық қызметкерлер үнемі қол жеткізе алатын электрондық курстары бар корпоративішілік оқыту платформасы бар.

2024 жылы 1 463 қызметкер оқудан өтті, 1050 қызметкер екіден астам оқу бағдарламасынан өтті. Қызметкерлер мына бағдарламалар бойынша оқудан өтті:

- Жаңа лауазымда жұмыс тиімділігін қамтамасыз ететін стандартты міндетті бағдарламалар;
- Бизнеспен, Компанияның корпоративтік мәдениетімен және процестерімен танысуға бағытталған жаңа қызметкерлер үшін міндетті бағдарламалар;
- Жұмыс орнында бейімделу шеңберіндегі белгілі бір функцияға/лауазымға арналған бағдарламалар;
- Негізгі басқарушылық және коммуникативтік тәжірибелерді меңгеруге бағытталған міндетті бағдарламалар.

## Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

KMF өз қызметкерлерінің денсаулығы мен еңбек қауіпсіздігіне ерекше мән береді. Компаниядағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жүйесі 2020 жылғы 8 желтоқсанда KMF Басқармасы бекіткен Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулыққа (бұдан әрі – ЕҚжәнеЕҚ жөніндегі нұсқаулық) негізделеді. ЕҚжәнеЕҚ жөніндегі нұсқаулықта зиянды және қауіпті өндірістік факторлар жүйеленген, ЕҚжәнеЕҚ бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі техникасына оқыту тәртібі айқындалған, авариялық жағдайларда іс-қимыл жасау тәртібі, сондай-ақ еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды есепке алу және тергеу тәртібі сипатталған.

Компанияның барлық қызметкерлері қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтың төрт түрінен өтеді: кіріспе; жұмыс орнындағы бастапқы; қайталама; жоспардан тыс. Жұмысқа жаңадан қабылданған адамдар міндетті түрде жұмысқа қабылданған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде қашықтан оқыту жүйесінде ЕҚжәнеЕҚ мәселелері бойынша оқудан өтеді, кейіннен білімін міндетті түрде тексереді. ЕҚжәнеЕҚ мәселелері бойынша оқудан, нұсқаудан өтпеген және білімі тексерілмеген қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді.

KMF барлық құрылымдық бөлімшелері әр жайдың 40-50 м2 ауданына бір өрт сөндіргіштің ең төменгі нормативіне сүйене отырып, жарамды бастапқы өрт сөндіру құралдарымен (өрт сөндіргіштермен) қамтамасыз етіледі. Оқшауланған ғимаратта орналасқан әрбір құрылымдық бөлімшеде өрт сөндіру жабдықтары болады, оған құм салынған қорап, күрек, сүймен және багор кіреді.

KMF ғимараттары мен кеңсе жайларында бір қабатта оннан астам адам болған кезде өрт туындаған жағдайда адамдарды эвакуациялау жоспарлары әзірленуге тиіс. Эвакуациялау жоспарларын мамандандырылған ұйымдар кеңселерді, жайларды немесе ғимараттарды орналастыру схемалары негізінде әзірлейді. Өрт дабылы мен өрт сөндіру, түтінге қарсы қорғау жүйелерін қолдана отырып, адамдарды эвакуациялау, өрт туралы адамдарды хабардар ету және эвакуацияны басқару бойынша оқу-жаттығулар жыл сайын өткізіледі.

# ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

## Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат

Өз қызметін жүзеге асыру барысында Компания қоршаған ортаға және ресурстарды пайдалануға ұқыпты және ұтымды қарауды қамтамасыз етеді. KMF өз қызметінде Қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі қағидаттардың талаптарын сақтайды:

- адам өмірі мен денсаулығын қорғау, халықтың өміріне, еңбегі мен демалысына қажетті қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру;
- қоршаған ортаға ықтимал зиянның алдын алу.

KMF экологиялық және әлеуметтік ықпалды анықтау, бағалау және басқару мақсатында әлеуметтік-экологиялық басқару жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды күш-жігерін пайдаланады. Компания экологиялық және әлеуметтік мәселелермен байланысты KMF-тің іскерлік беделі үшін құқықтық, қаржылық салдарды болдырмауға бағытталған тиісті шараларды қабылдайды.

KMF қызметі қоршаған ортаға ластаушы заттардың апаттық және тұрақты емес төгінділері, ағынды сулардың төгінділері, парниктік газдар мен басқа да ластаушы заттардың атмосфераға шығарындылары сияқты көрсеткіштер бойынша айтарлықтай әсер етпейді. Компания жаңартылатын ресурстардың шамадан тыс жұмсалуына жол бермеу бойынша барлық шараларды қабылдайды. Қағазды ұтымды пайдалану үшін KMF электрондық құжат айналымына көшті және барлық ішкі қызметтік құжаттар электрондық түрде құрастырылады және сақталады. Су мен электр энергиясын үнемдеу үшін кеңселерде су құбыры уақытылы жөнделеді, энергия үнемдейтін жарық көздері мен қозғалыс датчиктері орнатылады.

KMF ішкі құжаттарында іске асырылуы экологияға, адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін KMF жобаларын қаржыландыруға тыйым салатын нормалар көрсетілген. Компанияда әлеуметтік-экологиялық басқару жүйесі (SEMS) әдістемесі қолданылады. Осы әдістемеге сәйкес қоршаған ортаға жағымсыз әсер етуі мүмкін Қарыз алушылардың қызмет түрлерінің тәуекел дәрежесінің әртүрлі дәрежесі айқындалған. Кредитке өтінімдерді қарау кезінде KMF қарыз алушылардың (өтініш берушілердің) қызметіндегі табиғатты қорғау аспектілеріне ерекше назар аударады және экологиялық бағдарланған жобаларды қолдайды. Кредит беру кезінде тыйым салынған бағыттардың бірі қоршаған ортаға, адамның өмірі мен денсаулығына елеулі зиян келтіретін жобаларға кредит беру болып табылады.

## Ресурстарды тұтыну және қалдықтарды басқару

KMF тұрақты негізде қалдықтары аз және ресурс үнемдейтін технологиялар мен жабдықтарды енгізу жөніндегі қызметті жүргізеді. Компанияның Бас офисі мен оның филиалдарының ғимараттары сумен, электрмен және жылумен жабдықтаудың автоматтандырылған жүйелерімен жабдықталған.

### KMF-тің 2023 жылы ресурстарды тұтынуы

| РЕСУРС ТҮРІ | ӨЛШ.БІР | БІР ЖЫЛДА ТҰТЫНУ |
|---|---|---|
| Су тұтыну | $м^3$ | 1 154 812,18 |
| Ағынды суларды бұру | $м^3$ | 643 868,21 |
| Электр энергиясы | кВт*сағ | 42 508 683,99 |

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес Компания кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін қауіпті қалдықтарды (қорғасын батареялары, аккумуляторлар, құрамында майы бар қалдықтар, пневматикалық шиналар, қатты тұрмыстық қалдықтар, құрамында сынабы бар шамдар, пайдаланылған майлар) жинайды.

# Климат әсерін басқару

XXI ғасырда экономикалық қызметтің климатқа теріс әсерін болдырмау мәселелері әлемнің күн тәртібіндегі маңызды тармақтарының біріне айналды. KMF барлық бизнес субъектілерінің климатқа теріс әсерін азайту үшін жауапкершілікті бөлу қажеттілігін толық түсінеді және өзінің бизнес-стратегиясына климат әсерін азайту жөніндегі шараларды интеграциялау бойынша жоспарлы жұмыс жүргізеді.

KMF қызметі мыналардың есебінен климаттың өзгеруіне әсерін азайтуға тырысады:

- қарыз алушы қызметінің қоршаған ортаға ықтимал теріс әсеріне байланысты оның тәуекел дәрежесін айқындауды көздейтін басқарудың әлеуметтік-экологиялық жүйесі (SEMS) жөніндегі әдістеме бойынша кредит беру кезінде клиенттерге экологиялық бағалау жүргізу;
- өзінің негізгі қызметін жүргізу кезінде отын-энергетикалық ресурстардың шығынын азайту;
- энергия үнемдеу технологияларын неғұрлым ұтымды пайдалану және енгізу есебінен электр энергиясының шығынын азайту.

Дегенмен, Компанияның кредиттік портфелінің үштен бірінен астамы (2023 жылдың соңына 35,2%) ауыл шаруашылығы мен АӨК-те жұмыс істейтін ШОБ субъектілеріне тиесілі. Қарыз алушылардың осы санатының қызметі және олардың қаржылық жағдайы айтарлықтай дәрежеде табиғи-климаттық факторларға байланысты. Осыған байланысты KMF Тәуекелдерді басқару департаменті кредиттік портфельдің сапасы бойынша тарихи деректер мен ҚР Мемлекеттік климаттық кадастрының ақпараты негізінде АӨК саласында өз қызметін жүргізетін қарыз алушылардың кредит қабілеттілігіне климаттық факторлардың әсерін бағалау жүйесін дамытады.

2023 жылдың соңында KMF-те ESG принциптері мен тәсілдерін енгізу бойынша жұмыс тобы құрылды, оның құрамына Компанияның барлық негізгі бөлімшелерінің, соның ішінде Тәуекелдерді басқару департаментінің өкілдері кірді. Жұмыс тобы орнықты дамудың экологиялық компонентін іске асыру бөлігінде орта мерзімді кезеңге арналған іс-шаралар тізбесін айқындады, оған мыналар кіреді:

- Тікелей және өтпелі климаттық тәуекелдерді бағалау әдістемесін қоса алғанда, әлеуметтік-экологиялық тәуекелдер саясатын әзірлеу және бекіту.
- Компания қызметінің нәтижесінде парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларының көлемін бағалау;
- «Жасыл» және энергия үнемдеу технологияларын енгізу жөніндегі бағдарламаларды одан әрі дамыту;
- Клиенттерді экологиялық бағалау тәсілдерін жетілдіру және дамыту, оның ішінде климатқа теріс әсер ету бөлігінде.



# КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

## Компанияның қайырымдылық бастамаларын жүзеге асыру саласындағы тәсілі

KMF-те әлеуметтік және экологиялық бағдарламаларды іске асыруға, мәдениетті, спортты, денсаулық сақтауды, білім беру мен ағартуды қолдауға, қоғамдық пайдалы қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ аз қамтылған және мұқтаж азаматтарды қолдауға бағытталған Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік пен қайырымдылық саясаты әзірленді және қолданылады.

Саясатта әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі қағидаттары, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік пен қайырымдылық саласындағы негізгі бағыттар, қайырымдылық көмек алатын субъектілер, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл қағидаттары сипатталған.

Көмек көрсету туралы өтініштерді қарау үшін демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету саясаты әзірленді және қолданылады, онда KMF және KMF-Демеу қызметкерлері қатарынан арнайы құрылған қайырымдылық және демеушілік жөніндегі комиссияның өтініштерді қарау регламенті сипатталған.

Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету үшін KMF-Демеуде көмек көрсетудің миссиясы мен мақсаттарына сәйкес KMF филиалдарының өтінімдері негізінде бюджет қалыптастырылады: компания балалар спортын қолдауға, қоршаған ортаны қорғауға, ауыл инфрақұрылымын қолдауға және дамытуға, көп балалы және аз қамтылған отбасыларға және әлеуметтік осал отбасыларға көмек көрсетуге, жастар кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған жобаларды қолдайды. Бюджетте жоспарланбаған өтінімдерге резерв ретінде шағын сома қарастырылады.

## 2023 жылғы қайырымдылық және демеушілік

**Балалар спортын қолдау.** 2023 жылы KMF балаларға арналған үш спорттық іс-шараның демеушісі болды:

- 2023 жылғы 4 наурызда Жамбыл ауданының 8-11 сынып оқушылары арасында волейбол турнирі өткізілді. KMF 765 мың теңгеге демеушілік көмек көрсетті. Бұл сомаға спорттық форма жинақтары, медальдар, доптар, кубоктар, шағын тәттілер сатып алынды.
- 2023 жылғы 1 мамырда Алматы қаласындағы филиалдың бастамасымен Есік қаласында жоғары сынып қыздары арасында баскетбол турнирі өткізілді. Демеушілік көмек сомасы 615 424 теңгені құрады.
- 2023 жылғы 14 наурыздан 17 наурызға дейін Тараз қаласында 8-14 жастағы балалар арасында шахмат турнирі өткізілді. Демеушілік көмек сомасы 1 млн 400 мың теңгені құрады. Осы сомаға медальдар, ақшалай сертификаттар, тәттілер сатып алынды.

**Студенттер мен жастарды қолдау.** KMF талантты жастарға тұрақты негізде қолдау көрсетеді. 2023 жылы осы бағыт аясында мына іс-шаралар өткізілді:

- Компания 6 жыл бойы Enactus Қазақстан жастар кәсіпкерлік мектебін қолдап келеді, ал соңғы 2 жыл бойы компания мектептің платина демеушісі болып табылады. Enactus Қазақстан – стартап-жобалар мен инновацияларды әзірлеуді ынталандыра отырып, кәсіпкерлердің студенттік қауымдастығын үйлестіретін және дамытатын халықаралық коммерциялық емес ұйым. 2023 жылы Enactus Kazakhstan қолдауы аясында түрлі іс шараларға 2700 ден астам студент қатысты
- 2023 жылы KMF-Демеу ұйымдастырған «Financial Literacy Competiton» арнайы қаржылық сауаттылық байқауының қорытындысы шығарылды, оған 21 университет командасы (150 студент) қатысты, байқау шеңберінде 3 500 оқушы FinBoss курсынан өтті, оны KMF-Демеу 5-8 сынып оқушылары үшін әзірледі. «AMU» (Астана қаласының медицина университеті) командасы байқаудың жеңімпазы атанып, 1 млн теңге көлемінде жүлде алды. Балаларға арналған қаржылық сауаттылық бойынша «Smile Race» ойынын әзірлеуге қосымша «KMF-Демеу» брендімен 3 млн теңге бөлінді. Ойынға KMF кредиті бар карталар қатысады.

KMF және KMF-Демеу 3 жыл қатарынан KMFMentorProFinance атты студенттерге арналған менторинг жобаларын қолдап келеді. Осы бағдарлама шеңберінде қаржы мамандығына оқып жүрген студенттер мен жас мамандарға қаржы, IT, HR саласындағы жетекші сарапшы-практиктер тәлімгерлік қолдау көрсетеді. 2023 жылы тәлімгерлер қатарында тағы да KMF қызметкерлері болды. Mentor Pro Finance жобасын іске асыру шеңберінде менторлармен және ментилермен ресми және бейресми кездесулер өткізілді. Бағдарламаға 100 менти және 50 ментор қатысты, оның ішінде 6 ментор KMF-тен болды.

**Халықтың әлеуметтік осал тобын қолдау (көп балалы және аз қамтылған отбасылар, ерекше қажеттіліктері бар балалары бар отбасылар).** 2023 жылы KMF мына ұйымдарға қайырымдылық көмек көрсетті:

- **«Айыртау ауданының өмірлік қиын жағдайда душар болған балаларды қолдау орталығы» КММ, Ақмола облысы.** Орталыққа экраны бар проектор, бейсбол қалпақтары, тәттілер, ойыншықтар табысталды. Қайырымдылық көмек сомасы 497 565 теңгені құрады.
- **Ушинский атындағы №7 КММ.** Ерекше қажеттіліктері бар балаларды инклюзиялауды қолдау кабинеті үшін құрал-жабдықтар мен дамыту құралдарын сатып алуда қайырымдылық көмек көрсетілді. Қайырымдылық көмек сомасы 325 829 теңгені құрады.
- **Атбасар қ. «№8 психологиялық–педагогикалық түзету кабинеті» КММ.** Ерекше қажеттіліктері бар балаларды оңалту үшін құрал-жабдықтар сатып алынды. Қайырымдылық көмек сомасы 500 мың теңгені құрады.
- **Қызылорда облысы Білім басқармасының Жалағаш ауданының «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ.** Қайырымдылық көмек сомасы 136 мың теңгені құрады. Балаларға қуаныш пен шабыт сыйлау үшін KMF және KMF-Демеуден дамытатын ойыншықтар мен «шығармашылық чемодандары» табысталды.
- **Garyshker білім беру платформасы.** «Мектепке жол» жобасы шеңберінде KMF Қазақстанның аз қамтылған отбасыларының балалары үшін мектеп керек-жарақтары бар 900 рюкзак сатып алды. Қайырымдылық көмек сомасы 6 млн теңгені құрады.
- **«Ерекше аналар» оңалту орталығы.** KMF-Демеу Астана қаласындағы «Ерекше аналар» қорына Даун ауруымен, аутизммен және басқа да аурулармен ауыратын балаларға арналған арнайы жиһаз сатып алуға 3 млн теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетті.
- **«МамаПро» ҚҚ.** Ерекше балалардың ата-аналары 2018 жылдың қаңтар айында «Мама Про» әлеуметтік осал әйелдерді қолдау және дамыту қорын құрды. 2023 жылы қорға қазақ және орыс тілдерінде кәсіпкерлік курстарын өткізуге 2,5 млн теңге сомасында қайырымдылық көмек көрсетілді. KMF-Демеу Бизнес-тренерлері де ерекше балалардың аналарына арналған бизнес бойынша тренингтер өткізеді.

**Кәсіпкер әйелдерді қолдау.** Қаржылық емес қолдау шеңберінде KMF және «KMF-Демеу» 2006 жылдан бастап Қазақстанның түрлі қалаларында әйелдер үшін конференциялар өткізеді. Мұндай кездесулер оқыту, нетворкинг, тәжірибе алмасу, жаңа іскерлік байланыстар алу алаңы ретінде қызмет етеді. Осы уақыт ішінде конференцияларға 2 мыңнан астам қатысушы қатысты.

2019 жылдан бастап конкурстың тұжырымдамасы әзірленді, оның мақсаты әртүрлі салаларда қызмет ететін үздік әйел кәсіпкерлерді анықтау болады. Бірінші KMF Isker Hanymy сыйлығы 2021 жылы берілді. Сыйлық мынадай номинациялар бойынша беріледі: «Бизнесті дамытуға қосқан үлесі үшін», «Агро-бизнесті дамытуға қосқан үлесі үшін», «ШОБ-ты дамытуға қосқан үлесі үшін», «Әлеуметтік бизнес» және «Қазылар алқасынан арнайы сыйлық», сондай-ақ Гран-При – жылдың Іскер ханымы. Номинация жеңімпаздарына сыйлық ретінде сәйкесінше 500 000 теңге және 1 млн теңге сомасына тұрмыстық техника сатып алуға арналған сертификаттар беріледі.

Үш жыл ішінде 5 мыңнан астам өтінім берілді. 2023 жылы іс-шараға 150-ден астам әйел қатысты, оның 100-і – Қазақстанның 15 қаласынан келген KMF клиенттері болып табылатын іскер ханымдар.

Сыйлықтың басты айырмашылығы – ол микробизнеспен айналысатын кәсіпкер ханымдар үшін ұйымдастырылған, ал мұндай байқаулар шағын және орта бизнес үшін жии өткізіледі, оларды микрокәсіпкердің айналымымен салыстыруға келмейді. Байқаудың қазылар алқасы құрамына KMF, KMF-Демеу, Қазақстанның әлеуметтік кәсіпкерлер қауымдастығы және Франкфурт Қаржы және менеджмент мектебінің өкілдері кірген.

- **Қаржылық сауаттылықты дамыту.** KMF-Демеудің негізгі жобаларының бірі – ҚР халқының қаржылық сауаттылығын арттыру. Конференциялар мен KMF Isker Hanymy жүлдесінен бөлек, KMF-Демеу кәсіпкерлер үшін бизнесті басқарудағы өзекті тақырыптар, оның ішінде сату техникасы, сервис, бизнес-идеялар, маркетинг және басқа да өзекті бизнес тақырыптар бойынша іскерлік таңғы ас өткізеді. 2023 жылы 924 кәсіпкер оқудан өтті. Сонымен қатар барлық тілек білдірушілерге, оның ішінде өскелең ұрпаққа жеке қаржыны басқару тақырыбы бойынша оқу курстары өткізіледі: «FinBoss» 5-8 сынып оқушыларына арналған курс, сондай-ақ «FinBoss» атты балалар мен жасөспірімдерге арналған интерактивті сабақтардың видео-курсы, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған жеке қаржы бойынша дәрістер, ересек тұрғындарға арналған тренингтер әзірленді. KMF-Демеу демеушілігімен ашылған FinBoss коворкинг орталығында да мектеп оқушыларына арналған сабақтар өткізіледі. 2023 жылы осы тақырып бойынша 3388 адам оқудан өтті.

**Фермерлерді қолдау.** Агрокәсіпкерлерді қолдау шеңберінде KMF-Демеу өңірлерде түрлі өңірлердің фермерлері үшін өзекті тақырыптарда агрофорум өткізеді. Мәселен, 2023 жылы Тараз қаласында, Шиелі ауылында және Сарыағаш қаласында «Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің тиімді тәсілдері» тақырыбында 3 агрофорум өткізілді. Агрофорумға барлығы 400-ге жуық адам қатысты. Фермерлерге арналған форумдар кәсіпкерлер үшін өзекті мәселелер бойынша жаңа ақпарат алуға, тәжірибе алмасуға және іскерлік байланыстар орнатуға арналған алаң болып табылады. Сонымен қатар форум кезінде ауылшаруашылық өнімдерді жеткізушілер көрме өткізеді: тұқымдар, тыңайтқыштар және т.б. өнімдер таныстырылады.



# МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

KMF өзінің барлық мүдделі тараптары үшін құндылық құруға және қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада олардың мүдделерін ескере отырып, теңгерімді дамуды қамтамасыз етуге тырысады. Біз мүдделі тараптармен біздің қызметіміз туралы мүмкіндігінше хабардар ету және олар үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін өзара іс-қимыл жасаймыз.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл Компания менеджментінің жауапты шешімдер қабылдауының негізгі элементі болып табылады. Біз мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен үміттеріне сәйкес бизнесімізді дамыту стратегиясын қалыптастыруға көмектесу үшін әртүрлі форумдар мен арналар арқылы барлығына компания қызметі туралы кері байланыс беруге мүмкіндік береміз.

Мүдделі тараптармен сапалы өзара іс-қимылды қамтамасыз ете отырып, біз өзара сенімділікті нығайтуға, қатыстыруға ықпал етуге, тәуекелдерді сенімді басқаруды қолдауға және сайып келгенде мүдделі тараптарымыздың мүдделеріне жауап беретін шешімдер қабылдауға тырысамыз.

Мүдделі тараптармен ашық диалог арқылы біз мүдделі тараптардың тілектері мен негізгі мүдделері туралы және осы қажеттіліктерді қалай жақсы қанағаттандыруға болатындығы туралы нақты түсінік қалыптастырдық.

## Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу үшін KMF пайдаланатын арналар

| МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР | БОЛЖАМ | ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ПРОЦЕСІ |
|---|---|---|
| Клиенттер | Қолайлы шарттарда сапалы қызмет көрсету, дербес деректерді қорғау | Маркетингтік зерттеулер жүргізу, кері байланыстың әртүрлі формалары |
| Кредиторлар | Компанияның кредиттік міндеттемелерді толық көлемде уақытылы орындауы, тәуекелдер деңгейін қолайлы деңгейде ұстап тұру, қаржылық жай-күйі туралы ақпараттың қолжетімділігі мен толықтығы | Есептілікті дайындау және жариялау, кездесулер, бірлескен талқылаулар өткізу |
| Акционерлер мен инвесторлар | Компанияны дамыту, корпоративтік басқаруды дамыту, қойылған міндеттерді тиімді іске асыру, табыстылық пен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету | Есептілікті дайындау және жариялау, кездесулер, бірлескен талқылаулар өткізу |
| Жеткізушілер | Ұзақ мерзімді серіктестік қатынастарды сақтау, іскерлік этиканы сақтау | «Ашық режимде» сатып алу, іскерлік кездесулер мен консультациялар өткізу |
| Мемлекеттік органдар | Заңнаманы сақтау, бюджетке төлемдердің өсуі, мемлекеттік даму бағдарламалары шеңберінде тиімді қызмет | Қадағалау органдары тарапынан өтініштер, тексерулер, кездесулер өткізу, реттеушілік есептілікті ұсыну |
| Ұжым | Жақсы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, жалақыны уақытылы төлеу, әлеуметтік пакет, мансаптық өсу мүмкіндіктері | Корпоративішілік өзара іс-қимыл, қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, еңбек жағдайын жақсарту |
| БАҚ, жұртшылық | Ақпаратты жариялау, ашықтық | БАҚ сұрауларына жауап беру, PR және маркетингтік іс-шараларды өткізу |

# ҚОСЫМШАЛАР

- Тәуелсіз аудитордың қорытындысымен 2023 жылғы қаржылық есептілік ........ 66
- Глоссарий ........ 94
- Байланыс ақпараты ........ 95



# ҚОСЫМША. ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫМЕН 2023 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

**«KMF (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Қаржылық есептілік**

*2023 жылғы*
*тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен*



## МАЗМҰНЫ

**ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ**

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК**


Қаржы жағдайы туралы есеп ..... 1
Жиынтық кіріс туралы есеп ..... 2
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп ..... 3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп ..... 4


**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**


1. Қызмет сипаттамасы ..... 5
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі ..... 5
3. Есеп саясатының негізгі ережелері ..... 7
4. Елеулі есептік пайымдаулар мен бағалаулар ..... 17
5. Ақша қаражаты және оның баламалары ..... 18
6. Туынды қаржы құралдары ..... 19
7. Клиенттерге берілген кредиттер ..... 20
8. Инвестициялық бағалы қағаздар ..... 26
9. Инвестициялық жылжымайтын мүлік ..... 26
10. Негізгі құралдар ..... 27
11. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер және жалдау шарттары бойынша міндеттемелер ..... 28
12. Материалдық емес активтер ..... 28
13. Өзге активтер мен міндеттемелер ..... 29
14. Кредиттік ұйымдардың қаражаты ..... 30
15. «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек ..... 30
16. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар ..... 30
17. Салық салу ..... 30
18. Капитал ..... 32
19. Шарттық және шартты міндеттемелер ..... 32
20. Клиенттерге берілген кредиттер бойынша пайыздық түсім ..... 34
21. Кредиттік залалдар бойынша шығыстар ..... 34
22. Қызметкерлерге жұмсалған шығыстар және өзге операциялық шығыстар ..... 35
23. Тәуекелдерді басқару ..... 35
24. Әділ құнды бағалау ..... 48
25. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау ..... 51
26. Байланысты тараптармен операциялар ..... 52
27. Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелердегі өзгерістер ..... 53
28. Капиталдың жеткіліктілігі ..... 53

## ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

**2023 жылғы 31 желтоқсан**

*(мың теңге)*

| | *Ескер.* | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 5 | **9.700.278** | 7.041.198 |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | | **24.188** | 23.755 |
| Туынды қаржы активтері | 6 | **39.782** | 1.201.302 |
| Клиенттерге берілген кредиттер | 7 | **237.942.687** | 203.453.188 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | 8 | **8.387.357** | 10.188.072 |
| «РЕПО» шарттары бойынша салынған инвестициялық бағалы қағаздар | 8 | **16.091.219** | – |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | 9 | **66.958** | 66.958 |
| Негізгі құралдар | 10 | **10.891.077** | 9.097.130 |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер | 11 | **931.504** | 921.187 |
| Материалдық емес активтер | 12 | **2.224.050** | 413.180 |
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер | 17 | **394.810** | 158.025 |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер | 17 | **–** | 71.062 |
| Өзге активтер | 13 | **1.653.049** | 943.780 |
| **Активтер жиыны** | | **288.346.959** | 233.578.837 |
| | | | |
| **Міндеттемелер** | | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | 14 | **190.006.304** | 163.736.457 |
| «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек | 15 | **16.561.713** | – |
| Туынды қаржы міндеттемелер | 6 | **230.893** | 835.423 |
| Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер | 11 | **1.013.981** | 992.534 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 16 | **22.250.286** | 10.389.636 |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер | 17 | **46.278** | – |
| Өзге міндеттемелер | 13 | **5.997.212** | 5.304.300 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **236.106.667** | 181.258.350 |
| | | | |
| **Капитал** | | | |
| Жарғылық капитал | 18 | **50.008.939** | 14.430.993 |
| Резервтік капитал | 18 | **–** | 1.478.339 |
| Әділ құн резерві | | **(237.441)** | (371.782) |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлікті қайта бағалау резерві | | **–** | 62.329 |
| Бөлінбеген пайда | | **2.468.794** | 36.720.608 |
| **Капитал жиыны** | | **52.240.292** | 52.320.487 |
| **Капитал және міндеттемелер жиыны** | | **288.346.959** | 233.578.837 |

Компания Басқармасы қол қойды және шығаруға бекітті:

Ш.А.Жусупов — Басқарма Төрағасы

Е.Ю.Черных — Бас бухгалтер

2024 жылғы 28 наурыз

*5-дан 54-ге дейінгі беттерде қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*





## ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

*(мың теңге)*

| | *Ескер.* | *2023 жыл* | *2022 жыл* |
|---|---|---|---|
| **Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық түсім** | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | | **1.051.775** | 761.279 |
| Клиенттерге берілген кредиттер | 20 | **82.964.612** | 70.082.077 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | | **894.490** | 565.138 |
| | | **84.910.877** | 71.408.494 |
| | | | |
| **Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық шығыстар** | | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | | **(23.544.687)** | (18.566.594) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | | **(3.266.150)** | (1.319.313) |
| «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек | | **(1.147.685)** | (122.600) |
| | | **(27.958.522)** | (20.008.507) |
| | | | |
| Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер | 11 | **(156.510)** | (125.357) |
| | | **(28.115.032)** | (20.133.864) |
| **Таза пайыздық кіріс** | | **56.795.845** | 51.274.630 |
| | | | |
| Кредиттік залалдар бойынша шығыстар | 21 | **(7.287.194)** | (5.360.397) |
| **Кредиттік залалдар бойынша шығыстардан кейінгі таза пайыздық кіріс** | | **49.508.651** | 45.914.233 |
| | | | |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза шығындар | | **(6.711.824)** | (4.779.502) |
| Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтату нәтижесінде таза пайда | | **79.983** | – |
| Шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша таза пайда/(залал): | | | |
| - валюталық баптарды қайта бағалау | | **1.556.130** | (1.321.206) |
| - сауда операциялары | | **(22.272)** | (100.780) |
| Өзге кірістер | | **79.435** | 146.533 |
| Қызметкерлерге жұмсалған шығыстар | 22 | **(19.079.033)** | (15.898.734) |
| Өзге операциялық шығыстар | 22 | **(8.884.098)** | (7.274.993) |
| Өзге шығыстар | | **(2.860)** | (51.903) |
| **Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда** | | **16.524.112** | 16.633.648 |
| | | | |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар | 17 | **(3.311.160)** | (3.570.696) |
| **Бір жылдағы пайда** | | **13.212.952** | 13.062.952 |
| | | | |
| **Өзге жиынтық кіріс** | | | |
| *Кейінгі кезеңдерде пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктеуге жататын өзге жиынтық кіріс* | | | |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдардың әділ құнының таза өзгеруі | 8 | **239.452** | (508.719) |
| Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдардың шығуы нәтижесінде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген жинақталған залал сомасы | | **(79.983)** | – |
| Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервінің өзгеруі | 8 | **(25.128)** | 119.387 |
| **Салықты шегергендегі бір жылдағы өзге жиынтық кіріс/(шығыс)** | | **134.341** | (389.332) |
| **Бір жылдағы жиынтық кіріс жиыны** | | **13.347.293** | 12.673.620 |

*5-тен 54-ге дейінгі беттерде қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

*(мың теңге)*

| | *Ескер.* | *Жарғылық капитал* | *Резервтік капитал* | *Әділ құн резерві* | *Инвестициялық жылжымайтын мүлікті қайта бағалау резерві* | *Бөлінбеген пайда* | *Капитал жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2022 жылғы 1 қаңтар** | | 14.430.993 | 1.197.776 | 17.550 | 62.329 | 26.743.856 | 42.452.504 |
| Бір жылдағы пайда | | – | – | – | – | 13.062.952 | 13.062.952 |
| Бір жылдағы өзге жиынтық кіріс | | – | – | (389.332) | – | – | (389.332) |
| **Бір жылдағы жиынтық кіріс жиыны** | | – | – | (389.332) | – | 13.062.952 | 12.673.620 |
| Жарияланған дивидендтер | 18 | – | – | – | – | (2.805.637) | (2.805.637) |
| Резервтік капиталға аудару | 18 | – | 280.563 | – | – | (280.563) | – |
| **2022 жылғы 31 желтоқсан** | | 14.430.993 | 1.478.339 | (371.782) | 62.329 | 36.720.608 | 52.320.487 |
| Бір жылдағы пайда | | – | – | – | – | **13.212.952** | **13.212.952** |
| Бір жылдағы өзге жиынтық кіріс | | – | – | **134.341** | – | – | **134.341** |
| **Бір жылдағы жиынтық кіріс жиыны** | | – | – | **134.341** | – | **13.212.952** | **13.347.293** |
| Жарғылық капиталға салым | 18 | **35.577.946** | – | – | – | – | **35.577.946** |
| Жарияланған дивидендтер | 18 | – | – | – | – | **(49.005.434)** | **(49.005.434)** |
| Резервтік капиталды бөлінбеген пайдаға аудару | 18 | – | **(1.478.339)** | – | – | **1.478.339** | – |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлікті қайта бағалау резервін бөлінбеген пайдаға аудару | | – | – | – | **(62.329)** | **62.329** | – |
| **2023 жылғы 31 желтоқсан** | | **50.008.939** | – | **(237.441)** | – | **2.468.794** | **52.240.292** |



## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

**2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

*(мың теңге)*

| | *Ескер.* | *2023 жыл* | *2022 жыл* |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен түскен ақша ағыны** | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары бойынша алынған пайыздар | | **1.049.076** | 760.081 |
| Клиенттің кредиттері бойынша алынған пайыздар | | **81.110.851** | 67.290.914 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар бойынша алынған пайыздар | | **804.262** | 349.199 |
| Өзге алынған кірістер | | **79.436** | 60.628 |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты бойынша төленген пайыздар | | **(21.326.316)** | (17.786.858) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша төленген пайыздар | | **(1.405.659)** | (1.300.000) |
| «Репо» шарттары бойынша төленген пайыздар | | **(849.678)** | (122.600) |
| Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер бойынша төленген пайыздар | | **(156.510)** | – |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша таза іске асырылған залалдар | | **(22.272)** | (100.780) |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды қаржы құралдары бойынша таза іске асырылған залалдар | | **(6.154.834)** | (4.660.340) |
| Қызметкерлерге жұмсалған шығыстар | | **(17.081.985)** | (14.105.107) |
| Төленген өзге операциялық шығыстар | | **(6.685.288)** | (5.859.294) |
| Корпоративтік табыс салығы мен әлеуметтік аударымдардан бөлек, төленген салықтар | | **(2.221.616)** | (1.703.903) |
| **Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақша ағыны** | | **27.139.467** | 22.821.940 |
| *Операциялық активтердегі таза (ұлғаю)/азаю* | | | |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | | – | 1.297 |
| Клиенттерге берілген кредиттер | | **(39.932.204)** | (44.102.100) |
| Өзге активтер | | **(189.907)** | (60.303) |
| *Операциялық міндеттемелердегі таза азаю* | | | |
| «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек | | **16.263.706** | – |
| Өзге міндеттемелер | | **175.224** | (27.276) |
| **Корпоративтік табыс салығына дейін операциялық қызметтен түскен таза ақша ағыны** | | **3.456.286** | (21.366.442) |
| Төленген корпоративтік табыс салығы | | **(3.430.605)** | (3.429.067) |
| **Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза (жұмсалуы)/түсуі** | | **25.681** | (24.795.509) |
| **Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағыны** | | | |
| Негізгі құралдарды сатып алу | | **(2.867.122)** | (2.932.377) |
| Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер | | **148.552** | 71.445 |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | **(2.369.959)** | (83.830) |
| Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу | 8 | **(38.194.212)** | (5.697.986) |
| Инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден түсетін түсімдер | 8 | **24.203.504** | – |
| **Инвестициялық қызметтегі ақша қаражатының таза жұмсалуы** | | **(19.079.237)** | (8.642.748) |
| **Қаржы қызметінен түсетін ақша ағындары** | | | |
| Кредиттік ұйымдардан қаражаттың түсуі | 27 | **93.513.993** | 118.634.342 |
| Кредиттік ұйымдардың қаражатын өтеу | 27 | **(68.287.879)** | (81.292.748) |
| Облигациялар шығарылымынан түсетін түсімдер | 27 | **20.000.000** | – |
| Облигацияларды өтеу | 27 | **(10.000.000)** | – |
| Төленген дивидендтер | 18 | **(13.427.488)** | (2.805.637) |
| Жалдау бойынша міндеттемелердің негізгі сомасын төлеу | 11 | **(486.834)** | (539.881) |
| **Қаржы қызметінен ақша қаражатының таза түсуі** | | **21.311.792** | 33.996.076 |
| Күтілетін кредиттік залалдардың ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері | 5 | **2.978** | (7.760) |
| Айырбас бағамы өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері | | **397.866** | 233.922 |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы** | | **2.659.080** | 783.981 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары, 1 қаңтарда | | **7.041.198** | 6.257.217 |
| **Ақша қаражаты мен оның баламалары, 31 желтоқсанда** | 5 | **9.700.278** | 7.041.198 |
| **Ақшалай емес операциялар** | | | |
| Кредиттік ұйымдардағы қысқа мерзімді салымдар бойынша төлем көзінен салықты есепке алу | | **84.604** | 55.692 |

*5-тен 54-ке дейінгі беттерде қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 1. Қызмет сипаттамасы

«KMF (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «Компания») 2006 жылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «KazMicroFinance» микрокредиттік ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ретінде құрылды.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы *«Микроқаржылық ұйымдар туралы»* заңының қолданысқа енгізілуіне байланысты, 2015 жылғы 5 қаңтарда Компания Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде реттелетін микроқаржы ұйымы «KMF (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ретінде ресми түрде қайта тіркелді. Компанияның қызметі уәкілетті органда есептік тіркеуден өту және пруденциалдық нормативтерді сақтау рәсімі арқылы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – «Агенттік») қадағалауында болады және реттеледі.

Компанияның негізгі қызметі – клиенттерге микрокредит беру. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның Қазақстан Республикасының аумағында 17 филиалы және 109 бөлімшесі бар (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 14 филиал мен 106 бөлімше). Филиалдар мына қалаларда орналасқан: Алматы, Астана, Ақтөбе, Жезқазған (Ұлытау), Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Семей, Талдықорған, Тараз, Түркістан, Өскемен, Орал және Шымкент. Компания Қазақстан Республикасында қызмет атқарады.

Компанияның бас кеңсенің тіркелген және нақты мекенжайы: Назарбаев даңғылы, 50, 050004, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталы төмендегі қатысушыларға (бұдан әрі – «Қатысушылар») тиесілі болды:

| | *% иелену үлесі* | |
|---|---|---|
| *Атауы* | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
| «KMF-Демеу» корпоративтік қоры | **60,435** | 45,435 |
| Multi Concept Fund Management S.A (бұған дейін – «responsAbility Management Company S.A.») | **16,627** | 18,127 |
| Legal Owner Triodos Funds BV | **9,585** | 12,085 |
| Triodos SICAV II | **7,085** | 12,085 |
| Компанияның басшылығы және қызметкерлері | **6,226** | 6,226 |
| responsAbility SICAV (Lux) | **0,042** | 6,042 |
| | **100,000** | 100,000 |

Компанияның бақылаушы қатысушысы «KMF-Демеу» корпоративтік қоры (бұдан әрі – «Бас компания») болып табылады.

Компанияны соңғы бақылаушы тарап – Америка Құрама Штаттарында тіркелген «ACDI/VOCA» коммерциялық емес ұйымы. «ACDI /VOCA» «KMF-Демеу» корпоративтік қорының жалғыз құрылтайшысы болып табылады.

2023 жылғы 6 ақпанда өткен Қатысушылардың жалпы жиналысы қабылдаған шешімге сәйкес Компания компанияның ұйымдық-құқықтық нысанын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен акционерлік қоғамға қайта ұйымдастыру процесін бастады. 2024 жылы Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған рәсімдер шеңберінде банкке айналуды жоспарлап отыр.

## 2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

### Жалпы бөлім

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Қаржылық есептілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде көрсетілгендерді қоспағанда, тарихи құн бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды, мысалы, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар.

Осы қаржылық есептілік, егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңгемен ұсынылды.



*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

### Жалпы бөлім (жалғасы)

Компания қаржылық есептіліктің тиісті бабы бойынша активтердің/міндеттемелердің көп бөлігін өтеу/төлеу ниеті мен болжамды мүмкіндігіне сүйене отырып, олардың өтімділігі тәртібімен қаржылық жағдай туралы есептің баптарын ұсынды. Есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде (ағымдағы активтер және қысқа мерзімді міндеттемелер) және есепті күннен кейінгі 12 айдан астам уақыт ішінде (ұзақ мерзімді активтер және ұзақ мерзімді міндеттемелер) өтеуге немесе төлеуге қатысты талдау *23-ескертпеде* келтірілген.

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін осы қаржылық есептілік Қатысушылар жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 наурыздағы шығарылымына бекітілді.

#### Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Компания өз қызметін Қазақстан Республикасында жүргізеді. Осының салдарында Компания дамушы нарықтарға тән Қазақстан нарықтарында экономикалық және қаржылық тәуекелдерге ұшырайды. Құқықтық, салық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын екіұшты түсіндіру тәуекелімен ұштасады, оған қоса олар жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа да заңдық және фискалдық кедергілермен жиынтығында Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Ұсынылған қаржылық есептілік Қазақстандағы бизнесті жүргізу жағдайларының компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына қандай әсер ететініне басшылықтың көзқарасын көрсетеді. Болашақ іскерлік ортаның нақты әсері басшылықтың бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

#### Геосаяси жағдай

Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы қақтығыстың нәтижесінде көптеген елдер жекелеген ресейлік заңды тұлғалар мен Ресей азаматтарына қарсы санкциялар енгізді және жаңа санкциялар енгізуді жалғастырып жатыр. Беларусь Республикасына қатысты санкциялар да енгізілді.

Қор және валюта нарығындағы құбылмалылық, импорт пен экспортты шектеу, жергілікті ресурстардың, материалдар мен қызметтердің қолжетімділігі Ресей Федерациясымен, Беларусь Республикасымен немесе Украинамен айтарлықтай байланысы бар немесе белсенді қызмет атқаратын компанияларға тікелей әсер етеді. Алайда, орын алған жағдайдың салдары жанжалға қатысушы елдерге тікелей қатысы бар компанияларға ғана емес, басқа елдерге де тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін.

Елдерге байланысты тәуекелді басқару мақсатында Компания компанияның Бақылаушы Кеңесі белгілеген лимиттер шеңберінде контрагенттермен операцияларды бақылайды, олар үнемі қайта қаралады.

#### Инфляция және ағымдағы экономикалық жағдайлар

Макроэкономикалық және геосаяси ортаның әсері бүкіл әлемдегі барлық дерлік экономикадағы инфляциялық қысымды күшейтті. Энергия тасымалдаушылардың жоғары және өсіп келе жатқан бағасы басқа тауарлар мен қызметтердің құнына теріс әсер етеді, бұл көптеген елде тұтыну бағасының айтарлықтай өсуіне әкеледі.

Көптеген тауарлардың, соның ішінде азық-түліктің бағасы осы жылдың басында рекордтық максимумнан төмен түскеніне қарамастан, олар жоғары болып қала береді. 2023 жылы Қазақстанда инфляция 9,8% құрады (2022 жылы: 20,3%).

Геосаяси шиеленістің өсуіне байланысты қор және валюта нарығында құбылмалылықтың айтарлықтай өсуі байқалады, бұл ретте 2023 жылы теңге құны еуроға қатысты іс жүзінде дәл солай болып қалды және АҚШ долларына қатысты құнынан 2%-ға ғана жоғары. 2023 жылғы 24 қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты комитеті (бұдан әрі – «ҚРҰБ») базалық мөлшерлемені +/- 1% пайыздық дәлізбен жылдық 15,75%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады.

Компания осы оқиғалар мен экономикалық жағдайлардың өзгеруінің өз қызметіне, қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне әсерін бағалауды жалғастыруда.

Ағымдағы инфляциялық қысым, макроэкономикалық және геосаяси белгісіздік активтер мен міндеттемелерді бағалауға байланысты болжамдар мен белгісіздіктерге әсер етеді.

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері

**Есеп саясатындағы өзгерістер**

Компания 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енген стандарттарға кейбір түзетулерді алғаш рет қолданды. Компания шығарылған, бірақ күшіне енбеген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбаған.

*1 ХҚЕС (IAS) және «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» ХҚЕС қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер*

1 ХҚЕС (IAS) және «*Маңыздылығы туралы пайымдауларды қалыптастыру*» ХҚЕС қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер ұйымдарға есеп саясаты туралы ақпаратты ашу кезінде маңыздылығы туралы пайымдауларды қолдануға көмектесетін нұсқаулық пен мысалдарды қамтиды. Түзетулер ұйымдарға есеп саясатының «маңызды ережелерін» ұйымдардың есеп саясаты туралы «маңызды ақпаратты» ашу талабын есеп саясаты туралы «маңызды ақпаратты» ашу талабына ауыстыру арқылы, сондай-ақ ұйымдардың есеп саясаты туралы ақпаратты ашу туралы шешім қабылдауда маңыздылық ұғымын қалай қолдануы керектігі туралы нұсқаулықты қосу арқылы есеп саясаты туралы неғұрлым пайдалы ақпаратты ашуға көмектесуі керек.

Бұл түзетулер Компанияның есеп саясаты туралы ақпаратты ашуына әсер етті, бірақ Компанияның қаржылық есептілігіндегі кез келген баптарды бағалауға, тануға немесе ұсынуға әсер етпеді.

2023 жылы компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейтін стандарттарға алғаш рет кейбір стандарттар мен түзетулер енгізілді:

- *17.«Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS)*
- *8. «Бухгалтерлік бағалауды анықтау» ХҚЕС (IAS) енгізілетін түзетулер*
- *12. «Бір операциядан туындайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінге қалдырылған салық» ХҚЕС (IAS) енгізілетін түзетулер;*
- *12. «Халықаралық салық реформасы*: *pillar II типтік ережелері»* ХҚЕС (IAS) *енгізілетін түзетулер.*

**Әділ құнды бағалау**

Компания пайда немесе залал арқылы әділ құн (ПЗӘҚ) бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн (ӨЖКӘҚ) бойынша көрсетілетін қаржы құралдарын және инвестициялық жылжымайтын мүлік сияқты қаржылық емес активтерді әрбір есепті күнге әділ құн бойынша бағалайды.

Әділ құн бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміле шеңберінде активті сатқаны үшін алынатын немесе міндеттемені беру кезінде төленетін баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- негізгі нарық болмаған жағдайда, осы активке немесе міндеттемеге қатысты неғұрлым тиімді нарықта жасалады деп болжайды.

Компания негізгі немесе ең қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы керек. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарыққа қатысушылар активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде пайдаланатын жол берулерді пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің үздік мүдделерінде әрекет етеді деп болжанады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланудан немесе оны осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сатудан экономикалық пайдаларды генерациялау мүмкіндігін ескереді.

«KMF (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2023 жылғы қаржылық есептілік

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

**Әділ құнды бағалау (жалғасы)**

Компания қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді болатын бағалау әдістемелерін пайдаланады, бұл ретте тиісті бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдаланады және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдаланады. Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде жіктеледі, олар жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылады:

- 1-деңгей – бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгіленімі (түзетілмейтін);
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын бағалау модельдері;
- 3-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау модельдері.

Мерзімді негізде қаржылық есептілікте танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Компания әрбір есепті кезеңнің соңындағы жіктеуді (тұтастай алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) қайта талдай отырып, иерархия көздерінің деңгейлері арасындағы аударым фактісін айқындайды.

**Қаржылық активтер мен міндеттемелер**

***Бастапқы тану***

*Тану күні*

Стандартты талаптарда қаржы активтері мен міндеттемелерін сатып алу немесе сату мәміле жасалған күні, яғни компания активті немесе міндеттемені сатып алу бойынша міндеттемені өзіне алған күні көрсетіледі. Стандарттық талаптармен сатып алуға немесе сатуға талаптары бойынша нарықта қабылданған қағидаларда немесе келісімдерде белгіленген мерзім шегінде активтер мен міндеттемелерді жеткізу талап етілетін шарт шеңберінде қаржы активтері мен міндеттемелерін сатып алу немесе сату жатады.

***Бастапқы бағалау***

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарын жіктеу шарт талаптарына және құралдарды басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельге байланысты болады. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер ПЗӘҚ бойынша бағаланатын жағдайларды қоспағанда, қаржы құралдары бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, әділ құны бойынша бағаланады.

*Қаржылық активтер мен міндеттемелерді бағалау санаттары*

Компания өзінің барлық қаржылық активтерін активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модель және төмендегілер бойынша бағаланатын активтердің шарттық талаптары бойынша жіктейді:

- амортизацияланған құны;
- ӨЖКӘҚ;
- ПЗӘҚ.

Компания туынды құралдарды ПЗӘҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Егер мұндай жіктеу бағалау немесе тану қағидаттарын қолданудың сәйкессіздігін жоюға немесе айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берсе, Компания өз қалауы бойынша қаржы құралдарын ПЗӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады.

Қарыздар мен қаржылық кепілдіктерді беру жөніндегі міндеттемелерден басқа, қаржылық міндеттемелер, егер олар саудаға және туынды құралдарға арналған болса, амортизацияланған құны бойынша немесе ПЗӘҚ бойынша бағаланады не ұйымның қалауы бойынша әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

**Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)**

***Бастапқы бағалау (жалғасы)***

*Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілетін кредиттер*

Компания кредиттік ұйымдардағы қаражатты, клиенттерге берілетін кредиттерді және өзге де қаржылық инвестицияларды амортизацияланған құны бойынша бағалайды, бұл ретте мынадай екі шарт та орындалуы керек:

- қаржылық актив бизнес-модель шеңберінде ұсталады, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржылық активтерді ұстап қалу болып табылады;
- қаржылық активтің шарттық талаптары қарыздың негізгі сомасының және қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігінің (SPPI) пайыздарының есебіне тек қана төлемдер болып табылатын ақша ағындарын көрсетілген күндері алуға негіздейді.

Бұл шарттар төменде толығырақ қарастырылады.

*Бизнес-модельді бағалау*

Компания бизнес-модельді бизнестің белгілі бір мақсатына жету үшін топтарға біріктірілген қаржылық активтерді басқарудың қалай жүзеге асырылатынын жақсы көрсететін деңгейде анықтайды.

Компанияның бизнес-моделі жеке құралдар деңгейінде емес, портфельді біріктірудің жоғары деңгейінде бағаланады және бақыланатын факторларға негізделеді, атап айтқанда:

- бизнес-модельдің нәтижелілігі және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат ұйымның негізгі басқарушы персоналына қалай хабарланады;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің табыстылығына) әсер ететін тәуекелдер, атап айтқанда, осы тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлер қалай марапатталады (мысалы, сыйақы басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта қарастырылған ақша ағындарына негізделген бе);
- күтілетін жиілік, көлем және сату мерзімдері компанияның бизнес-моделін бағалаудағы маңызды аспектілер болып табылады.

Бизнес-модельді бағалау «ең нашар» немесе «стресстік» сценарийлерді есепке алмағанда, пайда болуы негізді түрде күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер бастапқы танудан кейін ақша ағындары компанияның күтулерінен өзгеше тәсілмен іске асырылса, Компания осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қалған қаржы активтерінің жіктелуін өзгертпейді, бірақ кейіннен мұндай ақпаратты жаңадан құрылған немесе жаңадан сатып алынған қаржы активтерін бағалау кезінде назарға алады.

*SPPI тесті*

Жіктеу процесінің екінші кезеңінде Компания қаржылық активтің шарттық шарттарын олардың SPPI тестіне сәйкес келетіндігін анықтау үшін бағалайды.

Осы тесттің мақсаттары үшін «борыштың негізгі сомасы» бастапқы тану кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді және ол осы қаржы активінің қолданылу мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу есебіне төлеу немесе сыйлықақы/дисконт амортизациясы орын алса).

Кредит шарты шеңберіндегі пайыздардың ең маңызды элементтері, әдетте, ақшаның уақытша құнын өтеу және кредит тәуекелін өтеу болып табылады. SPPI тестін жүргізу үшін Компания пайымдауды қолданады және тиісті факторларды, мысалы, қаржылық актив қай валютада көрсетілгенін және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезеңді талдайды.

Сонымен бірге, шартта көзделген, базалық кредиттік келісімге байланысты емес ақша ағындарының тәуекелдерге ұшырағыштығына немесе құбылмалылығына барынша аз әсер ететін шарттық талаптар шартта көзделген ақша ағындарының туындауына себепші болмайды, олар борыштың негізгі сомасының есебіне және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне проценттердің ғана төлемдері болып табылады. Мұндай жағдайларда қаржылық активті ПЗӘҚ бойынша бағалау қажет.



*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

**Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)**

***Бастапқы бағалау (жалғасы)***

*ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар*

Компания келесі шарттардың екеуі де орындалса, ӨЖКӘҚ бойынша қарыз құралдарын бағалайды:

- құрал бизнес-модель шеңберінде ұсталады, оның мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алу арқылы да, қаржы активтерін сату арқылы да қол жеткізіледі;
- қаржы активінің шарттық талаптары SPPI тестінің критерийлерін сақтайды.

ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар кейіннен әділ құн бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі нәтижесінде туындайтын пайда немесе залалдар өзге жиынтық кірістің құрамында танылады. Валюталық бағамдардың өзгеруінен түскен пайыздық түсім және пайда немесе залалдар пайданың немесе залалдың құрамында амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері жағдайындағыдай танылады. Тану тоқтатылған кезде бұрын өзге жиынтық кірістің құрамында танылған жинақталған пайда немесе залал өзге жиынтық кірістің құрамынан пайданың немесе залалдың құрамына қайта сыныпталады.

ӨЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша ККЗ әділ құны бойынша бағалануды жалғастыратын қаржылық жағдай туралы есепте осы қаржы активтерінің баланстық құнын төмендетпейді. Оның орнына амортизацияланған құны бойынша активті бағалау кезінде құрылған күтілетін шығындарға арналған бағалау резервіне тең сома өзге жиынтық кіріс құрамында пайда немесе залал құрамындағы тиісті сомаларды тани отырып, құнсызданудың жинақталған сомасы ретінде танылады. Өзге жиынтық кірістің құрамында танылған залалдардың жинақталған сомасы активті тану тоқтатылған кезде пайданың немесе залалдың құрамына қайта сыныпталады.

*Кредит беру жөніндегі міндеттемелер*

Кредит беру жөніндегі міндеттемелер шарттық міндеттемелер болып табылады, олардың талаптары бойынша Компания міндеттеменің қолданылу мерзімі ішінде Клиентке алдын ала келісілген шарттарда кредит беруге міндетті. Мұндай міндеттемелерге қатысты ККЗ-ны бағалауға қойылатын талаптар қолданылады.

**Ақша қаражаты және оның баламалары**

Ақша қаражаты мен оның баламаларына қолма-қол ақша қаражаты, кредиттік ұйымдардағы өтеу мерзімі туындаған күннен бастап тоқсан (90) күн ішінде қандай да бір шарттық міндеттемелермен ауыртпалық салынбаған қаражат кіреді.

**«Репо» және кері «репо» шарттары және бағалы қағаздармен қарыз операциялары**

Бағалы қағаздарды сату және кері сатып алу шарттары («репо» шарттары) есептілікте қамтамасыз етілген қаржыландыру операциялары ретінде көрсетіледі. «Репо» шарттары бойынша өткізілген бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілуін жалғастырады және контрагенттің шарт талаптарынан немесе жалпы қабылданған практикадан туындайтын осы бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта кепілге қою құқығы болған жағдайда «репо» шарттары бойынша кепіл ретінде берілген бағалы қағаздар санатына ауыстырылады. Тиісті міндеттемелер кредиттік ұйымдар немесе клиенттер қаражатының құрамына енгізіледі. Кері сату (кері «репо») шарттары бойынша бағалы қағаздарды сатып алу жағдайға байланысты кредиттік ұйымдардағы қаражаттың немесе Клиенттерге берілген кредиттердің құрамында көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырма пайыздық түсім ретінде қаралады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша «репо» шарттарының қолданылу мерзімі ішінде есептеледі.

**Туынды қаржы құралдары**

Өзінің әдеттегі қызметі барысында Компания валюталық тәуекелді азайту үшін валюталық нарықтардағы форвардтар мен своптарды қоса алғанда, әртүрлі туынды қаржы құралдарын пайдаланады. Бұл қаржы құралдары пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша көрсетіледі. Әділ құн тиісті базалық құралдардың ағымдағы нарықтық және шарттық құнына және өзге де факторларға негізделген нарықтық баға белгіленімдер немесе бағалау модельдері негізінде айқындалады. Оң әділ құны бар туынды қаржы құралдары активтердің құрамында, ал теріс әділ құны бар қаржы құралдары міндеттемелердің құрамында көрсетіледі. Көрсетілген құралдармен жасалған операциялардан түскен кірістер мен шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза кірістер/(залалдар) құрамында көрсетіледі.

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

**Қарыз қаражаты**

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері, егер шарттық келісімнің нәтижесінде компанияның ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін жеткізу не міндеттемені ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінің тіркелген сомасын меншікті үлестік құралдардың тіркелген санына айырбастау жолымен өзге түрде орындау міндеттемесі болса, міндеттемелер ретінде жіктеледі. Қарыз қаражатына кредиттік ұйымдардың қаражаты және шығарылған борыштық бағалы қағаздар кіреді. Бастапқы танылғаннан кейін қарыз қаражаты тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Пайдалар мен залалдар міндеттемелерді тану тоқтатылған кезде, сондай-ақ амортизация процесінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

**Жалдау**

***Компания жалға алушы ретінде***

Компания қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдаудан басқа, барлық жалдау шарттарын тануға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Компания жалдау төлемдерін жүзеге асыруға қатысты жалдау бойынша міндеттемелерді және базалық активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды.

*Пайдалану құқығы нысанындағы активтер*

Компания пайдалану құқығы нысанындағы активтерді жалдау басталған күні таниды (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күн). Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзетіле отырып, жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріле отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құны жалдау бойынша танылған міндеттемелердің шамасын, жалдау басталған күні немесе осындай күнге дейін жүргізілген, жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдері шегерілген бастапқы тікелей шығындарды және жалдау төлемдерін қамтиды. Егер компания жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығын алатынына жеткілікті сенімді болмаса, пайдалану құқығы нысанында танылған актив келесі кезеңдердің қысқа мерзіміне сызықтық әдіспен амортизацияланады: активті пайдалы пайдалану мерзімі немесе жалдау мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану тұрғысынан тексеріледі.

*Жалдау бойынша міндеттемелер*

Жалдау басталған күні Компания жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау бойынша міндеттемелерді мойындайды. Жалдау төлемдеріне кез келген ынталандыру төлемдерін алып тастағандағы тіркелген төлемдер (соның ішінде мәні бойынша тіркелген төлемдер), индекске немесе мөлшерлемеге байланысты ауыспалы жалдау төлемдері және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленуі күтілетін сомалар кіреді. Жалдау төлемдеріне, егер компанияның осы опционды орындайтынына жеткілікті сенім болса, сатып алу опционының орындалу бағасы және егер жалдау мерзімі компанияның опционды тоқтатуды ықтимал орындауын көрсетсе, жалдауды тоқтату үшін айыппұл төлеу кіреді. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес ауыспалы жалдау төлемдері осындай төлемдерді жүзеге асыруға әкелетін оқиға немесе шарт басталатын кезеңде шығыстар ретінде танылады.

Егер жалдау шартына енгізілген пайыздық мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмаса, жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Компания жалдау басталған күнге қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдау басталған күннен кейін жалдау бойынша міндеттемелердің шамасы пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Бұдан басқа, жалдау мерзімі өзгертілген жағдайда, жалдау төлемдерінің мәні бойынша өзгерген немесе базалық активті сатып алуға опционды бағалау өзгерген жағдайда, жалдау бойынша міндеттемелердің баланстық құнын қайта бағалау жүргізіледі.

*Қысқа мерзімді жалгерлік және құны төмен активтерді жалға алу*

Компания қысқа мерзімді жалға алуға қатысты танудан босатуды қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни, жалға алудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және сатып алуға арналған опционды қамтымайтын шарттарға) қолданады. Компания сондай-ақ құны төмен болып саналатын офистік жабдықты жалдау шарттарына құны төмен активтерді жалға алуға қатысты танудан босатуды қолданады (яғни 2.300 мың теңгеге дейін). Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен жалдау бойынша шығыс ретінде танылады.



*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

**Қаржы активтерін өзара есепке алу**

Қаржылық жағдай туралы есепте тек таза сальдоны көрсете отырып, қаржы активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алу өзара есеп айырысуды жүргізу және нетто-негізде есеп айырысуды жүзеге асыру не міндеттемені реттеумен бір мезгілде активті іске асыру ниеті заңды түрде бекітілген құқық болған кезде ғана жүзеге асырылады. Есепке алуды жүргізу құқығы болашақтағы оқиғаға негізделмеуге тиіс және мынадай барлық мән-жайларда заңды күшке ие болуға тиіс:

- әдеттегі қызмет барысында;
- міндеттемені орындамаған жағдайда; және
- ұйым немесе контрагенттердің біреуі дәрменсіз немесе банкрот болған жағдайда.

Бұл шарттар, әдетте, өзара есепке алу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық сомада көрсетіледі.

**Кредиттерді қайта құрылымдау**

Компания қарыз алушы мән-жайлардағы объективті өзгерістердің салдарынан белгіленген өтеу кестесін ұстана алмайтын жағдайларда кредиттерді қайта құрылымдауға ұмтылатын болады, бірақ бұл ретте Компания қарыз алушы өзгертілген өтеу кестесі бойынша кредитті толық көлемде өтей алады деп есептейді. Қайта құрылымдау төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзартуды және кредиттеудің жаңа шарттарын келісуді қамтуы мүмкін.

Егер шарттың талаптары іс жүзінде ол жаңа кредитке айналатындай етіп қайта қаралса, Компания қаржылық активті мысалы, клиентке берілген кредитті тануды тоқтатады, ал айырмашылық құнсызданудан болатын залал танылғанға дейін тануды тоқтатудан пайда немесе залал ретінде танылады. Бастапқы тану кезінде құрылған кредиттер сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СҚКҚ) актив болып саналатын жағдайларды қоспағанда, кредиттер ККЗ-ны бағалау мақсаттары үшін 1-кезеңге жатады. Клиенттің кредитін мойындауын тоқтату керектігін бағалау кезінде Компания, басқалармен қатар, келесі факторларды қарастырады:

- кредит валютасын өзгерту;
- контрагентті өзгерту;
- модификация құралдың SPPI тестінің критерийлеріне сәйкес келмеуіне әкелуі мүмкін бе?

Егер модификация ақша ағындарының айтарлықтай өзгеруіне әкелмесе, модификация тануды тоқтатуға әкелмейді. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде Компания құнсызданудан болған залал танылғанға дейін пайданың немесе залалдың құрамындағы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық түсімнің құрамында ұсынылатын модификациядан түскен пайданы немесе залалды мойындайды.

Тануды тоқтатуға алып келмейтін модификация жағдайында, Компания кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюының немесе кредиттік-құнсызданған ретінде активтерді жіктеу қажеттілігінің болуын қайта бағалайды. Активті модификациялау нәтижесінде кредиттік-құнсызданған ретінде жіктелгеннен кейін ол кемінде 2 айлық сынақ кезеңі ішінде 3-кезеңнің құрамында қалады. Қайта құрылымдалған қарызды 3-кезеңнен аудару үшін модификацияланған төлемдер кестесіне сәйкес сынақ кезеңі ішінде негізгі қарыз сомасы мен пайыздардың тұрақты төлемдері қажет.

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

**Қаржылық активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату**

***Қаржылық активтер***

Қаржылық актив (немесе қолданылатын жерде – қаржылық активтің бір бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бөлігі) қаржылық жағдай туралы есепте танылуын тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталды;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берді немесе «транзиттік» келісім шарттарында үшінші тарапқа айтарлықтай кідіріссіз алынған ақша ағындарын толық аудару міндеттемесін қабылдады; сондай-ақ
- Компания не (а) активтен түсетін барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде берді, не (б) активтен түсетін барлық тәуекелдер мен пайданы бермеді, бірақ өзінде сақтамайды, бірақ осы активке бақылауды берді.

Егер Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берсе, бұл ретте оған байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды беріп те, сақтап та қоймай, сондай-ақ активті бақылауды бермесе, мұндай актив компанияның осы активке тұрақты қатысуы шегінде есепте көрсетіледі. Берілген актив бойынша кепілдік нысаны бар активке қатысуды жалғастыру активтің бастапқы баланстық құны мәндерінің ең азы және компанияға ақы төлеуге ұсынылуы мүмкін өтеудің ең жоғары мөлшері бойынша бағаланады.

Егер активке жалғасып жатқан қатысу берілетін активке сатылған және/немесе сатып алынған опцион (есеп айырысулар нетто-негізде ақша қаражатымен жүргізілетін опционды немесе соған ұқсас құралды қоса алғанда) нысанын қабылдаса, Компанияның жалғасып жатқан қатысу мөлшері – сатуға арналған сатылған опцион (опцион) жағдайын қоспағанда (опцион «пут»), Компания сатып ала алатын берілетін активтің құны (есеп айырысулары нетто-негізде ақша қаражатымен жүргізілетін опционды немесе соған ұқсас құралды қоса алғанда) әділ құны бойынша бағаланатын актив бойынша жүзеге асырылады. Бұл жағдайда компанияның жалғастырылатын қатысу мөлшері екі шаманың: берілетін активтің әділ құнының және опционды орындау бағасының ең азы ретінде айқындалады.

*Есептен шығару*

Қаржылық активтер Компания оларды қалпына келтіру екіталай деп санаған кезде ғана ішінара немесе толығымен есептен шығарылады. Егер есептен шығаруға жататын сома құнсыздануға жинақталған резервтің шамасынан жоғары болса, онда айырма алдымен резервтің ұлғаюы ретінде есепке алынады, содан кейін ол жалпы баланстық құнға қолданылады. Кез келген кейінгі қалпына келтіру кредиттік залалдар бойынша шығыстарға жатқызылады. Есептен шығару тануды тоқтатуға жатады.

***Қаржылық міндеттемелер***

Қаржылық міндеттемені тану тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі өткен жағдайда тоқтатылады.

Бір қолданыстағы қаржылық міндеттемені сол кредитор алдындағы басқа міндеттемемен айтарлықтай ерекше шарттарда алмастырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеменің талаптарына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда бастапқы міндеттемені тану тоқтатылады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе залал құрамындағы міндеттемелердің баланстық құнындағы айырманы тани отырып есепте көрсетіледі.

**Салық салу**

Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептеледі.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісі пайдаланыла отырып, барлық уақытша айырмаларға қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмалар бойынша көрсетіледі, бұған кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы компаниялар бірлестігі болып табылмайтын және жүзеге асыру кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалға да әсер етпейтін операция бойынша гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы көрсету нәтижесінде туындайтын жағдайлар жатпайды.



*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

**Салық салу (жалғасы)**

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер болашақта салық базасын азайтатын осы уақытша айырмалар оған қарсы есептелуі мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтималдығы бар шамада ғана көрсетіледі. Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер және міндеттемелер есепті күні күшіне енген немесе іс жүзінде күшіне енген заңнаманы негізге ала отырып, активті іске асыру немесе міндеттемені реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында Компанияның қызметіне қатысты қолданылатын әртүрлі операциялық салықтар бар. Бұл салықтар өзге операциялық шығыстар құрамында жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

**Негізгі құралдар**

| **2022 жылғы 1 қаңтар** | – | (423.280) | (1.030.394) | (213.873) | (751.317) | – | (2.418.864) |
| Есептелген тозу | – | (128.290) | (256.544) | (87.398) | (234.076) | – | (706.308) |
| **2022 жылғы 31 желтоқсан** | – | (551.570) | (1.286.938) | (301.271) | (985.393) | – | (3.125.172) |
| Есептелген тозу | **–** | **(149.226)** | **(405.194)** | **(83.908)** | **(262.115)** | **–** | **(900.443)** |
| Шығыстар | **–** | **–** | **93.509** | **60.683** | **76.309** | **–** | **230.501** |
| **2023 жылғы 31 желтоқсан** | **–** | **(700.796)** | **(1.598.623)** | **(324.496)** | **(1.171.199)** | **–** | **(3.795.114)** |
| **Қалдық құн** | | | | | | | |
| **2022 жылғы 1 қаңтар** | 88.008 | 5.329.181 | 889.447 | 322.577 | 920.141 | 66.362 | 7.615.716 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсан** | 99.501 | 6.005.716 | 1.555.915 | 327.594 | 1.060.863 | 47.541 | 9.097.130 |
| **2023 жылғы 31 желтоқсан** | **99.501** | **6.138.408** | **2.930.235** | **354.671** | **1.190.987** | **177.275** | **10.891.077** |

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания пайдаланып жатқан толықтай амортизацияланған негізгі құралдардың бастапқы құны 79.315 мың теңгені (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 61.876 мың теңгені) құрады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жергілікті банктермен кредиттік келісімдер бойынша салынған ғимараттар мен жер учаскелерінің таза баланстық құны 5.421.456 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 4.890.751 мың теңге) (*14-ескерту*).

«KMF (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2023 жылғы қаржылық есептілікке ескертпе

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 11. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер және жалдау шарттары бойынша міндеттемелер

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер мен жалдау шарттары бойынша міндеттемелер баптары бойынша қозғалыс былайша берілген:

| | *Пайдалану құқығы нысанындағы активтер (офистер)* | *Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер* |
|---|---|---|
| **2022 жылғы 1 қаңтар** | 555.282 | 608.268 |
| Жаңа түсімдер | 815.790 | 815.790 |
| Шығыстар | (17.000) | (17.000) |
| Амортизацияны есептеу | (432.885) | – |
| Пайыздарды есептеу | – | 125.357 |
| Төлемдер | – | (539.881) |
| **2022 жылғы 31 желтоқсан** | 921.187 | 992.534 |
| Жаңа түсімдер | **631.784** | **631.784** |
| Модификация | **130.021** | **130.021** |
| Шығыстар | **(246.801)** | **(253.524)** |
| Амортизацияны есептеу | **(504.687)** | **–** |
| Пайыздарды есептеу | **–** | **156.510** |
| Төлемдер | **–** | **(643.344)** |
| **2023 жылғы 31 желтоқсан** | **931.504** | **1.013.981** |

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Компания 207.231 мың теңге (2022 жылы: 202.077 мың теңге) мөлшерінде қысқа мерзімді жалдауға жататын шығыстарды мойындады (*21-Ескертпе*).

## 12. Материалдық емес активтер

Төменде материалдық емес активтердің баптары бойынша қозғалыс берілген:

| | *Лицензиялар* | *Бағдарламалық жасақтама* | *Әзірленіп жатқан активтер* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|
| **Бастапқы құны** | | | | |
| **2022 жылғы 1 қаңтар** | – | 1.078.638 | – | 1.078.638 |
| Түсімдер | – | 83.830 | – | 83.830 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсан** | – | 1.162.468 | – | 1.162.468 |
| Түсімдер | **195.429** | **116.261** | **1.663.885** | **1.975.575** |
| Аударымдар | **–** | **322.129** | **(322.129)** | **–** |
| Шығыстар | **–** | **(120.350)** | **–** | **(120.350)** |
| **2023 жылғы 31 желтоқсан** | **195.429** | **1.480.508** | **1.341.756** | **3.017.693** |
| **Жинақталған тозу** | | | | |
| **2022 жылғы 1 қаңтар** | – | (609.099) | – | (609.099) |
| Есептелген тозу | – | (140.189) | – | (140.189) |
| **2022 жылғы 31 желтоқсан** | – | (749.288) | – | (749.288) |
| Есептелген тозу | **(4.552)** | **(160.153)** | **–** | **(164.705)** |
| Шығыстар | **–** | **120.350** | **–** | **120.350** |
| **2023 жылғы 31 желтоқсан** | **(4.552)** | **(789.091)** | **–** | **(793.643)** |
| **Қалдық құн** | | | | |
| **2022 жылғы 1 қаңтар** | – | 469.539 | – | 469.539 |
| **2022 жылғы 31 желтоқсан** | – | 413.180 | – | 413.180 |
| **2023 жылғы 31 желтоқсан** | **190.877** | **691.417** | **1.341.756** | **2.224.050** |

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 12. Материалдық емес активтер (жалғасы)

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әзірленіп жатқан активтер 1.663.885 мың теңге сомасында клиенттерге қызмет көрсету деңгейін арттыру және болашақ экономикалық пайданы ұлғайту мақсатында банктік есепке алудың автоматтандырылған жүйесін, қашықтан банктік қызмет көрсету бағдарламасын, клиенттермен өзара қарым-қатынасты басқару платформасын және клиенттік деректерді өңдеу платформасын әзірлеуге жұмсалған шығындармен ұсынылған. Компания басшылығы даму процесі материалдық емес актив ретінде тану критерийлерін қанағаттандырды деп санайды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания әзірленіп жатқан материалдық емес активтердің баланстық құнының құнсыздануына тесттер жүргізді. Тест нәтижелері бойынша Компания материалдық емес активтер болашақта оның баланстық құнын өтеу үшін жеткілікті көлемде экономикалық пайда әкеледі деген қорытындыға келді.

## 13. Өзге активтер мен міндеттемелер

Өзге активтер мына позицияларды қамтиды:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| **Өзге қаржы активтері** | | |
| Процессингтік компаниялардың дебиторлық берешегі | **182.623** | 94.139 |
| Сақтандыру компанияларының дебиторлық берешегі | **90.738** | 64.146 |
| Қызметкерлердің дебиторлық берешегі | **11.016** | 12.717 |
| Өзге | **88.941** | 100.529 |
| | **373.318** | 271.531 |
| ККЗ арналған бағалау резервін шегергенде | **(56.997)** | (59.935) |
| **Өзге қаржы активтерінің жиыны** | **316.321** | 211.596 |
| **Өзге қаржылай емес активтер** | | |
| Жеткізушілерге алдын ала төлем | **1.042.510** | 486.511 |
| Қорлар | **237.683** | 211.419 |
| Аванспен төленген салықтар және бюджетке басқа да алдын ала төлемдер | **56.535** | 34.254 |
| **Өзге қаржылай емес активтердің жиыны** | **1.336.728** | 732.184 |
| **Өзге активтер** | **1.653.049** | 943.780 |

Өзге міндеттемелер келесі позицияларды қамтиды:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| **Өзге қаржы міндеттемелері** | | |
| Қызметкерлер алдындағы кредиторлық берешек | **2.055.439** | 2.104.423 |
| Клиенттердің кредиттері бойынша алынған алдын ала төлемдер | **1.573.984** | 1.467.619 |
| Жеткізушілер алдындағы кредиторлық берешек | **466.614** | 236.861 |
| Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша ККЗ бойынша резервтер (*21-Ескертпе*) | **57.616** | 35.883 |
| Өзге | **266.411** | 279.702 |
| **Өзге қаржы міндеттемелерінің жиыны** | **4.420.064** | 4.124.488 |
| **Өзге қаржылай емес міндеттемелер** | | |
| Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген шығыстар | **1.018.002** | 729.076 |
| Корпоративтік табыс салығынан басқа, төленуі тиіс салықтар | **559.146** | 450.736 |
| **Өзге қаржылай емес міндеттемелердің жиыны** | **1.577.148** | 1.179.812 |
| **Өзге міндеттемелер** | **5.997.212** | 5.304.300 |



*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 14. Кредиттік ұйымдардың қаражаты

Кредиттік ұйымдардың қаражаты мына позицияларды қамтиды:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| ЭЫДҰ құрамына кіретін елдердің банктерінен ерекшеленетін қаржы ұйымдарынан алынған кредиттер | **106.622.153** | 94.660.550 |
| Жергілікті қаржы ұйымдарынан алынған кредиттер | **53.280.971** | 42.175.790 |
| ЭЫДҰ құрамына кіретін елдердің банктерінен алынған кредиттер | **30.103.180** | 26.900.117 |
| **Кредиттік ұйымдардың қаражаты** | **190.006.304** | 163.736.457 |

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания кредиттік ұйымдармен қаржылық ковенанттарға қатысты барлық талаптарға сай болды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның «ForteBank» АҚ-дан 3.854.646 мың теңге сомасына (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 6.694.109 мың теңге) және «Алтын Банк»АҚ-дан («China Citic Bank Corporation Limited» ЕБ) 6.352.113 мың теңге сомасына (2022 жылғы 31 желтоқсанда 5.327.383 мың теңге) алынған кредиттері болды. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания жалпы баланстық құны 5.421.456 мың теңге (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 4.890.751 мың теңге) негізгі қаражатты және жалпы баланстық құны 66.958 мың теңге (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 66.958 мың теңге) инвестициялық жылжымайтын мүлкіті осы кредиттер бойынша кепілді қамтамасыз ету ретінде ұсынды.

## 15. «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания жалпы баланстық құны 16.561.713 мың теңге болатын ҚББ-да «РЕПО» шарттарын жасады. «РЕПО» шарттары бойынша мәмілелерді Компания өтімділік бойынша қысқа мерзімді позицияны басқару мақсатында пайдаланады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жиынтық әділ құны 16.091.219 мың теңгені құрайтын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары аталған шарттардың мәні болып табылады (*8-Ескертпе*).

## 16. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар мына позицияларды қамтиды:

| | *2023 жыл* | *2022 жыл* |
|---|---|---|
| ҚҚБ шығарылған борыштық бағалы қағаздар | **22.300.000** | 10.404.444 |
| Минус: амортизацияланбаған дисконт | **(49.714)** | (14.808) |
| | **22.250.286** | 10.389.636 |

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның борыштық бағалы қағаздары жиынтық номиналдық құны 20.000.000 мың теңге болатын екінші облигациялық бағдарлама шеңберінде орналастырылған қамтамасыз етілмеген купондық облигациялармен ұсынылды. Теңгемен көрсетілген осы облигациялар жылдық 20% мөлшеріндегі номиналды пайыздық мөлшерлемемен 2024 жылы өтеледі.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның борыштық бағалы қағаздары жиынтық номиналдық құны 10.000.000 мың теңге болатын бірінші облигациялық бағдарлама шеңберінде орналастырылған қамтамасыз етілмеген купондық облигациялармен ұсынылды. Теңгемен көрсетілген осы облигациялар жылдық 13% мөлшеріндегі номиналды пайыздық мөлшерлемемен 2023 жылы өтеледі.

## 17. Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар мыналарды қамтиды:

| | *2023 жыл* | *2022 жыл* |
|---|---|---|
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар | **3.193.820** | 3.440.305 |
| Алдыңғы жылдардағы корпоративтік табыс салығы | – | 87.573 |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар – уақытша айырмалардың пайда болуы және азаюы | **117.340** | 42.818 |
| **Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар** | **3.311.160** | 3.570.696 |

Компанияның табысына тек Қазақстан Республикасында ғана салық салынады. Салық заңнамасына сәйкес 2023 және 2022 жылдары қолданылатын корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 20%-ды құрайды.

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

**17. Салық салу (жалғасы)**

Осы қаржылық есептілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар мен 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін нормативтік салық мөлшерлемесіне көбейтілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар есепке алынғанға дейінгі пайда арасындағы салыстырып тексеру мынадай:

| | *2023 жыл* | *2022 жыл* |
|---|---|---|
| **Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда** | **16.524.112** | 16.633.648 |
| Салықтың нормативтік мөлшерлемесі | **20%** | 20% |
| **Нормативтік мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша теориялық шығыс** | **3.304.822** | 3.326.730 |
| Мемлекеттік бағалы қағаздар және ҚҚБ тізіміндегі бағалы қағаздар бойынша салық салынбайтын пайыздық кіріс | **(178.933)** | (113.028) |
| Шегеруге жатпайтын кредиттік залалдар бойынша шығыстар | **163.721** | 160.489 |
| Шегеруге жатпайтын клиенттерге берілген кредиттердің шарттарын түрлендіруден туындаған залалдар | **13.783** | 12.714 |
| Алдыңғы жылдар үшін ағымдағы корпоративтік табыс салығын түзету | **–** | 87.573 |
| Шегеруге жатпайтын өзге шығыстар | **7.767** | 96.218 |
| **Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар** | **3.311.160** | 3.570.696 |

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер 394.810 мың теңгені (2022 жылғы 31 желтоқсанда 158.025 мың теңге) құрады.

**Кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық міндеттемелері**

Қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салынатын базаны есептеу мақсатында пайдаланылатын сомалар арасында туындайтын уақытша айырмалар 2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза кейінге қалдырылған салық активінің туындауына әкеп соғады. Болашақ салық жеңілдіктері, егер Қазақстан заңнамасында компанияның аталған жеңілдіктерді болашақ кезеңдерде пайдалану қабілетіне теріс әсер ететін өзгерістер болмаған жағдайда ғана алынуы мүмкін.

31 желтоқсанда кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ олардың тиісті жылдардағы қозғалысы былайша берілген:

| | *2021 жыл* | *Пайда немесе залал құрамында уақыт айырмашылықтарының туындауы және азаюы* | *2022 жыл* | *Пайда немесе залал құрамында уақыт айырмашылықтарының туындауы және азаюы* | *2023 жыл* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Шегерілетін уақыт айырмашылықтарының салықтық әсері** | | | | | |
| Сыйлықақылар және пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген шығыстар | 464.053 | 54.497 | 518.550 | **26.150** | **544.700** |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | 26.745 | 28.830 | 55.575 | **46.191** | **101.766** |
| Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер | 121.653 | 76.854 | 198.507 | **4.289** | **202.796** |
| Өзге міндеттемелер | 10.577 | 1.962 | 12.539 | **3.617** | **16.156** |
| **Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер** | 623.028 | 162.143 | 785.171 | **80.247** | **865.418** |
| **Салық салынатын уақыт айырмашылықтарының салықтық әсері** | | | | | |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер | (393.335) | (131.780) | (525.115) | **(195.523)** | **(720.638)** |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер | (111.056) | (73.181) | (184.237) | **(2.064)** | **(186.301)** |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | (4.757) | – | (4.757) | **–** | **(4.757)** |
| **Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер** | (509.148) | (204.961) | (714.109) | **(197.587)** | **(911.696)** |
| **Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша таза активтер/(міндеттемелер)** | 113.880 | (42.818) | 71.062 | **(117.340)** | **(46.278)** |



*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

**18. Капитал**

**Жарғылық капитал**

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның төленген және айналымдағы жарғылық капиталының шамасы 50.008.939 мың теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 14.430.993 мың теңге). 2023 жылғы 10 қарашада өткен Қатысушылардың жалпы жиналысы қабылдаған шешімге сәйкес Компанияның жарғылық капиталы қатысушылардың қосымша жарнасы есебінен 35.577.946 мың теңгеге ұлғайтылды.

2023 жылғы қарашада Компанияның ұйымдық-құқықтық нысанын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен акционерлік қоғамға қайта ұйымдастыру процесінің шеңберінде Компанияның жинақталған таза пайдасы мен резервтік капиталы таратылып, жарғылық капиталға жарналар енгізу және дивидендтер төлеу үшін пайдаланылды.

**Дивидендтер**

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компанияның қаражатын бөлу үшін қолжетімді шама ХҚЕС-қа сәйкес дайындалған Компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген бөлінбеген пайданың шамасымен немесе жинақталған залал жағдайында бір жылдағы пайданың сомасымен шектеледі. Егер Компанияның меншікті капиталының мөлшері бөлу нәтижесінде теріс болса немесе Компанияның төлем қабілеттілігі мен дәрменсіздігіне әкеп соқса, бөлу жүзеге асырылмайды.

2023 жылғы 10 қарашада өткен Қатысушылар жалпы жиналысының шешіміне сәйкес Компания 2022 жылға 49.005.434 мың теңге сомасында дивидендтер жариялады. 2023 жылғы 10 қарашада Компания қатысушылары жарияланған дивидендтерді 35.577.946 мың теңге сомасында жарғылық капиталды ұлғайтуға жіберу және 13.427.488 мың теңге сомасында ақшалай нысанда дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдады.

Қатысушылар Жалпы жиналысының 2022 жылғы 13 қазандағы шешіміне сәйкес Компания 2.805.637 мың теңге сомасында ақшалай нысанда дивидендтер жариялады және төледі.

**Резервтік капитал**

Қатысушылар Жалпы жиналысының 2012 жылғы 4 мамырдағы шешіміне сәйкес резервтік капитал жыл бойы қалыптастырылады және есепті жылдың басындағы жағдай бойынша жарғылық капиталдың кемінде 5%-ын құрауға тиіс.

2022 жылы қарашада Компанияның Бақылаушы кеңесі бөлінбеген пайдадан резервтік капиталға 280.563 мың теңге сомасындағы аударымды бекітті. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтік капитал 1.478.339 мың теңгені құрады.

2023 жылдың 10 қарашасында Компанияның Бақылаушы кеңесі резервтік капиталды бөлінбеген пайдаға ауыстыруды мақұлдады.

**19. Шарттық және шартты міндеттемелер**

**Саяси және экономикалық жағдайлар**

Қазақстанда нарықтық экономика талаптарына сай келетін экономикалық реформалар мен құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасып жатыр. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ Үкіметтің экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында қабылдап жатқан шараларының тиімділігіне байланысты болады.

**Сақтандыру**

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметтерінің нарығы қалыптасу кезеңінде және әлемнің басқа елдерінде кең таралған сақтандырудың көптеген түрі Қазақстан Республикасында әлі қолжетімді емес. Компания қызметінің тоқтатылуынан туындаған залалдарға немесе авариялар немесе компания қызметінің нәтижесінде жылжымайтын мүлік объектілеріне немесе қоршаған ортаға келтірілген залалға байланысты үшінші тараптар алдында туындаған міндеттемелерге қатысты толық сақтандыру қорғанысы жоқ. Компания тиісті сақтандыруды қамтамасыз еткенге дейін белгілі бір активтердің жоғалуы немесе зақымдануы компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін.

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 19. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)

**Заң мәселелері**

Әдеттегі қызмет барысында Компания сот талаптары мен шағымдарының объектісі болып табылады. Басшылықтың пікірі бойынша, осындай талаптар немесе шағымдар нәтижесінде туындайтын ықтимал міндеттемелер (олар болған кезде) Компанияның қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне болашақта елеулі теріс әсер етпейді, сондықтан қаржылық есептілікте резервтер құрылмады.

**Күтпеген салық төлемдері**

Әртүрлі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің ережелері әрдайым нақты тұжырымдалмайды және оларды түсіндіру жергілікті жерлердегі салық органдары инспекторлары мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің лауазымды адамдарының пікіріне байланысты. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасында пікір алшақтығы жағдайлары жиі кездеседі. Қазақстан заңдарының, қаулылары мен тиісті нормативтік құқықтық актілерінің мәлімделген немесе анықталған бұзушылықтары үшін айыппұлдар мен өсімпұлдардың қазіргі режимі өте қатал. Айыппұл санкцияларына даулы соманы тәркілеу (валюталық заңнаманы бұзғаны үшін), сондай-ақ, әдетте, төленбеген салықтар сомасының 50% мөлшеріндегі айыппұлдар кіреді.

Компания барлық қолданылатын салықтарды төледі немесе есептеді деп санайды. Түсініксіз жағдайларда Компания салық міндеттемелерін басшылықтың негізделген бағалары негізінде есептеді. Компанияның саясаты шығын ықтималдығы бар есепті кезеңде резервтерді тануды көздейді және оның сомасы жеткілікті дәлдік деңгейімен анықталуы мүмкін.

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздікке байланысты салықтардың, айыппұл санкцияларының және өсімпұлдың ықтимал сомасы осы уақыт бойынша шығыстарға жатқызылған және 2023 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып түсуі мүмкін. Мұндай сомаларды есептеу мүмкіндігіне және олардың әлеуетті маңызды сипатына қарамастан, Компания басшылығы оларды екіталай немесе бағаланбайды немесе екеуі де бір уақытта болады деп есептейді.

**Шарттық және шартты міндеттемелер**

Компанияда кредит ресурстарын ұсыну бойынша шартты міндеттемелер бар. Кредиттік сипаттағы осы шартты міндеттемелер кредиттік ресурстарды мақұлданған кредиттік желілер нысанында беруді көздейді.

Компания кредиттік шартты міндеттемелерді беру кезінде клиенттерге кредиттер беру кезіндегідей тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдерін қолданады.

Шартты міндеттемелердің шарттық сомалары бұдан әрі кестеде берілген:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| **Кредиттік сипаттағы міндеттемелер** | | |
| Кредит беру жөніндегі міндеттемелер | **26.873.827** | 18.899.090 |
| **Шарттық және шартты міндеттемелер** | **26.873.827** | 18.899.090 |
| | | |
| Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша ККЗ арналған резервтер | **(57.616)** | (35.883) |

Микрокредиттік желі беру туралы келісімдерде кез келген қолайсыз жағдайлар туындаған жағдайда компанияның шарттан біржақты тәртіппен бас тарту құқығы көзделеді. Бұл ретте, Компания қарыз алушының кредиттік тәуекеліне кредиттік желілер шеңберінде қаражат берілген күнге дейін талдау жүргізеді. Осылайша, компания басшылығы компанияның кредиттік залалдар тәуекеліне ұшырауы кредит желісінің пайдаланылмаған бөлігін жою туралы хабарлама беру үшін келісімшарттық мерзіммен шектелген деп санайды.

Осының салдарынан жоғарыда көрсетілген міндеттемелер ақшалай қаражаттың күтілетін кетуін білдірмейді. ККЗ арналған резерв нақты берілген транштар бойынша ғана есептеледі.

2021 жылы шағын және орта бизнес санатына жатқызылған қарыз алушыларға берілген қарыздар бойынша талдау жүргізу және кезекті беру күніне дейін 6 айдан аз уақыт ішінде соңғы траншты беру шартымен қаржылық жай-күйін алдын ала талдаусыз кредиттік желі шеңберінде транштар беру туралы шешім қабылданды. Осындай кредиттік желілер бойынша Компания резервтер құрды.

«KMF (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2023 жылғы қаржылық есептілікке ескертпе

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 20. Клиенттерге берілген кредиттер бойынша пайыздық түсім

2023 жылы клиенттерге берілген кредиттер бойынша пайыздық түсім 82.964.612 мың теңгені (2022 жылы: 70.082.077 мың теңге) құрады, оған 68.915 мың теңге мөлшерінде (2022 жылы: 63.568 мың теңге) клиенттерге берілген кредиттер бойынша шартта көзделген ақша ағындарының танылуын тоқтатуға алып келмейтін өзгерістері нәтижесінде түрленуден болған таза залал да кіреді.

## 21. Кредиттік залалдар бойынша шығыстар

Төмендегі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда немесе залал құрамында көрсетілген қаржы құралдары бойынша ККЗ қатысты шығыстар көрсетілген:

| | | *2023 жыл* | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Ескер.* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *Жиыны* |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 5 | **2.978** | – | – | **2.978** |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | | **(38)** | – | – | **(38)** |
| Клиенттерге берілетін кредиттер | 7 | **206.198** | **(1.656.777)** | **(5.845.888)** | **(7.296.467)** |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | 8 | **25.128** | – | – | **25.128** |
| Өзге қаржы активтері | | – | – | **2.938** | **2.938** |
| Шартты міндеттемелер | | **(21.733)** | – | – | **(21.733)** |
| **Кредиттік залалдар бойынша шығыстар** | | **212.533** | **(1.656.777)** | **(5.842.950)** | **(7.287.194)** |

Төмендегі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда немесе залал құрамында көрсетілген қаржы құралдары бойынша ККЗ қатысты шығыстар көрсетілген:

| | | *2022 жыл* | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Ескер.* | *1-кезең* | *2-кезең* | *3-кезең* | *Жиыны* |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 5 | (7.760) | – | – | (7.760) |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | | (28) | – | – | (28) |
| Клиенттерге берілетін кредиттер | 7 | 136.690 | (1.036.398) | (4.305.696) | (5.205.404) |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | 8 | (119.387) | – | – | (119.387) |
| Өзге қаржы активтері | | 2.943 | – | (10.047) | (7.104) |
| Шартты міндеттемелер | | (20.714) | – | – | (20.714) |
| **Кредиттік залалдар бойынша шығыстар** | | (8.256) | (1.036.398) | (4.315.743) | (5.360.397) |

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 22. Қызметкерлерге жұмсалған шығыстар және өзге операциялық шығыстар

Персонал шығындары және басқа операциялық шығындар келесі позицияларды қамтиды:

| | *2023 жыл* | *2022 жыл* |
|---|---|---|
| Жалақы, сыйлықақы және өзге төлемдер | **17.323.625** | 14.404.794 |
| Әлеуметтік қамтамасыз етуге аударымдар | **1.755.408** | 1.493.940 |
| **Қызметкерлерге жұмсалған шығыстар** | **19.079.033** | 15.898.734 |
| | | |
| Кәсіби қызметтер | **1.797.534** | 1.208.582 |
| Тозу және амортизация *(10, 11 және 12-ескертпелер)* | **1.569.835** | 1.279.382 |
| Төлемдерді өңдеу бойынша қызметтер | **1.265.274** | 1.653.702 |
| Салықтар, корпоративтік табыс салығынан бөлек | **552.336** | 344.781 |
| Жарнама және маркетинг | **502.678** | 396.952 |
| Күзет қызметтері | **469.801** | 377.179 |
| Кеңсе керек-жарақтары | **376.830** | 274.491 |
| Қосымша құн салығы бойынша шығыстар | **313.154** | 259.707 |
| Байланыс қызметтері және ақпараттық қызметтер | **304.925** | 277.553 |
| Іссапар шығыстары | **264.339** | 170.959 |
| Жөндеу және техникалық қызмет көрсету | **246.065** | 149.089 |
| Жалдау | **207.231** | 202.077 |
| Қызметкерлерді оқыту | **180.508** | 46.927 |
| Банк комиссиялары | **126.674** | 126.795 |
| Көлік шығыстары | **98.562** | 86.768 |
| Сақтандыру | **89.475** | 67.361 |
| Инкассация | **81.921** | 66.940 |
| Брокер қызметтері | **65.084** | 29.448 |
| Корпоративтік шаралар бойынша шығыстар | **63.643** | 117.472 |
| Қайырымдылық | **33.857** | 16.656 |
| Мүшелік жарналар | **13.941** | 16.700 |
| Өзге | **260.431** | 105.472 |
| **Өзге операциялық шығыстар** | **8.884.098** | 7.274.993 |

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы EY құрамындағы фирмалар Компаниядан алатын аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер үшін сыйақы сомасы тиісінше 64.800 мың теңгені және 4.282 мың теңгені құрады.

## 23. Тәуекелдерді басқару

**Кіріспе**

Тәуекелдерді басқару Компания қызметінің негізінде жатыр және Компанияның операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелін және валюталық, кредиттік тәуекелді және өтімділік тәуекелін қамтитын нарықтық тәуекел Компания өз қызметін жүзеге асыру процесінде кездесетін негізгі тәуекелдер болып табылады. Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты компания ұшырайтын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен рәсімдер нарықтық жағдайдың, ұсынылатын өнімдер мен қызметтердің өзгерістерін және пайда болған үздік практиканы көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады.

Тәуекелдерді тәуелсіз бақылау процесі, мысалы, ортаның, технологияның өзгеруі немесе саланың өзгеруі сияқты қызметті жүргізу тәуекелдерін қозғамайды. Мұндай тәуекелдерді компания стратегиялық жоспарлау процесінде бақылайды.

**Тәуекелдерді басқару құрылымы**

*Қатысушылардың жалпы жиналысы («ҚЖЖ»)*

Қатысушылардың жалпы жиналысы (бұдан әрі – «ҚЖЖ») Компанияның кредиттік саясатын құру және Компанияның бизнес-қызметін анықтау арқылы тәуекелге жалпы қатыстылықты анықтайды.

«KMF (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2023 жылғы қаржылық есептілікке ескертпе

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 23. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

**Кіріспе (жалғасы)**

**Тәуекелдерді басқару құрылымы *(жалғасы)***

*Бақылаушы кеңес*

Бақылаушы кеңес тәуекелдерді басқарудың жалпы тәсілдемесіне, ҚЖЖ белгілеген тәуекелдерді басқару стратегиясы мен қағидаттарын бекітуге жауап береді.

*Тәуекелдер жөніндегі комитет*

Тәуекелдер жөніндегі комитетті Бақылаушы кеңес тағайындайды және ол тәуекелдерді басқару стратегиясын әзірлеуге және жалпы тәуекел қағидаттарын, тұжырымдамасын, саясаты мен лимиттерін енгізуге жауапты болады. Ол тәуекелдерді басқарудың маңызды мәселелеріне жауап береді және тәуекелдерге қатысты қабылданған тиісті шешімдердің орындалуын бақылайды.

*Аудит жөніндегі комитет*

Аудит жөніндегі комитеттің негізгі мақсаты Компанияның Бақылаушы кеңесінің компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасау функциясын тиімді орындауына жәрдемдесу, ішкі бақылаудың адекватты жүйесін бағалау және ішкі және сыртқы аудиттің тиімділігіне мониторинг жүргізу болып табылады.

*Басқарма*

Басқарманың міндеті Компаниядағы тәуекелдерді басқару процесін бақылау болып табылады.

*Активтер мен пассивтерді басқару комитеті («АПБК»)*

Компанияның активтер мен пассивтерді басқару комитетінің (бұдан әрі – «АПБК») міндеттеріне тәуекелдерді жалпы басқару және пруденциалдық нормативтер мен ковенанттардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру, қорландыру стратегиясын басқару, қаржылық және қаржылық емес тәуекелдер бойынша есептерді басқару және құрастыру кіреді.

*Қазынашылық*

Компанияның қазынашылығы компанияның активтері мен міндеттемелерін, сондай-ақ жалпы қаржылық құрылымды басқаруға жауап береді. Қазынашылық өтімділік тәуекелі мен Компанияны қаржыландыру тәуекелі үшін де жауап береді.

*Ішкі аудит*

Компанияда өтетін тәуекелдерді басқару процестерін Ішкі аудит басқармасы тексереді, ол рәсімдердің жеткіліктілігін де, Компанияның осы рәсімдерді орындауын да тексереді. Ішкі аудит басқармасы басшылықпен жүргізілген тексерулердің нәтижелерін талқылайды және Аудит жөніндегі комитетке өзінің қорытындылары мен ұсынымдарын береді.

*Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпарат беру жүйелері*

Кредиттік, нарықтық тәуекелдер және өтімділік тәуекелі тұтастай алғанда портфель деңгейінде де, жекелеген мәмілелер деңгейінде де Кредиттік комитеттер мен АПБК жүйесімен басқарылады және бақыланады. Шешім қабылдау процесінің тиімділігін арттыру үшін Компания тәуекелдің түріне және шамасына байланысты кредиттік комитеттердің иерархиялық құрылымын құрды. Сыртқы және ішкі қауіп факторлары Компанияның ұйымдық құрылымы шеңберінде анықталады және басқарылады.

Тәуекелдердің мониторингі мен бақылауы негізінен Компания белгілеген лимиттерге негізделеді. Мұндай лимиттер қызметті жүргізу стратегиясын және Компания жұмыс істейтін нарықтық жағдайларды, сондай-ақ Компания қабылдауға дайын тәуекел деңгейін көрсетеді және жекелеген салаларға ерекше назар аударылады. Бұдан басқа, Компания тәуекелдер мен операциялардың барлық түрлері бойынша жиынтық позицияға қатысты тәуекелдерді алып жүру бойынша өзінің жалпы қабілетін бақылайды және бағалайды.

Компанияның барлық деңгейлері үшін тәуекелдер туралы әртүрлі есептер жасалады, олар компанияның барлық бөлімшелеріне ауқымды, қажетті және өзекті ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін таратылады.

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 23. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

**Кіріспе (жалғасы)**

***Тәуекелдерді басқару құрылымы (жалғасы)***

*Тәуекелді азайту*

Тәуекелдерді басқару шеңберінде Компания пайыздық мөлшерлемелердегі, айырбас бағамдарындағы, сондай-ақ болжанатын мәмілелер бойынша позициялардағы өзгерістер салдарынан туындайтын позицияларды басқару үшін туынды және басқа да құралдарды пайдаланады.

*Тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануы*

Тәуекелдің шоғырлануы бірқатар контрагенттер ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асырған немесе олардың қызметі бір географиялық аймақта жүргізілген немесе контрагенттер ұқсас экономикалық сипаттамаларға ие болған және экономикалық, саяси және басқа жағдайлардағы өзгерістер нәтижесінде осы контрагенттердің шарттық міндеттемелерді орындау қабілетіне ұқсас әсер еткен жағдайда туындайды. Тәуекелдің шоғырлануы белгілі бір салаға немесе географиялық аймаққа әсер ететін жағдайлардағы өзгерістерге Компания қызметінің нәтижелерінің салыстырмалы сезімталдығын көрсетеді.

Тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануын болдырмау үшін Компанияның саясаты мен процедуралары әртараптандырылған портфельді қолдауға бағытталған арнайы қағидаттарды қамтиды. Тәуекелдің белгіленген шоғырлануын басқару жүзеге асырылады.

**Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе ақша қаражатының болашақ ағындарының өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарықтық тәуекел негізінен нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістердің және нарықтық бағалардың құбылмалылық деңгейінің өзгеруінің әсеріне ұшыраған пайыздық мөлшерлемелерге және шетел валютасына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқарудың міндеті нарықтық тәуекелге ұшыраудың қабылданған тәуекел үшін алынатын кірістілікті оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, қолайлы параметрлер шеңберінен шықпауын басқару және бақылау болып табылады.

Басқарма төрағасы басқаратын АПБК нарықтық тәуекелді басқару үшін жауапты болады.

***Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі***

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі – бұл нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан қаржы құралының әділ құнының өзгеру тәуекелі. Компания басым нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің оның қаржылық жағдайына және ақша қаражатының ағынына ауытқуының ықпалына ұшырауы мүмкін. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін жоғарылатуы мүмкін, бірақ сыйақы мөлшерлемелері күтпеген жағдайда өзгерсе, олар оны төмендетіп, шығындарға әкелуі мүмкін.



*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 23. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

**Нарықтық тәуекел (жалғасы)**

***Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру қаупі (жалғасы***

*Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдықты талдау*

Пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау мерзімдерін талдауға негізделген пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелін басқару қаржы активтері мен міндеттемелердің сезімталдығына мониторинг жүргізумен толықтырылады. 2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді ұлғайту немесе азайту жағына кірістілік қисықтарын 100 базистік тармаққа параллель жылжытудың оңайлатылған сценарийі негізінде жасалған пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне салық салынғанға дейінгі пайданың немесе залалдың және капиталдың сезімталдығын талдау (пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау тәуекелі) төмендегі түрде ұсынылуы мүмкін:

| | *2023 жыл* *Салық салғанға дейін пайдаға әсері* | *2022 жыл* *Салық салғанға дейін пайдаға әсері* |
|---|---|---|
| Мөлшерлемелерді ұлғайту жағына 100 базистік тармаққа параллель жылжу | **(103.111)** | (106.076) |
| Мөлшерлемелерді азайту жағына 100 базистік тармаққа параллель жылжу | **103.111** | 106.076 |

***Валюталық тәуекел***

Валюталық тәуекел – бұл валюталардың айырбас бағамының өзгеруі салдарында қаржы құралының әділ құнының өзгеру тәуекелі.

Төменде АҚШ долларында көрсетілген сомалар келтірілген:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| **Активтер** | | |
| Ақша қаражаты және оның баламасы | **4.849.135** | 1.320.149 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | **21.929.500** | 5.629.635 |
| Өзге активтер | **123.568** | 101.812 |
| **Активтердің жиыны** | **26.902.203** | 7.051.596 |
| **Міндеттемелер** | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | **56.443.384** | 64.791.452 |
| Өзге міндеттемелер | **10.996** | 1.862 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **56.454.380** | 64.793.314 |
| **Таза позиция** | **(29.552.177)** | (57.741.718) |
| Тәуекелді басқару мақсатында ұсталатын туынды қаржы құралдарының әсері | **29.412.882** | 57.307.870 |
| **Тәуекелді басқару мақсатында ұсталатын туынды қаржы құралдарының әсері ескерілген таза позиция** | **(139.295)** | (433.848) |

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

**23. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

**Нарықтық тәуекел (жалғасы)**

***Валюталық тәуекел (жалғасы)***

Төмендегі кестеде Компанияның 31 желтоқсанда саудалық емес монетарлық активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ болжанатын ақша ағындары бойынша елеулі позициялары бар валюталар көрсетілген. Жүргізілген талдау теңгеге қатысты валюталық бағамдардағы ықтимал өзгерістің пайдаға немесе залалға әсерін есептейді (әділ құны валюта бағамының өзгеруіне сезімтал болатын саудалық емес монетарлық активтер мен міндеттемелердің болуы салдарынан). Капиталға әсер ету пайдаға немесе залалға әсер етуден ерекшеленбейді. Барлық басқа параметрлер тұрақты шамалармен қабылданады. Кестедегі теріс сомалар пайданың немесе залалдың немесе капиталдың құрамындағы ықтимал таза азаюды көрсетеді, ал оң сомалар ықтимал таза өсуді көрсетеді.

| | *2023 жыл* | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***Валюта*** | ***Валюта бағамындағы өзгеріс %*** | ***Салық салғанға дейін пайдаға әсері*** | ***Валюта бағамындағы өзгеріс %*** | ***Салық салғанға дейін пайдаға әсері*** |
| АҚШ доллары | **14,15%** | **(19.710)** | **-14,15%** | **19.710** |
| | *2022 жыл* | | | |
| ***Валюта*** | ***Валюта бағамындағы өзгеріс %*** | ***Салық салғанға дейін пайдаға әсері*** | ***Валюта бағамындағы өзгеріс %*** | ***Салық салғанға дейін пайдаға әсері*** |
| АҚШ доллары | 21,00% | (91.108) | -21,00% | 91.108 |

**Кредиттік тәуекел**

Кредиттік тәуекел – Компания клиенттерінің немесе контрагенттерінің өзінің шарттық міндеттемелерін орындамауына байланысты Компанияның залалға ұшырау тәуекелі. Компания кредиттік тәуекелді кредиттік тәуекел шоғырландыру лимиттерін белгілеу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтитын бекітілген саясаттар мен процедураларды қолдану арқылы, сондай-ақ функцияларына кредиттік тәуекелдің белсенді мониторингі кіретін кредиттік комитеттерді құру арқылы басқарады. Микрокредит беру қағидаларын қатысушылар бекітеді.

Кредиттік саясат:

- кредиттік өтінімдерді қарау және мақұлдау процедураларын;
- қарыз алушылардың кредит төлеу қабілеттілігін бағалау әдістемесін;
- ұсынылатын қамтамасыз етуді бағалау әдістемесін;
- кредиттік құжаттамаға қойылатын талаптарды;
- кредит тәуекелі бар кредиттер мен өзге де өнімдерге тұрақты мониторинг жүргізу процедураларын белгілейді.

Компания жекелеген кредиттердің және басқа да кредиттік тәуекелдердің жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізеді.

Жеке қарыз алушыларды талдаудан басқа, Компания кредит портфеліне жалпы кредиттердің шоғырлануына және нарықтық тәуекелдерге қатысты бағалау жүргізеді.

Компанияның балванстық кредиттік тәуекелінің ең жоғары мөлшері қаржы жағдайы туралы есепте қаржы активтерінің балванстық құнында және танылмаған шарттық міндеттемелердің сомаларында ең жақсы түрде көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігі әлеуетті кредиттік тәуекелді төмендету үшін елеулі мәнге ие емес.

Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша балванстық құн кредиттік тәуекелдің ағымдағы мөлшерін білдіреді, бірақ болашақта құнның өзгеруі нәтижесінде туындауы мүмкін тәуекелдің ең жоғары мөлшерін білдірмейді.

Қаржы құралдарының әрбір сыныбы бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшері туралы толығырақ ақпарат жеке ескертпелерде берілген.



*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

**23. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

**Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

***Құнсыздануды бағалау***

Компания тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамаланған мәнін пайдалана отырып дисконтталатын ақшалай қаражаттың күтілетін толық алынбаған сомасын бағалау үшін макроэкономикалық факторлардың әсеріне түзетілген миграция матрицалары негізінде ККЗ-ны топтық негізде есептейді. Ақша қаражатын толық алмау – шартқа сәйкес ұйымға тиесілі ақша ағыны мен ұйым аламын деп күтетін ақша ағыны арасындағы айырмашылық. ККЗ-ны есептеу механикасы төменде сипатталған, ал негізгі элементтер мыналар:

*Дефолт ықтималдығы (PD)*

Дефолт ықтималдығы берілген уақыт аралығында дефолттың пайда болу ықтималдығын есептеу. Дефолт, егер активті тану тоқтатылмаса және ол әлі де портфельдің бөлігі болса, қарастырылып отырған кезең ішінде белгілі бір уақытта ғана орын алуы мүмкін.

*Дефолт тәуекеліне ұшырайтын шама (EAD)*

Дефолт тәуекеліне ұшыраған шама берілген қарызды және төлемнің мерзімін өткізу нәтижесінде есептелген пайыздарды өтеуден күтілетін шартта немесе өзгеше түрде көзделген борыш пен пайыздардың негізгі сомасын төлеуді қоса алғанда, есепті күннен кейін осы шаманың күтілетін өзгерістерін ескере отырып, болашақта қандай да бір күнге дефолтқа ұшыраған шаманың есептік бағасын білдіреді.

*Дефолт кезінде шығын деңгейі (LGD)*

Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі белгілі бір уақытта дефолт туындаған жағдайда пайда болатын шығындардың есептік бағасын білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алуды күтетін, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асыру нәтижесінде алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырма негізге алына отырып есептеледі. Әдетте EAD -ға қатысты пайызбен көрсетіледі.

Егер бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекел елеулі түрде ұлғайған болса, ККЗ-ға арналған бағалау резерві активтің қолданылу мерзімі ішінде пайда болуы күтілетін кредиттік залалдар негізінде есептеледі (бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдар немесе бүкіл мерзім үшін ККЗ), олай болмаған жағдайда бағалау резерві күтілетін 12 айлық кредиттік залалдарға (12 айлық ККЗ) тең сомада есептеледі. 12 айлық ККЗ – есепті күннен кейін 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолттар салдарында туындайтын ККЗ-ны білдіретін бүкіл мерзім ішінде ККЗ-ның бөлігі. Барлық мерзімдегі ККЗ және 12 айлық ККЗ қаржы құралдарының базалық портфелінің сипатына қарай жеке негізде немесе топтық негізде есептеледі.

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

**23. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

**Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

***Құнсыздануды бағалау (жалғасы)***

*Дефолт кезінде шығын деңгейі (LGD) (жалғасы)*

Компания қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолт басталу тәуекелінің өзгерістерін есепке алу жолымен бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болған-болмағанына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңында бағалауды жүзеге асыру үшін әдістемені әзірледі. Жоғарыда сипатталған процестің негізінде Компания өзі берген кредиттерді мына топтарға біріктіреді:

1-кезең: кредитті бастапқы тану кезінде Компания бағалау резервін 12 айлық ККЗ-ға тең сомада таниды. 1-кезеңге сондай-ақ кредиттік тәуекелі 2 және/немесе 3-кезеңнен ауыстырылған дәрежеге дейін төмендеген кредиттер және басқа да кредиттік желілер жатады.

2-кезең: егер кредит бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай ұлғайған болса, Компания бағалау резервін бүкіл мерзім ішінде ККЗ-ға тең сомада таниды. 2-кезеңге сондай-ақ кредиттік тәуекелі 3-кезеңнен ауыстырылған дәрежеге дейін төмендетілген кредиттер мен басқа да кредиттік желілер жатады.

3-кезең: кредиттік-құнсызданған болып табылатын кредиттер, Компания бағалау резервін бүкіл мерзім ішінде ККЗ-ға тең сомада таниды.

СҚКҚ: сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СҚКҚ) активтер – бұл бастапқы тану сәтінде кредиттік құнсыздану болған қаржылық активтер. СҚКҚ-ны бастапқы тану кезінде активтер әділ құны бойынша бағаланады және кейіннен кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық түсім танылады. ККЗ арналған бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде ККЗ сомасының кейіннен өзгеруі болған көлемде ғана танылады немесе танылуын тоқтатады. 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияда клиенттерге берілген СҚКҚ кредиттері болған жоқ.

*Дефолт пен сауығуды анықтау*

Компания қаржы құралы бойынша дефолт болды деп есептейді, сондықтан кез келген жағдайда, ККЗ есептеу мақсаттары үшін оны 3-кезеңге (кредиттік-құнсызданған активтер) жатқызады:

- қарыз алушының шартта көзделген төлемдерді 90 күнге кешіктіруі;
- қарыз алушының қайтыс болуы;
- кредитті өтеу қамтамасыз етуді сату нәтижесінде күтілетін кезде қамтамасыз ету құнының айтарлықтай төмендеуі;
- қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына не сотқа талап-арыз беруге байланысты кредит бойынша номиналды сыйақыны есептеуді тоқтата тұру;
- қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты кредитті қайта құрылымдау;
- борышкер (немесе борышкер тобының құрамындағы заңды тұлға) банкроттық туралы өтініш берді немесе өзін банкрот деп жариялады.

Компания банктердегі қаражатқа қатысты дефолт болды деп есептейді және егер операциялық күн жабылған сәтте банктің сыйақыны және депозиттің негізгі сомасын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамауы, сондай-ақ Компанияның төлем тапсырмаларына сәйкес ақша қаражатын аударуды 60 күннен артық орындамауы, сондай-ақ депозиттік және ағымдағы шоттарда қалдықтары бар екінші деңгейдегі банктердің банктің кредиттік рейтингінің төмендеуі тіркелсе, оны жою бойынша дереу шаралар қабылдайды.

Компанияның саясатына сәйкес, қаржы құралдары «сауыққан» деп саналады, сондықтан дефолттың басталу критерийлерінің ешқайсысы қатарынан кемінде екі ай бойы байқалмаған, сондай-ақ дефолттан кейін кемінде бір нөлдік емес төлем жасалған және есеп беру күніне дейін екі ай ішінде кешіктірулер болмаған кезде 3-кезеңнен ауыстырылады.

«KMF (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2023 жылғы қаржылық есептілікке ескертпе

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

**23. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

**Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

***Құнсыздануды бағалау (жалғасы)***

*Дефолт тәуекеліне ұшырайтын шама*

Дефолт тәуекеліне ұшырайтын шама (EAD) құнсыздану мәніне бағалауға жататын қаржы құралдарының жалпы баланстық құнын білдіреді және клиенттің дефолтқа жақындаған кезде өзінің берешегін ұлғайту қабілетін де, мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін де көрсетеді. 1-кезеңнің кредиттері үшін EAD есептеу үшін Компания 12 айлық ККЗ бағалау үшін 12 ай ішінде дефолт ықтималдығын бағалайды. 2-кезең, 3-кезең активтері және СҚКҚ қаржылық активтері үшін EAD көрсеткіші құралдың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде болуы мүмкін оқиғалар үшін қаралады.

Компания EAD көрсеткішін өнім тұрғысынан EAD орташа коэффициентін анықтау үшін әр кредит бойынша алдыңғы өтеу туралы статистикалық ақпаратты талдау арқылы анықтайды. Содан кейін, сегменттеу аймағына және өнімге байланысты, әр кредитке көші-қон матрицалары негізінде дефолт ықтималдығын есептеу моделіне сәйкес PD көрсеткіштері беріледі.

Микрокредиттік желіні беру туралы келісімге сәйкес Компания кез келген қолайсыз жағдайлар туындаған жағдайда шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы. Осылайша, келісімдер компания тарапынан қарыз беру жөнінде нақты міндеттеме бермейді. Осындай кредиттік желілерге ККЗ арналған резервті бағалау нақты берілген транш бойынша ғана жүргізіледі.

Кредиттер бойынша ККЗ дисконттау үшін пайдаланылатын пайыздық мөлшерлеме орташа тиімді пайыздық мөлшерлемеге негізделген, ол тәуекелге ұшыраудың күтілетін кезеңі ішінде қолданылады деп күтіледі.

*Дефолт кезінде шығын деңгейі*

LGD деңгейлері 1-кезең, 2-кезең, 3-кезең және СҚКҚ активтерінің барлық сыныптары үшін бағаланады. LGD көрсеткішін ай сайын Тәуекел менеджменті департаменті бағалайды.

Кредиттік тәуекелді бағалау LGD бағалаудың стандартты моделіне негізделеді. Бұл LGD деңгейлері қарызды өндіріп алу нәтижесінде қалпына келтірілетін немесе іске асырылатын сомалармен салыстырғанда күтілетін EAD көрсеткішін ескереді.

Компания LGD-ді бағалау үшін дефолтқа ұшыраған кредитті қайтару бойынша тарихи деректерді және қамтамасыз етуді сатудан түскен өтемақыны пайдаланады. Қамтамасыз ету құны өтімділік коэффициентін түзету арқылы бағаланады, содан кейін ол көлік құралдары үшін 6 ай мерзімге және бастапқы тиімді мөлшерлемені пайдалана отырып, жылжымайтын мүлік үшін 1,5 жыл мерзімге дисконтталады.

*Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі*

Құрал немесе құралдар портфелі бойынша құнсыздануға арналған бағалау резервін қандай сомада құру қажет екенін анықтау үшін (яғни, 12 айлық ККЗ немесе бүкіл мерзімге ККЗ), Компания бастапқы танылған сәттен бастап осы құрал немесе құралдар портфелі бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуін талдайды. Компания қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай өсті деп есептейді, егер:

- шартта көзделген төлемдер 30 күннен астам мерзімге кешіктірілсе;
- коммерциялық, қаржылық немесе экономикалық жағдайлардың қолданыстағы немесе болжанатын қолайсыз өзгерістері, олар қарыз алушының қарыз міндеттемелерін орындау қабілетінің айтарлықтай өзгеруіне әкеледі деп күтілсе;
- қарыз алушы қызметінің нормативтік-құқықтық, экономикалық немесе технологиялық жағдайлары нақты немесе күтілетіндей қолайсыз өзгерсе және т. б.;
- депозиттік және ағымдағы шоттарда қалдықтары бар екінші деңгейдегі банктің кредиттік рейтингі «ССС» деңгейіне дейін төмендесе;
- банк сыйақыны және депозиттің негізгі сомасын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ компанияның төлем тапсырмаларына сәйкес ақша қаражатын аударуды 30 күннен артық орындамаса.

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

**23. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

**Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

***Құнсыздануды бағалау (жалғасы)***

*Бағалау топтық негізде жүзеге асырылатын қаржы активтерін топтастыру*

Төменде көрсетілген факторларға байланысты Компания ККЗ-ны жеке немесе топтық негізде есептейді.

Компания ККЗ-ды жеке негізде есептейтін активтер сыныптарына мыналар жатады:

- қазынашылық және банкаралық қатынастар (мысалы, банктердегі қаражат және ақша қаражатының баламалары);
- бастапқы қарызды тану және борышты қайта құрылымдау нәтижесінде жаңа қарызды тану тоқтатылған сәтте СҚКҚ ретінде жіктелген қаржы активтері.
- 3-кезеңнің жеке елеулі кредиттері сценарий талдауы ескеріле отырып, құнсыздану тұрғысынан бағаланады.

Активтердің қалған барлық сыныптары бойынша компания ККЗ-ды топтық негізде есептейді.

Компания осы қаржы активтерін кредиттердің ішкі және сыртқы сипаттамаларына, мысалы, қарыз алушы өз қызметін жүзеге асыратын өнім түріне немесе салаға байланысты біртекті топтарға біріктіреді.

*Болжамдық ақпарат және көптеген экономикалық сценарийлер*

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ККЗ арналған резервтерді есептеу мақсаттары үшін Компания мыналарды назарға алды:

- экономикалық орта өзгеруінің экономиканың түрлі салаларына әсері;
- ЖІӨ өзгеруінің жаңартылған болжамы.

Болжамды ақпаратты алу үшін Компания сыртқы көздерден (сыртқы рейтингтік агенттіктер, мемлекеттік органдар, мысалы, орталық банктер және халықаралық қаржы ұйымдары) алынған деректерді пайдаланады.

Макроэкономикалық болжамның деректері ККЗ-дың негізгі компоненттеріне де (мысалы, PD бағалау), сондай-ақ осы кезеңде топтық негізде бағалау үшін пайдаланылатын факторларды бағалауға да әсер етеді.

Модельді әзірлеу және оны кейіннен валидациялау барысында (кем дегенде жыл сайынғы негізде) макроэкономикалық факторлардың елеулі әсеріне ұшыраған ККЗ пайдаланылатын компоненттерінің толықтығы да, сондай-ақ пайдаланылатын макроэкономикалық ауыспалылардың маңыздылығы да тексеріледі. Бұл процесс валидация әдіснамасының сапалы бөлігінде сипатталған. Көрсетілген тексерудің нәтижелері болжауды талап ететін қосымша макроэкономикалық факторларды анықтауға алып келуі мүмкін.

Валидация процесі макроэкономикалық факторлардың ККЗ-ды бағалауға сызықтық емес әсеріне байланысты бір сценарийді қолдану жеткіліксіз болатын дәрежесін анықтауға көмектеседі.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания дефолт ықтималдығын анықтау үшін негізгі және пессимистік сценарийлерді қолданды. Базалық сценарийді қолдану кезінде дефолт ықтималдығын есептеу үшін компания макроэкономикалық фактор ретінде 4,4%-ға (2022 жылы 2,1%) тең болатын 2024 жылға арналған ЖІӨ болжамын пайдаланды. Пессимистік сценарийді қолдану кезінде дефолт ықтималдығын есептеу үшін компания дағдарыс кезінде халықаралық рейтингтік агенттіктер жариялаған дефолттар статистикасын қолданды.



*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

**23. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

**Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

***Қаржы активтерінің сыныптары бойынша кредиттік сапа***

Төмендегі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы активтерінің сыныптары бөлінісінде кредиттік сапаға талдау жүргізілген.

| | *Ескер.* | | *Жоғары рейтинг* | *Стан-дартты рейтинг* | *Стан-дартты рейтингтен төмен* | *Құнсызданған* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қолма-қол қаражатты қоспағанда, ақша қаражаты және оның баламалары | 5 | 1-кезең | – | **9.404.062** | – | – | **9.404.062** |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | | 1-кезең | – | **24.188** | – | – | **24.188** |
| Клиенттерге берілген кредиттер | 7 | | | | | | |
| - Бөлшек саудаға, қызметтерге және өндіріске берілген кредиттер | | 1-кезең | – | **130.760.755** | **909.335** | – | **131.670.090** |
| | | 2-кезең | – | – | **570.105** | – | **570.105** |
| | | 3-кезең | – | – | – | **3.671.161** | **3.671.161** |
| - Ауыл шаруашылығына кредит беру | | 1-кезең | – | **82.814.157** | **332.117** | – | **83.146.274** |
| | | 2-кезең | – | – | **285.647** | – | **285.647** |
| | | 3-кезең | – | – | – | **1.309.652** | **1.309.652** |
| - Тұтынушылық кредит беру | | 1-кезең | – | **16.002.324** | **269.049** | – | **16.271.373** |
| | | 2-кезең | – | – | **209.595** | – | **209.595** |
| | | 3-кезең | – | – | – | **808.790** | **808.790** |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | 8 | 1-кезең | **24.478.576** | – | – | – | **24.478.576** |
| Өзге қаржы активтері | 13 | 1-кезең | – | **313.246** | – | – | **313.246** |
| | | 3-кезең | – | – | – | **3.075** | **3.075** |
| **Жиыны** | | | **24.478.576** | **239.318.732** | **2.575.848** | **5.792.678** | **272.165.834** |

Төмендегі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы активтерінің сыныптары бөлінісінде кредиттік сапаға талдау жүргізілген.

| | *Ескер.* | | *Жоғары рейтинг* | *Стан-дартты рейтинг* | *Стан-дартты рейтингтен төмен* | *Құнсызданған* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қолма-қол қаражатты қоспағанда, ақша қаражаты және оның баламалары | 5 | 1-кезең | – | 6.887.593 | – | – | 6.887.593 |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | | 1-кезең | – | 23.755 | – | – | 23.755 |
| Клиенттерге берілген кредиттер | 7 | | | | | | |
| - Бөлшек саудаға, қызметтерге және өндіріске берілген кредиттер | | 1-кезең | – | 106.409.902 | 925.876 | – | 107.335.778 |
| | | 2-кезең | – | – | 547.936 | – | 547.936 |
| | | 3-кезең | – | – | – | 2.459.526 | 2.459.526 |
| - Ауыл шаруашылығына кредит беру | | 1-кезең | – | 71.683.183 | 296.952 | – | 71.980.135 |
| | | 2-кезең | – | – | 246.310 | – | 246.310 |
| | | 3-кезең | – | – | – | 870.348 | 870.348 |
| - Тұтынушылық кредит беру | | 1-кезең | – | 18.853.571 | 289.358 | – | 19.142.929 |
| | | 2-кезең | – | – | 199.982 | – | 199.982 |
| | | 3-кезең | – | – | – | 670.244 | 670.244 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | 8 | 1-кезең | 10.188.072 | – | – | – | 10.188.072 |
| Өзге қаржы активтері | 13 | 1-кезең | – | 209.100 | – | – | 209.100 |
| | | 3-кезең | – | – | – | 2.496 | 2.496 |
| **Жиыны** | | | 10.188.072 | 204.067.104 | 2.506.414 | 4.002.614 | 220.764.204 |

Жоғарыда келтірілген кестеде жоғары рейтингке ие қаржы активтері – бұл кредиттік тәуекелдің минималды деңгейі бар, әдетте тәуелсіз кредиттік рейтингі бар немесе қамтамасыз ету деңгейі жоғары активтер. Жақсы қаржылық жағдайы бар және қарызға жақсы қызмет көрсететін кредиттік ұйымдар мен қарыз алушылар стандартты рейтинг санатына кіреді. Стандарттан төмен рейтинг стандартты рейтингпен салыстырғанда неғұрлым төмен кредиттік сапаны білдіреді, алайда осы санатқа енгізілген активтер құнсызданбаған болып табылады.

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

**23. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

**Кредиттік тәуекел (жалғасы)**

***Қаржы активтерінің сыныптары бойынша кредиттік сапа (жалғасы)***

Клиенттерге берілетін кредиттер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резерві туралы толық ақпарат *7-ескертпеде* берілген.

Төменде Компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелерінің географиялық белгісі бойынша шоғырлануы берілген:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | | | | *2022 жылғы 31 желтоқсан* | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Қазақстан* | *ЭЫДҰ* | *ТМД және басқа елдер* | *Жиыны* | *Қазақстан* | *ЭЫДҰ* | *ТМД және басқа елдер* | *Жиыны* |
| **Активтер** | | | | | | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | **9.700.278** | – | – | **9.700.278** | 7.041.198 | – | – | 7.041.198 |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | **24.188** | – | – | **24.188** | 23.755 | – | – | 23.755 |
| Туынды қаржы активтері | – | **39.782** | – | **39.782** | – | 1.201.302 | – | 1.201.302 |
| Клиенттерге берілген кредиттер | **237.942.687** | – | – | **237.942.687** | 203.453.188 | – | – | 203.453.188 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | **8.387.357** | – | – | **8.387.357** | 10.188.072 | – | – | 10.188.072 |
| «Репо» шарттары бойынша салынған инвестициялық бағалы қағаздар | **16.091.219** | – | – | **16.091.219** | – | – | – | – |
| Өзге қаржы активтері | **192.753** | **123.568** | – | **316.321** | 211.596 | – | – | 211.596 |
| | **272.338.482** | **163.350** | – | **272.501.832** | 220.917.809 | 1.201.302 | – | 222.119.111 |
| **Міндеттемелер** | | | | | | | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | **53.280.971** | **136.725.333** | – | **190.006.304** | 42.175.790 | 121.560.667 | – | 163.736.457 |
| «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек | **16.561.713** | – | – | **16.561.713** | – | – | – | – |
| Туынды қаржы міндеттемелері | **230.893** | – | – | **230.893** | 835.423 | – | – | 835.423 |
| Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер | **1.013.981** | – | – | **1.013.981** | 992.534 | – | – | 992.534 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | **22.250.286** | – | – | **22.250.286** | 10.389.636 | – | – | 10.389.636 |
| Өзге қаржы міндеттемелері | **4.409.069** | **1.479** | **9.516** | **4.420.064** | 4.122.625 | 1.229 | 634 | 4.124.488 |
| | **97.746.913** | **136.726.812** | **9.516** | **234.483.241** | 58.516.008 | 121.561.896 | 634 | 180.078.538 |
| **Активтер/(міндеттемелер) бойынша нетто-позиция** | **174.591.569** | **(136.563.462)** | **(9.516)** | **38.018.591** | 162.401.801 | (120.360.594) | (634) | 42.040.573 |

«KMF (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2023 жылғы қаржылық есептілікке ескертпе

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

**23. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

**Операциялық тәуекел**

Операциялық тәуекел – бұл жүйелік іркіліс, қызметкерлердің қателері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі жұмысын тоқтатқан кезде операциялық тәуекелдер компания беделіне нұқсан келтіруі, құқықтық салдарға алып келуі немесе қаржылық залалдарға әкелуі мүмкін. Компания барлық операциялық тәуекелдер жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесі және ықтимал тәуекелдерге тиісті шаралар қабылдау арқылы Компания осындай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді тиімді бөлуді, қол жеткізу құқықтарын, бекіту және салыстыру рәсімдерін, персоналды оқытуды, сондай-ақ ішкі бақылауды (аудитті) қоса алғанда, бағалау рәсімдерін көздейді.

**Нормативтік-құқықтық сәйкессіздік тәуекелі**

Нормативтік-құқықтық сәйкессіздік тәуекелі нормативтік-құқықтық талаптар мен заңнаманы сақтамауға байланысты тәуекелдерді қамтиды. Нормативтік-құқықтық сәйкессіздік тәуекелі – бұл қолданылатын заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді сақтамаған немесе бизнесті жосықсыз жүргізгені (этикалық стандарттарды бұзуды қоса алғанда) үшін айыппұл салу немесе өзге де жаза қолдану салдарынан компанияның қаржылық немесе бедел тәуекеліне ұшырау қаупі. Компанияның нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімшесі осы тәуекелді басқару тиімділігін және тиісті бақылау жүйесін арттыруға ұмтылады. Компания өз қызметін нормативтік-құқықтық базаның өзгергіштігінің едәуір деңгейі байқалатын нарықта жүзеге асырады, сондықтан жоғары басшылық нормативтік талаптарды сақтамаумен байланысты тәуекелге ерекше назар аударады. Компанияның нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімшесі бұл тәуекелді Компанияға лайықты көрсеткіштерді пайдалану, бұзушылықтар туралы есептерді қарау және талдау, бірінші және екінші қорғау желілеріне қатысты тәуекелді талдау және бақылау, мемлекеттік тексеру нәтижелері және ішкі және сыртқы аудит нәтижелерін талдау арқылы бақылайды.

**Өтімділік тәуекелі**

Өтімділік тәуекелі – бұл есеп айырысулар ақша қаражатын немесе басқа қаржы активін беру арқылы жүзеге асырылатын қаржылық міндеттемелерді орындау бойынша Компанияда қиындықтар тудыруы мүмкін тәуекел. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша сәйкес келмеген кезде туындайды. Өтеу мерзімдері мен активтер мен міндеттемелердің пайыздық мөлшерлемелері бойынша сәйкес келуі және/немесе бақыланатын сәйкес келмеуі өтімділік тәуекелін басқаруда негізге алынатын сәт болып табылады. Жүргізілетін операциялардың алуан түрлілігіне және олармен байланысты белгісіздікке байланысты активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша толық сәйкестік қаржы институттары үшін әдеттегі практика болып табылмайды, бұл операциялардың кірістілігін арттыруға мүмкіндік береді, алайда залалдардың туындау тәуекелін арттырады.

Компания міндеттемелерді өтеу мерзімінің басталуына қарай барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақша қаражатының тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділіктің қажетті деңгейін қолдайды. Өтімділікті басқару жөніндегі саясатты Басқарма қарайды және бекітеді.

Компания басқа банктердің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттерінен тұратын қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған және тұрақты құрылымын, сондай-ақ Компанияның өтімділікке қатысты күтпеген талаптарға жедел және күрт ауытқуларсыз ден қоюға қабілетті болуы үшін жоғары өтімді активтердің әртараптандырылған портфелін белсенді қолдауға ұмтылады.

Өтімділікті басқару саясаты мыналардан тұрады:

- негізгі валюталар бөлінісінде ақша қаражатының ағынын болжау және өтімді активтердің қажетті деңгейін ақша қаражатының осы ағындарымен байланысты есептеу;
- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдау;
- қарыз қаражатының шоғырлануы мен құрылымын басқару;
- қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруды тарту бойынша жоспарларды әзірлеу;
- кассалық өтімділік бұзылған жағдайда қорғау шарасы ретінде еркін іске асыруға болатын жоғары өтімді активтер портфелін қолдау;
- өтімділікті және қаржыландырудың белгіленген деңгейін қолдау бойынша резервтік жоспарларды әзірлеу;
- өтімділік көрсеткіштерінің заңнамалық белгіленген нормативтерге сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

**23. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

**Өтімділік тәуекелі (жалғасы)**

***Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелерді талдау***

Төмендегі кестелерде өтеу бойынша дисконтталмаған шарттық міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлінісінде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның қаржылық міндеттемелері көрсетілген:

| *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз* | *1 айдан 3 айға дейін* | *3 айдан 6 айға дейін* | *6 айдан 12 айға дейін* | *1 жылдан 5 жылға дейін* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қаржы міндеттемелері** | | | | | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | **6.184.496** | **33.202.775** | **47.560.998** | **55.423.300** | **72.960.083** | **215.331.652** |
| «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек | **7.430.705** | **9.425.500** | **–** | **–** | **–** | **16.856.205** |
| Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер | **50.844** | **101.089** | **150.504** | **288.680** | **694.279** | **1.285.396** |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | **–** | **–** | **24.000.000** | **–** | **–** | **24.000.000** |
| Өзге қаржы міндеттемелері | **2.316.495** | **–** | **2.000.753** | **–** | **102.816** | **4.420.064** |
| **Дисконтталмаған қаржы міндеттемелерінің жиыны** | **15.982.540** | **42.729.364** | **73.712.255** | **55.711.980** | **73.757.178** | **261.893.317** |

| *2022 жылғы 31 желтоқсан* | *Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз* | *1 айдан 3 айға дейін* | *3 айдан 6 айға дейін* | *6 айдан 12 айға дейін* | *1 жылдан 5 жылға дейін* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қаржы міндеттемелері** | | | | | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | 4.711.478 | 10.675.649 | 20.231.199 | 37.173.552 | 114.982.457 | 187.774.335 |
| Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер | 48.033 | 96.065 | 89.947 | 260.894 | 728.719 | 1.223.658 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | – | 650.000 | – | 10.650.000 | – | 11.300.000 |
| Өзге қаржы міндеттемелері | 4.174.570 | 94.444 | – | – | – | 4.269.014 |
| **Дисконтталмаған қаржы міндеттемелерінің жиыны** | 8.934.081 | 11.516.158 | 20.321.146 | 48.084.446 | 115.711.176 | 204.567.007 |



*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

## 24. Әділ құнды бағалау

Әділ құнды бағалау бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасындағы әдеттегі мәміле барысында активті сату кезінде алынатын немесе міндеттемені беру кезінде төленетін соманы шамамен анықтауға арналған. Алайда, белгісіздік пен кәсіби пайымдауларды қолдануды ескере отырып, әділ құнды активтерді дереу сату немесе міндеттемелерді беру шеңберінде жүзеге асырылатын деп түсіндіруге болмайды.

**Әділ құнды бағалау иерархиясы**

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Компания актив немесе міндеттеме бойынша табиғаты, сипаттамалары мен тәуекелдері негізінде активтер мен міндеттемелер кластарын, сондай-ақ әділ құн көздері иерархиясының деңгейін айқындады.

| | *Бағалау күні* | *Белсенді нарықтардағы баға белгілеулер (1-деңгей)* | *Айтарлықтай байқалатын бастапқы деректер (2-деңгей)* | *Айтарлықтай байқалатын бастапқы деректер (3-деңгей)* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|
| ***2023 жылғы 31 желтоқсан*** | | | | | |
| **Әділ құны бойынша бағаланатын активтер** | | | | | |
| Туынды қаржы активтері | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | **39.782** | – | **39.782** |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | 2023 жылғы 31 желтоқсан | **24.478.576** | – | – | **24.478.576** |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | 2023 жылғы 12 желтоқсан | – | – | **66.958** | **66.958** |
| **Әділ құны жарияланатын активтер** | | | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | **9.700.278** | – | **9.700.278** |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | **24.188** | – | **24.188** |
| Клиенттерге берілген кредиттер | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | – | **238.128.458** | **238.128.458** |
| Өзге қаржы активтері | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | – | **316.321** | **316.321** |
| **Әділ құны бойынша бағаланатын міндеттемелер** | | | | | |
| Туынды қаржы міндеттемелері | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | **230.893** | – | **230.893** |
| **Әділ құны жарияланатын міндеттемелер** | | | | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | – | **187.474.544** | **187.474.544** |
| «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | **16.091.219** | – | **16.091.219** |
| Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | – | **1.075.259** | **1.075.259** |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | **22.250.286** | – | **22.250.286** |
| Өзге қаржы міндеттемелері | 2023 жылғы 31 желтоқсан | – | – | **4.420.064** | **4.420.064** |

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

**24. Әділ құнды бағалау (жалғасы)**

**Әділ құнды бағалау иерархиясы (жалғасы)**

| | *Бағалау күні* | *Белсенді нарықтардағы баға белгілеулер (1-деңгей)* | *Айтарлықтай байқалатын бастапқы деректер (2-деңгей)* | *Айтарлықтай байқалатын бастапқы деректер (3-деңгей)* | *Жиыны* |
|---|---|---|---|---|---|
| ***2022 жылғы 31 желтоқсан*** | | | | | |
| **Әділ құны бойынша бағаланатын активтер** | | | | | |
| Туынды қаржы активтері | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | 1.201.302 | – | 1.201.302 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | 2022 жылғы 31 желтоқсан | 10.188.072 | – | – | 10.188.072 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | 2022 жылғы 12 желтоқсан | – | – | 66.958 | 66.958 |
| **Әділ құны жарияланатын активтер** | | | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | 7.041.198 | – | 7.041.198 |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | 23.755 | – | 23.755 |
| Клиенттерге берілген кредиттер | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 203.430.824 | 203.430.824 |
| Өзге қаржы активтері | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 211.596 | 211.596 |
| **Әділ құны бойынша бағаланатын міндеттемелер** | | | | | |
| Туынды қаржы міндеттемелері | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | 835.423 | – | 835.423 |
| **Әділ құны жарияланатын міндеттемелер** | | | | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 161.619.101 | 161.619.101 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 992.534 | 992.534 |
| Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | 10.389.636 | – | 10.389.636 |
| Өзге қаржы міндеттемелері | 2022 жылғы 31 желтоқсан | – | – | 4.124.488 | 4.124.488 |

2023 және 2022 жылдар ішінде Компания қаржы құралдары үшін әділ құнның иерархиялық моделінің деңгейлері арасында аударымдарды жүзеге асырған жоқ.



*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

**24. Әділ құнды бағалау (жалғасы)**

**Әділ құны бойынша ескерілмейтін қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны**

Төменде қаржылық жағдай туралы есепте әділ құн бойынша көрсетілмейтін Компанияның қаржы құралдарының сыныптары бөлінісінде баланстық құны мен әділ құнын салыстыру келтіріледі. Кестеде қаржылық емес активтердің және қаржылық емес міндеттемелердің әділ құнының мәні келтірілмейді..

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | | | *2022 жылғы 31 желтоқсан* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Баланстық құн* | *Әділ құн* | *Мойындалмаған кіріс/ (залал)* | *Баланстық құн* | *Әділ құн* | *Мойындалмаған кіріс/ (залал)* |
| **Қаржы активтері** | | | | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | **9.700.278** | **9.700.278** | – | 7.041.198 | 7.041.198 | – |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | **24.188** | **24.188** | – | 23.755 | 23.755 | – |
| Клиенттерге берілген кредиттер | **237.942.687** | **238.128.458** | **185.771** | 203.453.188 | 203.430.824 | (22.364) |
| Өзге қаржы активтері | **316.321** | **316.321** | – | 211.596 | 211.596 | – |
| **Қаржы міндеттемелері** | | | | | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | **190.006.304** | **187.474.544** | **2.531.760** | 163.736.457 | 161.619.101 | 2.117.356 |
| «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек | **16.561.713** | **16.091.219** | **470.494** | – | – | – |
| Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер | **1.013.981** | **1.075.259** | **(61.278)** | 992.534 | 992.534 | – |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | **22.250.286** | **22.250.286** | – | 10.389.636 | 10.389.636 | – |
| Өзге қаржы міндеттемелері | **4.420.064** | **4.420.064** | – | 4.124.488 | 4.124.488 | – |
| **Әділ құндағы мойындалмаған өзгерістің жиыны** | | | **3.126.747** | | | 2.094.992 |

***Бағалау әдістемелері және жол беру***

Бұдан әрі осы қаржылық есептілікте әділ құн бойынша көрсетілмеген қаржы құралдарының әділ құнын айқындау кезінде пайдаланылған әдістемелер мен жол берулер сипатталған.

*Әділ құны шамамен активтердің баланстық құнына тең активтер*

Өтімді болып табылатын немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер жағдайында олардың баланстық құны шамамен әділ құнға тең болуына жол беріледі. Жол беру талап етілгенге дейінгі салымдарға және белгіленген өтеу мерзімі жоқ жинақ шоттарына да қолданылады.

*Туынды құралдар*

Бастапқы деректері нарықта байқалатын, құны бағалау әдістерінің көмегімен анықталатын туынды құралдар негізінен валюталық своптар болып табылады. Бағалаудың жиі қолданылатын әдістемелеріне келтірілген құнның есептеулерін пайдаланатын своптардың бағасын анықтау модельдері кіреді. Модельдер әртүрлі бастапқы деректерді, соның ішінде контрагенттердің кредиттік сапасын, форвардтық және спот-бағамдарды, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелер қисықтарын біріктіреді.

*Инвестициялық бағалы қағаздар*

Баға белгіленетін облигациялардың әділ құны есепті күнгі баға белгіленімдеріне негізделеді.

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

### 24. Әділ құнды бағалау (жалғасы)

**Әділ құны бойынша ескерілмейтін қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны (жалғасы)**

***Бағалау әдістемелері және жол беру (жалғасы)***

*Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер*

Клиенттерге берілетін кредиттерді, кредиттік ұйымдардағы қаражатты, кредиттік ұйымдардың қаражатын және жалдау шарттары бойынша міндеттемелерді, сондай-ақ өзге де қаржы активтері мен міндеттемелерді қоса алғанда, кейбір құралдардың әділ құны ұқсас талаптары, кредиттік тәуекелі және өтеу мерзімі бар берешек бойынша бағалау күніне қолда бар мөлшерлемелерді пайдалана отырып, ақша қаражатының болашақ ағындарын дисконттау арқылы бағаланады.

### 25. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау

Төмендегі кестеде өтеудің күтілетін мерзімдері бөлінісінде активтер мен міндеттемелер берілген. Компанияның өтеу жөніндегі шарттық дисконтталмаған міндеттемелері туралы ақпарат *23-ескертпеде* жарияланған.

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | | | *2022 жылғы 31 желтоқсан* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Бір жылдың ішінде* | *Бір жылдан астам* | *Жиыны* | *Бір жылдың ішінде* | *Бір жылдан астам* | *Жиыны* |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | **9.700.278** | **–** | **9.700.278** | 7.041.198 | – | 7.041.198 |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражат | **–** | **24.188** | **24.188** | 23.755 | – | 23.755 |
| Туынды қаржы активтері | **39.782** | **–** | **39.782** | 1.201.302 | – | 1.201.302 |
| Клиенттерге берілген кредиттер | **145.127.297** | **92.815.390** | **237.942.687** | 70.630.559 | 132.822.629 | 203.453.188 |
| Инвестициялық бағалы қағаздар | **6.136.456** | **2.250.901** | **8.387.357** | 3.413.370 | 6.774.702 | 10.188.072 |
| «РЕПО» шарттары бойынша салынған инвестициялық бағалы қағаздар | **10.197.303** | **5.893.916** | **16.091.219** | – | – | – |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | **–** | **66.958** | **66.958** | – | 66.958 | 66.958 |
| Негізгі құралдар | **–** | **10.891.077** | **10.891.077** | – | 9.097.130 | 9.097.130 |
| Пайдалану құқығы нысанындағы активтер | **–** | **931.504** | **931.504** | – | 921.187 | 921.187 |
| Материалдық емес активтер | **–** | **2.224.050** | **2.224.050** | – | 413.180 | 413.180 |
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер | **394.810** | **–** | **394.810** | 158.025 | – | 158.025 |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер | **–** | **–** | **–** | – | 71.062 | 71.062 |
| Өзге активтер | **1.649.974** | **3.075** | **1.653.049** | 941.665 | 2.115 | 943.780 |
| **Жиыны** | **173.245.900** | **115.101.059** | **288.346.959** | 83.409.874 | 150.168.963 | 233.578.837 |
| | | | | | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | **123.133.781** | **66.872.523** | **190.006.304** | 54.756.494 | 108.979.963 | 163.736.457 |
| «РЕПО» шарттары бойынша кредиторлық берешек | **16.561.713** | **–** | **16.561.713** | – | – | – |
| Туынды қаржы міндеттемелері | **230.893** | **–** | **230.893** | 835.423 | – | 835.423 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | **443.742** | **570.239** | **1.013.981** | 413.909 | 578.625 | 992.534 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | **22.250.286** | **–** | **22.250.286** | 10.389.636 | – | 10.389.636 |
| Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс бойынша міндеттемелер | **–** | **46.278** | **46.278** | – | – | – |
| Өзге міндеттемелер | **5.894.396** | **102.816** | **5.997.212** | 5.304.300 | – | 5.304.300 |
| **Жиыны** | **168.514.811** | **67.591.856** | **236.106.667** | 71.699.762 | 109.558.588 | 181.258.350 |
| **Нетто позиция** | **4.731.089** | **47.509.203** | **52.240.292** | 11.710.112 | 40.610.375 | 52.320.487 |

«KMF (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2023 жылғы қаржылық есептілікке ескертпе

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

### 26. Байланысты тараптармен операциялар

*24. «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу»* ХҚЕС (IAS) сәйкес бір тарап екінші тараптың операциялық және қаржылық шешімдерін бақылауға немесе елеулі дәрежеде ықпал етуге мүмкіндігі болса, байланысты тараптар деп есептеледі. Тараптардың бір-бірімен байланысты екендігі туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптар арасындағы қатынастардың мазмұны да ескеріледі.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелерге кіруі мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен шарттары байланысты емес тараптар арасындағы мәмілелер бағалары мен шарттарынан өзгеше болуы мүмкін.

**Қатысушылармен операциялар**

Шоттар бойынша қалдықтар және орташа тиімді пайыздық мөлшерлемелер, сондай-ақ басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе залал:

| | *Қатысушылар* | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *Жылдық орташа пайыздық мөлшерлеме, %* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* | *Жылдық орташа пайыздық мөлшерлеме, %* |
| **Қаржы жағдайы туралы есеп** | | | | |
| ***Міндеттемелер*** | | | | |
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты, теңге | **5.675.978** | **15,70** | 21.963.123 | 11,10 |
| **Жиынтық кіріс туралы есеп** | | | | |
| Пайыздық шығыстар | **(1.428.944)** | **–** | (3.434.695) | – |

**Компания қатысушыларын қоса алғанда, негізгі басқарушы персонал мүшелерімен операциялар**

Құрамында 12 адам бар негізгі басқарушы персоналға сыйақы:

| | *2023 жыл* | *2022 жыл* |
|---|---|---|
| Жалақы және өзге қысқа мерзімді төлемдер | **776.113** | 536.656 |
| Әлеуметтік салықтар және басқа аударымдар | **66.321** | 49.138 |
| **Негізгі басқарушы персоналға берілген сыйақы жиыны** | **842.434** | 585.794 |

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде негізгі басқарушы персонал ешқандай ақшалай емес сыйақы алған жоқ.

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *Жылдық орташа пайыздық мөлшерлеме, %* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* | *Жылдық орташа пайыздық мөлшерлеме, %* |
|---|---|---|---|---|
| **Қаржы жағдайы туралы есеп** | | | | |
| ***Активтер*** | | | | |
| Клиенттерге берілген кредиттер | **41.436** | **20,88** | 32.658 | 19,36 |

Компанияның қатысушыларын қоса алғанда, негізгі басқарушы персонал мүшелерімен операциялар бойынша пайданың немесе залалдың құрамына енгізілген сомалар былайша ұсынылуы мүмкін:

| | *2023 жыл* | *2022 жыл* |
|---|---|---|
| **Жиынтық кіріс туралы есеп** | | |
| Пайыздық кірістер | **13.718** | 2.810 |

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

### 27. Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелердегі өзгерістер

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі қаржылық қызметке қатысты міндеттемелер мен ақша ағындарының өзгерістерін салыстырып тексеру былайша берілген:

| | *2023 жылғы 1 қаңтар* | *Қаражаттың таза түсуі* | *Бағам айырмасы* | *Өзге* | *2023 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|---|---|---|
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | **163.736.457** | **25.226.114** | **(1.176.939)** | **2.220.672** | **190.006.304** |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | **10.389.636** | **10.000.000** | **–** | **1.860.650** | **22.250.286** |
| **Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелер жиыны** | **174.126.093** | **35.226.114** | **(1.176.939)** | **4.081.322** | **212.256.590** |

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі қаржылық қызметке қатысты міндеттемелер мен ақша ағындарының өзгерістерін салыстырып тексеру былайша берілген:

| | *2022 жылғы 1 қаңтар* | *Қаражаттың таза түсуі* | *Бағам айырмасы* | *Өзге* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|---|---|---|
| Кредиттік ұйымдардың қаражаты | 123.898.949 | 37.341.594 | 1.716.116 | 779.798 | 163.736.457 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 10.370.322 | (1.300.000) | – | 1.319.314 | 10.389.636 |
| **Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелер жиыны** | 134.269.271 | 36.041.594 | 1.716.116 | 2.099.112 | 174.126.093 |

«Басқа» бабы кредиттік ұйымдардың қаражаты бойынша есептелген, бірақ әлі төленбеген пайыздардың әсерін қамтиды. Компания төленген пайыздарды операциялық қызметтен түскен ақша ағындары ретінде жіктейді.

### 28. Капиталдың жеткіліктілігі

«*Микроқаржы ұйымдары туралы*» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы заңына сәйкес Компания 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 3.450 теңгеге тең (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 3.063 теңге) 30.000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен («АЕК») кем емес мөлшерде капитал төлеуге тиіс болды.

Бұдан басқа, белгілі бір шетелдік қаржы ұйымдарымен жасалған кредиттік келісімдердің талаптарына сәйкес Компания капиталдың жалпы активтерге арақатынасын кемінде 15% деңгейінде ұстап тұруға тиіс.

Компания өзінің қызметіне тән тәуекелдерден қорғау мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқарады. Компания капиталының жеткіліктілігі басқа әдістермен қатар, Компания қызметін қадағалауды жүзеге асыру кезінде ҚРҰБ белгілеген коэффициенттерді пайдалана отырып бақыланады.

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания капиталға қатысты заңнамада белгіленген барлық сыртқы талаптарды сақтады.

Компания үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты Компанияның капиталға қатысты сыртқы талаптарды сақтауын қамтамасыз ету және жоғары кредиттік рейтинг пен қызметті жүзеге асыру және акционерлер үшін пайданы барынша арттыру үшін қажетті капиталдың жеткіліктілік нормативтерін қолдау болып табылады.

Компания өз капиталының құрылымын басқарады және оны экономикалық жағдайлардағы өзгерістер мен жүзеге асырылатын қызмет түрлерінің тәуекел сипаттамалары аясында түзетеді.

«KMF (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2023 жылғы қаржылық есептілікке ескертпе

*(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)*

### 28. Капиталдың жеткіліктілігі (жалғасы)

ҚРҰБ микроқаржы ұйымдарынан активтердің кемінде 10% мөлшерінде 1 деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициентін ұстауды талап етеді. 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанында ҚРҰБ әдіснамасы бойынша Компания капиталының жеткіліктілік коэффициенті белгіленген минимумнан асып түсті.

2023 жылғы шілдеден бастап ҚР ҰБ пруденциалдық нормативтерді есептеу әдістемесіне өзгерістер енгізді, атап айтқанда, капиталдың жеткіліктілік коэффициенті капиталдың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтерге қатынасы ретінде есептеледі.

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанында ҚРҰБ талаптарына сәйкес есептелген Компания капиталының жеткіліктілік коэффициенті былайша берілген:

| | *2023 жылғы 31 желтоқсан* | *2022 жылғы 31 желтоқсан* |
|---|---|---|
| 1-деңгей капиталы | **52.240.292** | 52.320.487 |
| Резервтерді шегергендегі кепілсіз тұтынушылық микрокредиттерді қоса алғанда, микроқаржы ұйымының жиынтық активтері | – | 246.610.521 |
| Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер | **249.245.142** | – |
| 1-деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің нормативі | **21%** | 21% |

# ГЛОССАРИЙ

**«KMF (ҚМФ)» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС, KMF, Компания** – «KMF (ҚМФ)» Микроқаржылық ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ADB** (ағыл. Asian Development Bank) – Азия даму банкі

**BIA** (ағыл. Business Impact Analysis) – бизнеске әсерін талдау

**CIA** (ағыл. Certified Internal Auditor) – Сертификатталған ішкі аудитор (халықаралық біліктілік)

**CRMA** (ағыл. Certification in Risk Management Assurance) – тәуекел-менеджментті бағалау бойынша сертификаттау (халықаралық біліктілік)

**EBRD** (ағыл. European Bank for Reconstruction and Development), ЕҚДБ – Еуропа қайта құру және даму банкі

**HR** (ағыл. Human Resources) – адами ресурстарды басқару

**EIB** (ағыл. European Investment Bank) – Еуропалық инвестициялық банк

**IFC** (ағыл. International Finance Corporation) – Халықаралық қаржы корпорациясы

**KASE** (ағыл. Kazakhstan Stock Exchange) – Қазақстан қор биржасы

**KPI** (ағыл. Key Performance Indicators) – тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

**NPL** (ағыл. Non-Performing Loans) – қызмет көрсетілмейтін қарыздар

**NPL 90+ – төлем мерзімі** 90 күннен **асқан қызмет көрсетілмейтін қарыздар**

**OeEB** (нем. Oesterreichische Entwicklungsbank) – Австрия Даму Банкі

**POS** (ағыл. Point of sale) – сатып алу орны

**ROA** (ағыл. Return on Assets) – активтер рентабельділігі

**ROE** (ағыл. Return on Equity) – капитал рентабельділігі

**SIFEM** (ағыл. Swiss Investment Fund for Emerging Markets) – Швейцарияның дамушы нарықтар инвестициялық қоры

**USAID** (ағыл. United States Agency for International Development) – Америка Құрама Штаттарының халықаралық даму агенттігі

**«Даму» КДҚ» АҚ** – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы

**АШҚО** – автоматтандырылған шешім қабылдау орталығы

**ЕҚжәнеЕҚ** – еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

**ҚР СЖРА ҚСБ** – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

**ЖІӨ** – жалпы ішкі өнім

**Гкал** – гигакалория ($10^9$ калорий калорияға тең жылу энергиясының бірлігі)

**ТБД** – Тәуекелдерді басқару департаменті

**ЖК** – жеке кәсіпкер

**ФКИ** – физикалық көлем индексі

**кВт*ч** – киловатт*сағ (электр энергиясын тұтыну бірлігі)

**КТС** – корпоративтік табыс салығы

**ҚКҚ** – Қазақстанның кредиттеу қоры

**ҚҚКҚ** – Қазақстанның қауымдарды кредиттеу қоры

**ШОБ** – шағын және орта бизнес

**КПХН** – ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздері

**МҚҰ** – микроқаржы ұйымы

**ҚР ҰБ** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**БҰҰ** – Біріккен Ұлттар Ұйымы

**АЖ/ТҚК** – Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл

**п.т.** – пайыздық тармақ

**ТБЖ** – тәуекелдерді басқару жүйесі

**АҚШ** – Америка Құрама Штаттары

**SMS** (ағыл. Short Message Service, SMS) – қысқа мәтіндік хабарлама

**ЖШС** – жауапкершілігі шектеулі серіктестік

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**Елена Скуфаляриди**
Қазынашылық менеджері
Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, 50
Тел.: +7 (727) 331-74-74 (156)
elena.skufa@kmf.kz

**Владимир Ким**
Қаржы құралдарымен жұмыс істеу бөлімінің менеджері
Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, 50
Тел.: +7 (727) 331-74-74 (303)
vladimir.kim@kmf.kz